**Академик Е.А.Бөкетов атындағы**
**Қарағанды университеті**

**Карманова Ж.А., Абылайхан С.М.**

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

монография

Buketov university

**Алматы**
**2024**

УДК – 373.2
ББК 74.100
К18

*Пікір жазғындар:*
***Абильдина С.Қ.*** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ
***Бузаубакова К.Д***. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

К18 **Карманова Ж.А., Абылайхан С.М. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. - Монография. - Алматы: "LP-Zhasulan"ЖК, 2024.- 152 бет.**

**ISBN 978-601-362-250-7**

Монографияда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың теориясы мен практикасы ғылыми зерттеулерге мазмұндық талдау арқылы жазылған. Ғылыми басылымда мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздері қарапайымдылық, қанағатшылдық, үнемшілдік, ұқыптылық сияқты белгілерімен, тұлғалық - мотивациялық, мазмұнды, мінез-құлықтық, рефлексивтік компоненттеріне жүргізілген зерттеулермен, ғылыми анықтамалар ұсынылды. Қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті *(Грант AP14870561)*.

Buketov university

УДК – 373.2
ББК 74.100

**ISBN 978-601-362-250-7**

© Карманова Ж.А.,
Абылайхан С.М., 2024
©"LP-Zhasulan"ЖК, 2024

# АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі кезеңнің, мемлекеттің даму дәуірінің ажырамас бөлігі жаңғыру болып табылады. Әлемдік интеграциялық үдерістерге деген ұмтылыс қазақстандық қоғамды сипаттайды, соның салдарынан жаңғыру мемлекет дамуының негізгі үдерістерінің біріне айналды.

Қазақстан қоғамын стратегиялық дамыту мақсатында Мемлекет Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» [1], «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» [2], «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» [3], «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» [4], «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» [5], «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» [6] атты жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында Қоғамдық сананы жаңғыртудың басымдықтары ретінде мынадай бағыттарды бөліп көрсетеді: «Адами капитал – қоғамдық сананы жаңғырту негізі», «Өмір сапасын жоғарылату», «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі».

Жаңғыру үдерісінде білім беру жетекші орынға ие екенін атап өту қажет. Тек сонда ғана қоғам табысты дамып, өз азаматтары үшін сапалы және қазіргі заманғы білім алуға лайықты жағдай жасай алатын әлемнің жетекші елдерінің қатарына үйлесімді түрде ене алатыны белгілі. Әлемдік үлгіге сәйкес білім беру секторының өзгеруі бүгінде Қоғамдық сананы жаңғырту жолына енудің маңызды шарттарының біріне айналуда.

Бүгінгі күні 2020 - 2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының талаптарына сәйкес [7], білім беру саласында мемлекеттің қазіргі саясатының негізі мәселелері қарастырылып, «жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» сұрақтарын түбегейлі қайта қарастыру қажеттігі артып келеді.

Осыған орай, білім берудің, педагогтердің алдында - гуманистік әлемнің құндылықтар жүйесінде өз орнын тапқан, ынтымақтастық, өзара түсіністік, қарапайымдылық, қанағатшыл, үнемшілік, ұқыптылық негізінде қарым-қатынас орнатуға қабілетті тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр. Тұлғаны қалыптастыру үдерісіне әдіснамалық тұғырларды, принциптерді, ғылыми-дәлелденген технологиялар мен әдістемелерді қолдана отырып, ғылыми тұрғыдан келу қажет. Бұл үдерісті мектепке дейінгі жастан бастаған жөн, өйткені, оның адамгершілік мінез-құлқында прагматизм негіздерін дамыту үшін сезімталдықтың барлық спектрі бар.

Жалпы, адамгершілік мәдениет феномені философиялық, мәдени, психологиялық, педагогикалық және басқа ғылымдарда белсенді түрде зерттелуде.

Мәдениет, адамгершілік мәдениет мәселелерінің пайда болуы, мәні, мазмұны жайында біздің зерттеуіміз үшін еңбектері құнды болып табылған философтар И. Кант, Н.К. Рерих, Г.В.Ф. Гегель, Дж. Локк, К.А. Гельвеций,

Buketov university

В.С. Библер, Ф.А.В. Дистервег және басқалар. Біздің зерттеуімізде оның ішінде адамгершілік мәдениет негіздері үшін білім беру философиясы аясында ғалымдардың М.С.Каган, В.С.Степин, Т.Г.Гусейнов, Б.Н.Попов, В.И. Бакштановский, Д.Н. Нурманбетова, К.М. Арынгазин және басқалардың ғылыми жетістіктері өзекті болды, педагогикалық ықпал ету үдерісінде тұлғаны қайта түрлендірудің жалпы мәселелерін кеңінен қарастырған.

Адамгершілік мәдениеттің мәдениеттану аспектілеріне арналған еңбектерді Т.Х.Ғабитов, Ж.Мүтәлипов, А. Құлсариева, В.С.Безрукова, В.И.Максакова, А.С. Франц, А.Қойшыбайқызы, Н.Б.Жиенбаева, А.С.Султан сияқты ғалымдардан көруге болады.

Адамгершілік мәдениеттің теориялық және практикалық мәселелерін психологтар да зерттеген, олардың құндылығы біз үшін тұлға әдіснамасы тұрғысынан анықталды. Бұл Л.С.Выготский, Б.Г.Ананьев, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, В.С.Мухина, Ф. Райс, Л.Ф.Обухова, А.С.Галанов, В.П.Зинченко, Е.Б.Моргунов, И.Ф. Гербард, сонымен қатар А.Г. Маслоу, К.Р.Роджерс және т.б. еңбектері.

Жалпы педагогикалық ой мен тәрбие практикасында мәдениеттің көрінісі мәселелерін зерттеген Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, Ж.Ж.Пиаже, К.Д. Ушинский, В.А. Сухомлинский, А.С.Макаренко, Б.Т.Лихачев, И.А.Сикорский, П.Ф. Каптерев, С.Т.Шацкий, Ф.Н.Жұмабекованың адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда педагогикалық тәжірибелері бағалы болды. Сонымен бірге, А. Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев және басқа да отандық ойшылдардың еңбектері үлкен маңызға ие болды.

Ғылыми еңбектерді талдай отырып, мораль, адамгершілік мәдениет және оның қалыптасу аспектілеріне психологиялық-педагогикалық зерттеулер шеңберінде көңіл бөлген алыс шетел ғалымдарының басылымдары: J.F. Alomari, M.I.S. Abu Jerban, A. Al-Awamleh, T. Krettenauer, H. Haste, S. Abrahams, S.E. Oladipo, J.M. Vestøl, Nobumichi Iwasa, D. Lapsley, R. Woodbury, B. Engelen, A. Thomas, A.A. Archer, N. van de Ven, L. Kohiberg. Қоғамдық сананы жаңғырту, білім беруді жаңғырту мәселелері А. Тавадян, Н. Жұмалиева, С. Досанов, А.Т. Адиятова, Н.С. Сұлтангереева, Р.К. Керимбаева, Г.С. Майлыбаева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды.

Жоғарыда аталған еңбектердің теориялық және практикалық тұрғыдан маңыздылығы сөзсіз, алайда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру мәселесі теориялық түсіну және тәжірибелік зерттеу тұрғысынан зерттелмеген болып қала береді. Осыған байланысты, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау, педагогикалық жүйесі мен технологиясын өңдеу, анықтау және сынақтан өткізу қажеттілігі туындайды.

Дегенмен, қоғам қажеттілігі мен қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілері жайында біліп қана қоймай, сонымен қатар олардың пайда болуы үшін негізгі дағды мен іскерліктерді игерген мектеп жасына дейінгі бала тұлғасы мен білімін зерттеу қажет. Жалпы оны мектепке

Buketov University

дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу - білім беру үдерісінде қалыптастырудың өңделмеген педагогикалық жүйесі мен технологиясының теориялық және әдістемелік тұрғысынан негізделмеуінің жеткіліксіздігі арасында *қарама - қайшылық* туындап отыр.

Аталған қарама-қайшылықтарды шешудің ғылыми негізделген және тиімді жолдарын анықтау үшін ұсынылып отырған, ғылыми еңбек осы проблеманың шешімін табуды көздейді.

Buketov university

# 1 ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру факторы ретінде

Қазіргі заманның, мемлекеттің даму дәуірінің елеулі сипаты - жаңғыру болып табылады. Әлемдік интеграциялық үдерістерге деген ұмтылыс қазақстан қоғамын сипаттайды, соның салдарынан жаңғыру ел дамуының негізгі үдерістерінің біріне айналды.

Грек тілінен «*модернизация*» - moderne ең жаңа деген мағынаны білдіреді. «Модернизация» терминінің түрлі түсіндірмелерін талдау оның ең көп кездесетін бөлігіне, атап айтқанда, нысанды талаптарға, нормаларға, шарттарға, сапалық көрсеткіштерге сәйкес жаңарту, жетілдіру. Әрине, бүгінгі күнге дейін бұл - жабдықты, өндірістік үдерісті жаңарту, жаңғырту туралы болды [8]. Бүгінгі таңда қоғамдық сананы жаңғырту үдерісі көптеген мемлекеттер үшін өзекті болып табылады.

*Сана* – философиялық тұрғыдан алғанда, адам миының объективті шындықты сезімдік немесе логикалық бейнелерде мақсатты, жалпылама және бағалау арқылы бейнелеу қабілеті [9], ал *қоғамдық сана* – жалпы сананың бір түрі екенін ескерсек жеке санамен өзара байланысты және қоғамдық болмысты бейнелейтін идеялардың, теориялардың, көзқарастардың, пайымдаулардың, тұжырымдар мен түсініктердің жиынтығы [10] – жаңғыру жеке сананы қоғамдық сананы жаңғырту призмасы арқылы қозғалуы керек.

2017 жылдың басында Н.Ә. Назарбаев біздің еліміз бен қоғамымыздың дамуы үшін қажетті үш үдерісінің жаңғыруына жол ашты. Бұл – конституциялық (саяси), экономикалық жаңғыру және рухани жаңғыру.

Біздің қоғамдағы алғашқы жаңғыру XX ғасырдың 90-шы жылдарының басындағы кезеңді қамтиды. Бұл тәуелсіз, жеке мемлекет құру жылдары, тоталитарлық мемлекеттік экономикадан либералды, нарықтық экономикаға көшу жылдары. Мемлекет жаңғырып, орнығып, әлемдік аренада басқа беделді елдерге таныла бастады.

XXI ғасырдың басы Қазақстан үшін - екінші жаңғыру кезеңі. Оның ерекшеліктері қандай? Қазақстан әлемнің кедей елдерінің арасынан орташа дамыған елдердің қатарына кіргенін, Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгенін сипаттайды. Әлем бізді аяғымыздан тұрған мемлекет деп таныды [11].

Үшінші жаңғырудың мақсаты – әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену; күшті және жауапты адамдардан тұратын біртұтас ұлтты қалыптастыруға

Buketov university

бағытталған. Оның негізгі нәтижесі – халықтың өз болашағына жауапкершілігін, жеке бәсекелестік қабілеті мен прагматизмін арттыру, сонымен қатар ұлттық мәдениетті насихаттау және экстремистік идеологияның таралуына жол бермеу [12].

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды [13].

Қоғамдық сананы жаңғырту ұлттық сананың сан алуан артықшылықтарын біріктіріп, ұштастыру үшін аса қажет. Бұл – адами құндылықтар, бұл – рухани қазына, ол жастарды тәрбиелеуде, олардың бойына отансүйгіштік пен адамгершілік мәдениетті тәрбиелеуде рухани салаға басымдық беру қажеттілігін алға қояды. Бұл ұлттың салт-дәстүрін, мемлекеттік тілі мен әдебиетін, мәдениетін, ұлттық рухын жаңғырту деген сөз [14].

Жаңа өзгерістерді қабылдайтын заманауи ұрпақ қандай болуы керек?

Жалпы қоғамның, Қазақстанның әрбір жеке тұлғасының Қоғамдық сананы жаңғырту аясында Н.Ә. Назарбаев болашақ ұрпақ пен жастарды тәрбиелеудің практикалық бағытының векторын белгілеп, алты аспектіні атап көрсетеді:

– бәсекеге қабілеттілік «... Ұлт табысының факторы қазба байлықтардың болуы емес, адамның бәсекеге қабілеттілігі болып табылады»;

– прагматизм «... Прагматизм ысырапшылдық пен астамшылдыққа, даңғойлық атаулы мен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Бүгінде қоғамда шынайы мәдениет – ұқыптылық мәдениеті, қанағатшылдық пен қарапайымдылық мәдениеті, үнемшілдік пен орынды пайдалану мәдениеті»;

– ұлттық бірегейлікті сақтау «... Ұлттық мәдениетті сақтамай ешбір жаңғыру болмайды... Алға жылжу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің элементтерінен бас тарту керек»;

– білімнің салтанат құруы «... Әрбір қазақстандық білім – болашақ табыстың ең іргелі факторы екенін түсінуі керек. Жастардың басымдықтары жүйесінде білім бірінші орында тұруы керек. Құндылықтар жүйесінде білім басты құндылыққа айналса, ұлт табысты болады»;

– Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы «... дүниеде болып жатқан жайттарды байыпты түрде қайта қарау – орасан зор дүниетанымның, бүкіл қоғам, саяси партиялар мен қозғалыстар, білім беру жүйесі жүргізетін идеологиялық жұмыстың бір бөлігі»;

– сананың ашықтығы «... Ең үздік жетістіктерге ашықтық пен сезімталдық... – ... табысқа жету кілті және ашық ой көрсеткіштерінің бірі» [15].

«Қоғамдық сананы жаңғырту», «Рухани жаңғыру» феномендерін қарастырғанда жиі кездесетін мәселелер, жаңғыруды алдымен адамның ішкі дүниесіне қатысты, адам санасының, сенімінің, білім сапасы мен өмір сүру салтының, жаңа өзгерістерді қабылдау іскерліктерінің көрсеткіші. Ал жастардың рухани байлығын, ең алдымен, олардың білімділігі, ана тілін білуі, мәдениет деңгейі, дүниетанымы, адамгершілігі, өнегелі болуы деуге болады [16]. Олай

Buketov university

болса, астамшылдық, ысырапшылдық, даңғойлық, кердеңдік, ұқыпсыздық сияқты өзіне және қоғамға кераған қасиеттер қазіргі өскелең ұрпақтың тұлғалық қасиеттері болмауы тиіс.

Жаңғыру үдерісінде білім беру жетекші орынға ие екенін атап өткен жөн. Сонда ғана, қоғам ойдағыдай дамып, өз азаматтарының сапалы әрі заманауи білім алуына лайықты жағдай жасай алатын әлемнің бірқатар алдыңғы қатарлы елдеріне үйлесімді түрде ене алатыны белгілі. Білім саласын жаһандық үлгіге сай өзгерту бүгінгі күні Қоғамдық сананы жаңғырту жолына түсудің маңызды шарттарының біріне айналып отыр. Біріншіден, бұл компьютерлендірумен, екіншіден, білім беруді ізгілендірумен байланысты. Біріншісі техникамен байланысты болса, екіншісі адамгершілік мәдениетті, терең ойлы, жан-жақты білімді, тазалық пен мейірімділікті қалыптастыруды талап етеді.

Профессор А. Тавадян: «Рухани жаңғыру – құндылық пен мәдени жадының бірегейлігі... қоғамдық сананы жаңғырту гуманитарлық білім беруді жаңару және қоғамның жаңа талаптарды қабылдауы арқылы жүзеге асырылады» [17], деді. Жаңғырудың негізгі талаптары бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, білімнің жоғары құндылықтары, білім және сананың ашықтығы. Осыған орай білім берудің, педагогтердің міндеттері - гуманистік дүниенің құндылықтар жүйесінде өз орнын тапқан, ынтымақтастық, өзара түсіністік, қарапайымдылық, қанағатшылық, үнемшілдік, ұқыптылық негізінде қарым-қатынас құруға қабілетті, адамгершілігі мен мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеу [16, 102б.].

Бұл үдеріске, мұндай тұлғаны қалыптастыру үдерісіне әдіснамалық тұғырларды, принциптерді, ғылыми негізделген технологиялар мен әдістерді пайдалана отырып, ғылыми тұрғыдан қарау керек. Осы орайда біз қоғамдық сананы жаңғырту мәселесі тәрбиелік сипаттағы түрлі мәдени іс-шаралармен шешілмейтінін, бұл мәселе ғылыми негіздеу, теориялық талдау және механизмдерін көрсету кезінде ғана шешілетінін толық байқадық.

Алайда, мәселені одан әрі зерттеу «мәдениет», «адамгершілік», «адамгершілік мәдениет» сияқты категорияларды талдауды қажет етеді.

«*Мәдениет*» термині (cultura латын сөзінен – өсіру, тәрбиелеу, білім беру, дамыту, қастерлеу) «адамдардың өмірі мен қызметін ұйымдастырудың түрлері мен формаларында, олардың қарым-қатынасында, сондай-ақ материалдық және рухани құндылықтарда көрінетін қоғамның, адамның шығармашылық күштері мен қабілеттерінің дамуының тарихи белгілі бір деңгейі [18]. Бірақ антика дәуірінде «мәдениет» түсінігі ақиқат, ізгілік пен сұлулықтың бөлінбейтін бірлігін мойындауды қамтыды. Осы мәңгілік үштік бізге заманауи ғылымды, адамгершілікті және бай өнерді дүниеге әкелді және жеткізді. Сонымен бірге, ақыл-ой мәдениетін түсінуде XVIII ғасырдың аяғына дейін ғылымға ерекше көңіл бөлу байқалды. Неміс философы И. Кант «мәдениет» категориясының адамгершілік түсінігіне басымдық бере отырып, объективті үштікті – ақиқатты, ізгілік пен сұлулықты мойындады. Оның ойынша: «... екі нәрсе әрқашан жанды жаңалықпен таң қалдырады - бұл менің төбемде тұрған жұлдызды аспан және мендегі, яғни ішкі жан дүниемдегі адамгершілік заң» [19].

Ұлы ойшыл Н.К. Рерих «мәдениет» категориясын екі негіздің қосындысы

Buketov university

ретінде түсіндірді: табыну - сыйлау және ет - жарық. Ол мынаған сенімді болды (және біз онымен толықтай келісеміз) «... жарық пайда болғанда ғана қараңғылық жойылады. Демек, мәдениеттің негізгі сипаттамасы - адам өмірі мен қызметінің барлық салаларында, соның ішінде білім беру жүйесінде жарықты қосу ... Мәдениет – саналы білім, рухани нәзіктік және сенімділік» [20].

«Мәдениет» категориясының заманауи түсіндірмелеріне жүгінетін болсақ, онда философиялық энциклопедиялық сөздікке сәйкес, «мәдениет» қоғам пайдаланатын материалдық және рухани дамудың жиынтығы, қоғамның мәдени дәстүрлерді одан әрі дамыту үшін атқаратын қызметі [21].

Т.Х.Ғабитов, Ж.М.Мүтәліпов, А.Т.Құлсариева өз еңбектерінде мәдениетті былайша талқылаған:

– белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы;

– тарихи кеңістіктегі адамзат қауымының қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, критмикен мәдениеті, қазақ мәдениеті және т.б.);

– адам әркетінің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқықтық мәдениет, адамгершілік мәдениеті және т.б.) жетілдірілу деңгейі;

– агромәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет және т.б.) [22].

Педагогикалық энциклопедияда «мәдениет» адам қызметі мен өмірін ұйымдастыру формасы мен типтерінде, адамдардың өзара қарым-қатынастарында, сонымен қатар олар құрған рухани және материалдық құндылықтарда көрінетін адамның қабілеті мен шығармашылық күші, қоғам дамуының тарихи анықталған деңгейі. Мәдениеттің өзегі жалпыадамзаттық құндылықтар мен мақсаттары, осыдан мәдениет әр адамда жеке қабылданады, игеріледі, байқалады, адамгершілік және эстетикалық дамудан, көзқарастардан, қарым-қатынас формалары мен тәсілдерінен тұрады [23].

Әлеуметтік педагогика туралы сөздігінде адам мәдениеті күнделікті өмірде адамның тұлғалық даму деңгейі, оның әлеуметтік ортада, халықтың өмірінде, олардың санасында, іс-әрекетінде, мінез-құлқында, қарым-қатынасында көрінетін әлеуметтік тәжірибені меңгеруі және оның санасы, әрекеті, мінез-құлқы, өзара әрекеттестігі арқылы күнделікті өмірінде байқалуы [24]. Халықтың мәдениеті - адамдардың үлкен тобына ортақ және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ұғымдар, көзқарастар, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер мен мінез-құлық ерекшеліктері [24, 137б.]. Мәдениеттің барлық салаларында: материалдық, әлеуметтік-саяси, рухани, адамгершілік, бұқаралық, құқықтық, эстетикалық, кәсіби, экологиялық, адамның мәдениеттілігін көруге болады.

Мәдениетті феномен ретінде зерттей отырып, В.И. Журавлев оның қызмет етуінің жалпы принциптерін атап көрсетеді:

– мәдениеттің пайда болуының, дамуының және қызмет етуінің негізі ретінде мазмұндық және тәжірибелік қызмет принципі;

– қоғамның материалдық және рухани саласында, мәдениеттің пәндік-әрекеттік, технологиялық, категориялық, таңбалық-белгілік түрлерін анықтау;

Buketov university

– мәдениетті әлеует ретінде және адам мен адамзаттың өзін-өзі тәрбиелеу қабілетін, оның күнделікті күш-жігері мен шығармашылық мүмкіндіктерін түсіну;

– мәдениет белгілі бір тарихи дәуірдің, қоғамның, халықтың және ұлттың материалдық және рухани даму деңгейін сипаттау үшін қолданылады. Сонымен қатар, мәдениет, жеке тұлғаның мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүру ортасымен қарым-қатынасы болып табылады. Ол әртүрлі қоғамдық құрылымдардың, топтардың, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талаптарына сәйкес қалыптасады [25].

В.С.Степин мәдениет пен оның әлеуметтік мазмұны арасындағы тығыз байланысты көреді. Оның ойынша, мәдениет - қоғамдық өмірдің жаңалығы. Қоғамның жаңа түрін құру үшін жаңа мәдени матрица құру қажет, яғни адамның әрекетін қалпына келтіретін мәдениет түрін анықтау [26].

«Мәдениетті» әлеуметтік құбылыс ретінде қорыта отырып, біз В.С.Безрукованың мәдениет – бұл жеке тұлғаның әрекеттегі рухани әлеуеті деген пікірімен келісеміз. Тұлғаның мәдениеттілігін ішкі және сыртқы мәдениеттің бірлігінен көруге болады. Ішкі мәдениет - бұл адамның рухани байлығы, оның дүниетанымы мен өмірлік мұраттары, принциптері, мақсаттылығы болса, сыртқы мәдениет - оларды күнделікті іс-әрекет барысында жүзеге асыру формалары, сыртқы келбеті, қарым-қатынас мәдениеті, мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі белгілі бір іскерліктер, дағдылар мен тұғырлар [27].

«Мәдениеттің» заманауи зерттеулері оның тұжырымдамаларына арналған зерттеулермен де сипатталады. В.И. Максакова ұсынған мәдениеттің тұжырымдамаларын төмендегі 1-сурет көруге болады.

Ғалымның пікірінше, «... аксиологиялық тұжырымдама адамның рухани болмысын көрсететін құбылыс, ол адамзаттың рухани құндылықтары мен адамгершілік нормаларының көрінісі».

Іс-әрекеттік тұжырымдама – адам іс-әрекетінің әдістерінің жиынтығы, сонымен қатар белгілі бір қызмет саласын игерудің жоғары деңгейі.

Тұлғалық тұжырымдама – мәдениетті әлеуметтік кеңістік және жеке адамның уақыт бойынша қозғалыс тәсілі ретінде көрсетеді; адамның әлеуметтену үдерісі үшін, табиғатқа, қоғамға қатынасын, олардың физикалық және рухани қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін маңызды қасиеттер мен белгілер жүйесі ретінде» [28].

Біздің зерттеуіміз үшін таңдалған ұғымдармен қатар оны тәрбие феномені ретінде түсіну де өзекті болып табылады, осыған орай М.С.Каганның мәдениетті, адами құндылықтарды тасымалдаушы халық деп пайымдауы.

Мәдениет құндылықтары дайын күйінде берілмейді. Олар қоғамнан жеке тұлғаға, ұрпақтан ұрпаққа сақталып, беріледі және бұл тәрбие арқылы жүзеге асырылады, оның мәнін құрайды [29]. Бұл аспектіде В.С.Безрукованың ойынша педагогтің қызметі өзектеледі. Ол мәдениет – адамды әлеуметтендірудің, оны тұтас қоғамға таныстырудың құралы, педагогикалық және оқыту-тәрбиелеу қызметімен тығыз байланысты деп есептейді.

Buketov university




Сурет 1 – Мәдениеттің тұжырымдамалары

Осыдан педагог қызметі - мәдениетті өткен ұрпақтың тәжірибесі ретінде келешекке, жаңа ұрпаққа жеткізе білу. Педагог – халықтың өткені мен болашағының арасындағы мәдениет арқылы делдал болып табылады [27, б.56-90]:

«Адамгершілік мәдениет» түсінігін логикалық тұрғыда талдау «адамгершілік» түсінігін қарастыруды ұсынады.

«Адамгершілік» – латын тіліндегі «мораль» (mosmoris) – қарапайым, ақ пейіл және грек тіліндегі «этика» (ethos) – қарапайым, ақ пейіл, мінез сөздерінің синонимі ретінде орыс тілінде туындаған сөз [30].

Философиялық энциклопедиялық сөздікке сәйкес, «адамгершілік, мораль» – бұл қоғамда адам әрекетін нормативтік реттеудің негізгі тәсілдерінің бірі; қоғамдық сананың ерекше формасы және қоғамдық қатынастардың (моральдық қатынастардың) бір түрі [21, 387б.].

В.И. Дальдің ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «адамгершілік» ұғымы «ар-ұждан, шындық заңдары, адамның қадір-қасиеті, азаматтың адал және таза жүрегі, мейірімділігі, ақжүректілігі» ретінде қарастырылған [31].

С.И. Ожеговтың орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «адамгершілік» – қоғамда адамға қажетті рухани қасиеттер этикалық нормалар, мінез-құлық ережелері. Мінсіз адамгершілік адамы» [32].

Этика бойынша сөздікте «адамгершілікке» келесі түсініктеме беріледі – бұл «тәжірибелік қызмет аумағы, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар ... қоғамдық және жалпыадамзаттық талаптардың ішкі мотивтермен сәйкес келуі, тұлғаның адамгершілік еркіндігі» [33].

А.П. Евгеньеваның жариялаған орыс тілі сөздігінде зерттеу нысаны мораль, адамгершілік қоғамдық сананың және қоғамдық қатынастардың бір түрі болып табылатын философиялық ғылым [34].

Buketov university

С.А. Кузнецовтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздікте «адамгершілік» - ол адамдарға және табиғатқа деген адамның ішкі (рухани, жан дүниесі) қасиеттері және оның белгілері: мейірімділік, әділдік, борыш, ар-намысқа негізделген [35].

Адамгершілікті түсінуге арналған іргелі тұғырлар И. Канттың, Г.В.Ф. Гегельдің, Дж.Локктың, К.А.Гельвецийдің ойларымен ерекшеленеді. И.Канттың пікірінше, адамгершілік немесе жақсылық - бұл субъективті ережелер негізінде құрылған адамның әрекеті, жалпы формула бойынша тұжырымдалуы мүмкін: «... жеке қызмет қоғамдағы барлық адамзат үшін мотив, заң бола алады» [36]. Г.В.Ф.Гегель адамгершілікті әдет пен дағды ретінде бағалап, соның негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады. Ол адамгершілік философиясын жүйелі түрде зерттей отырып, адамның дамуына ықпал ететін механизмдерді қарастырды, адамгершілікті - адамның мінез-құлқын реттейтін нормалардың жиынтығы екенін көрсетті [37]. Ағылшын философы және педагогі Дж. Локк тәрбиенің ең басты мақсаты – «өз ісін ақылмен және жан-жақты жүргізе алатын» адамды тәрбиелеу. Өз кезегінде бұндай адам белсенді, іскер, ұшқыр ойлы, білімді болып келуі қажет деп есептеген [38]. Француз материалисті К.А. Гельвеций тәрбие негізіне «біртұтас мақсаттың» қажеттігін көрсетті. «Тәрбие мақсаты – тәрбиеленушілердің жүрегін рухани-адамгершілікке, ақылдарын шындыққа толтырып, нәтижесінде сезімтал, дұрыс ойлай алатын азаматтар тәрбиелеп, өз ойларын қоғамның мүддесімен үндестіре алатын патриоттар шығару» [39].

Адамгершілік, адамгершілік тәрбиесі мәселелері қазақ философиялық-педагогикалық ой-пікірлерінің өкілдері үшін қашанда басымдыққа ие болды. Демек, ұлы Әл-Фараби « ... адамдардың бәрі тату-тәтті өмір сүрсе, жер беті бақытқа толы болады – бұл адамгершіліктің ең биік сатысы – татулық, яғни өзара түсіністік, өзара сыйластық» - деп жазды. Әл-Фараби руханиятты дамытуда ерік-жігер мен батылдықты дамыту керек және бұл білім беруде бірінші орын алуы қажет деп санады [40].

Бүгінгі күнге дейін өзінің тәрбиелік мәнін жоймаған XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген Асан Қайғы, Шалкиіз Тіленшіұлы, Ақтамберді Сарыұлы, Бұхар Жырау, Үмбетей Тілеуұлы, Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы), Міржақып Дулатов жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселелері бойынша құнды дүниелер қалдырған ұлы ғұламалар болып табылады.

Тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, адамның қоғамдағы орны және оның тәрбиесі жайында мәселелерге қазақ халқының ұлы ойшылдары мен ағартушылары А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсариннің, Ш. Құдайбердиевтің еңбектері арналған. Абайдың негізгі ұраны «адамгершілігі мол адам – қоғамдағы нағыз пайдалы адам». Ол философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан адам болу – азамат болу дегенді дәлелдеуге ұмтылды. Сонымен қатар, Абайдың көтерген мәселелері – рухани-адамгершілік, ынтымақтастық, татулық, әділдік, еңбексүйгіштік, адалдық, талапшылық және т.б. Ойшыл өз шығармаларында тұлға бойындағы рақымшылық, қанағат, төзімділік, қарапайымдылық, ұқыптылық, жауапкершілік секілді қасиеттердің

Buketov university

қалыптасуына көңіл бөлген. Бұл мәселелерді ол жеке, жалаң түрде алмай, мақалдарды талдау арқылы зұлымдық, сұрқиялық, екіжүзділік, барымташылдық, надандық, даңғойлық, кердеңдік, менмендік, ысырапшылдық, ұқыпсыздық тәрізді мінез-құлықтарға қарсы қоя отырып қарастырады. Ақын шығармаларының негізі – адамгершілікке және имандылыққа тәрбиелеу [41].

Ағартушы Ы.Алтынсариннің ұрпағын адамгершілікке уағыздаған өсиет-уағыздары, үгіт-насихаты, адамды жақсы мінез-құлыққа дағдыландыруға үндейтін құнды еңбектерінің бірі – «Мұсылмандықтың тұтқасы». Аталмыш еңбекте адам мінезіндегі, ойындағы, пейіліндегі нелер жамандық, зорлықшыл, зұлымдық, қиянатшыл, өтірік, күншілдік, ешкімді менсінбейтін тәкаппарлық, «сырттан жақсы көрінген болып жүріп, ішкі көңілі бұзықтықта яки, дүниеге пайдасына ғана керекті пиғылда болу...», арамдық, ақымақтық, парақорлық, екіжүзділік, сараңдық, ұрысқақтық, ысырапшылдық, тағы басқа келеңсіздіктердің мазмұны мен түрлері толық талданады [42].

Ш. Құдайбердиевтің «Үш анық» философиялық трактаты ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы болып табылады. Ойшылдың педагогикалық, психологиялық, философиялық ойлары бүгінгі таңда да өзінің құндылығымен ерекшеленеді. Шәкәрімнің «арлы азаматы» – жақсы мен жаманның жігін ажыратып қана қоймай, сөз бен істе түзу, әділ жолдан ауытқымайтын, орынсыз айыптамайтын, намысшыл жігіт, басқаның еркіндігін мойындау арқылы адамды адам ретінде бағалауды басты орынға қойды [43].

Адамгершілік, адамгершілік тәрбиесі мәселелерін ұлы педагогтер Я.А. Коменский, И.Г. Гербарт, И.Г.Песталоцци, А.С. Макаренко және т.б. кеңінен көтерді. Өз зерттеулерінде адамгершілік тәрбиесін жүзеге асырудың мақсаттарын, принциптерін, жолдарын анықтап, негіздеді. Я.А. Коменский балалар мен жастардың мінез-құлқында қарапайымдылық, сыпайылық, адамгершілік, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастыру қажеттігін айта отырып, рухани-адамгершілік тәрбиені дін, мәдениет, гуманизм арқылы жүзеге асыру керек деп есептеді [44]. И.Г.Гербардтың пікірінше, адамгершілік тәрбиесінің басты мақсаты – ізгі және жауапты тұлғаны қалыптастыру [45]. Адамгершілік тәрбиесінде И.Г. Песталоцци ата-аналарға үлкен мән берді, олар өздерінің үлгілері арқылы балалардың бір-бірімен және ересектермен дұрыс қарым-қатынасына әсер ете алады [46]. Ұжым құрудың негізін қалаушы А.С. Макаренко адамгершілік тәрбиесін ұжым арқылы қалыптастыруға аса көңіл бөлді [47].

Адамгершілік пен адамгершілік тәрбиесін зерттеумен айналысқан ғалымдарға келсек, М.С.Каган сынды философты атап өткен жөн. Ғалымның адамгершілік мәселелеріне қатысты философиялық ойларының маңызы зор. Ол өзіңе қандай болсаң, басқаларға да сондай бол. Мейлі ол сенен кіші немесе үлкен, бастық немесе бағынышты, жақын немесе бөтен болсын, қарым-қатынастың тең деңгейде болуы керек деп түсіндіреді. Бізге ғалымның ұсынған ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, қарапайымдылық, қанағатшылдық, өзгелерге көмектесуге дайын болу сияқты адамгершілік құндылықтары, категориялары, мәдениет белгілеріне жақын [29, 111б.].

Buketov university

Қоғамды және нақты тұлғаны қамти отырып, О.Т. Дробницкий адамгершілік әлемді танудың қоғамдық және жеке формаларының бірін қоғамға қатысы бар адамдардың бір-біріне деген мінез-құлқының жалпы принциптері мен нормаларының жиынтығы деп есептейді [48].

Адамгершілікке қатысты көзқарасты біз В.С. Библердің еңбегінен кездестірдік. Ол адамгершілікті тек сыртқы әрекет пен ішкі рефлексияның, еркін таңдау мен шешімнің, ар-ұжданның (бұл ішкі еркіндік саласы) бірлігінде ғана жүзеге асады дейді. Ғалымның ойынша, адамгершілікте - адам құрал емес, ол үнемі – мақсат болып табылады [49].

Адамгершілікке кеңінен берілген анықтаманы Г.М. Коджаспиров пен А.Ю. Коджаспировада кездестіреміз, «адамгершілік» - мейірімділік, әділеттілік, парасаттылық, сезім, көмекке келуге даярлық сияқты адамгершілік құндылықтарға негізделген адамның ішкі құқықтарының жүйесі ретінде, Қоғамдық сананы жаңғыртудың ерекше формасы және қоғамдық қатынастардың түрі деп тұжырымдайды [50].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Конфуцийдің жэнь (адамгершілік) ілімінің «алтын ережесінің» жалпыадамдық принципіне негізделген - өзіңізге қаламайтын нәрсені басқаларға пайдаланбаңыз және басқалармен бірге өзіңіз қалағандай әрекет етіңіз деп айтуға болады. Адамгершіліктің қалыптасу жолдары мен құралдарының сан-қырлы болғаны сонша, оларды сыртқы және ішкі деп қарастыруға болады. Әрбір жас кезеңінде олар әртүрлі болуы мүмкін. Өзін-өзі дамыту – адамның басты міндеті екенін естен шығармау керек [51].

E. Lasch-Quinn өзінің «Unschooled: Democratic Life in the Absence of a Moral Culture» атты мақаласында, қазіргі қоғамның (тұтынушылық, мәдениеттілік, саяси сыбайлас-жемқорлық, бұқаралық ақпарат құралдарындағы зорлық-зомбылық және т.б.), даму тенденциясын сынға ала отырып, осылардың барлығы азаматтардың адамгершілік бағдарын жоғалтуға ықпал етеді деп атап өтті. Автор одан шығудың жолы демократия үшін қажетті адамгершілік негіздердің қайта жаңғыруы бойынша міндеттерді шешу керек деген [52]. Ал, авторлар J.F. Alomari, M.I.S. Abu Jerban, A. Al-Awamleh «Адамгершілік – бұл барлық ұрпақ біліп және оны қолдайтын негізгі элемент» және олар әділеттілік, сабырлық, басқаларға деген сүйіспеншілік және адалдық сияқты құндылықтар [53].

T.Krettenauer ойынша бүгінгі күні адамгершілік пен адамгершілік тәрбие жайында ғылымдар үшін конструктивтік диалогқа көшуге үлкен мүмкіндіктер ашылып жатқанын мәлімдеді [54]. Қазіргі мәдениет теориясы аясында адамгершілік ойларды зерттей келе H. Haste, S. Abrahams еңбектері этикалық жүйелердегі мәдени вариацияларды, сондай-ақ жеке ойлау әрекет ететін және дамитын әлеуметтік контексті түсінуге бағытталған [55].

«Moral Education of the Child: Whose Responsibility?» атты мақаласында S.E. Oladipo «Балаға адамгершілік тәрбиені кім береді, бұл ұжымдық жауапкершілік пе, әлде мекеменің жалғыз жауапкершілігі ме?» деген сұраққа жауап беруге тырысады. Автор баламен қарым-қатынас жасайтын түрлі институттарды оның адамгершілік тәрбиесі тұрғысынан қарастырады. Сонымен қатар, ол балаға адамгершілік тәрбие беру үшін бұл институттардың өзара

Buketov university

әрекеттесуі туралы ұсыныстар жасайды. Қорытындылай келе, S.E. Oladipo «…баланы адамгершілікке тәрбиелеу тек бір ғана институттың міндеті емес, керісінше, балаға мазмұнды адамгершілік тәрбие беру үшін әртүрлі әлеуметтік институттар ынтымақтасып, тиімді өзара әрекеттесу керек» деп қорытындылады [56].

Жоғары оқу орындарының білім беру аясында J.M. Vestøl адамгершілік тәрбиенің контекстік тұғырын өңдейді және оған баға береді [57].

Nobumichi Iwasa мектептегі адамгершілік тәрбиесін жақсарту үшін күнделікті өмірде балалардың тәжірибесіне назар аударып, оларды балалардың адамгершілік өсуі тұрғысынан тиімді пайдалануда маңызды екеніне сенімді. [58]. D. Lapsley, R. Woodbury «Moral-Character Development for Teacher Education» мақаласында мектептегі адамгершілік тәрбиесі мәселесі жайында ойларын білдіреді [59].

A. Leo Beem, D. Brugman, K. Høst, L. WC Tavecchio «Students' perception of school moral atmosphere: From moral culture to social competence. A generalizability study» атты мақаласында қабылданатын моральдық атмосфераны мектеп ішіндегі білім алушылардың жалпы көзқарасы, моральдық мектеп мәдениеті ретінде емес, жеке білім алушылардың әлеуметтік құзыреттілігінің үлгісі ретінде қарастырылу керек деп санайды [60].

C.J. An бала мен ересек арасындағы моральдық қарым-қатынасқа және олардың адамгершілік тәрбиесінің ықпалына қатысты философиялық пікірлерді ұсынады [61].

J. Lim, C.C. Peterson, M. De Rosnay, V. Slaughter өздерінің зерттеулерінде, әлеуметтік таным, мәдениет және балалардың әлеуметтік өмірінде күнделікті қарым-қатынастарын талдайды [62]. Ғалымдар C.A. Cameron, C. Lau, G. Fu, K. Lee балалардың адамгершілік пайымдауларын мәдениетаралық зерттеуде кішіпейілділік пен өзін-өзі жетілдіруге қатысты мәдени шектеулер мен мәдениеттану факторлары тұрғысынан ерекшеленеді деген қорытындыға келді [63].

«Exemplars and nudges: Combining two strategies for moral education» мақаланың авторлары B. Engelen, A. Thomas, A. Archer және N. van de Ven адамгершілік тәрбиенің маңызды мақсаты ретінде тәрбиеленетін адамның-субъектінің этикалық болашағын - неғұрлым құрылымды, неғұрлым айқын ету деп көрсетеді [64]. L. Kohlberg адамгершілік тәрбие балалардың адамгершілік жағдайда мінез-құлықтың әр түрлерімен алдын-ала анықталады деп санайды [65].

D.P. Cingel, M. Krcmar «Moral Foundations Theory and the Model of Intuitive Morality and Exemplars in the context of child and adolescent development» мақаласында бұқаралық ақпарат құралдарының балалар мен жасөспірімдердің адамгершілік даму аспектілеріне әсерін және осы әсердің салдарына негізделген адамгершілік модельдің маңыздылығын түсінуге арналған зерттеулерді ұсынды [66].

«Morality as a Verb: The Process of Moral Development Within the «Family Culture» мақаласында автолар A.G. Mones, E.L. Haswell баланың адамгершілік

Buketov university

тәрбиесінде отбасының рөлі жайында «… отбасы бала үшін мәдениет құндылықтарын тура және жанама түрде балаға жеткізуші» деп ой білдіреді [67].

Е.В. Бондаревскаяның адамның адамгершілік мәдениетін тәрбиелеу жөніндегі теориялық ұстанымы біздің зерттеуіміздің теориялық маңыздылығын ашу үшін құнды болды. Ғалым қазіргі жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды: ар-ұждан, ізгілік, әділдік, мейірімділік, руханилық, қарапайымдылық, үнемшілдік, қанағатшылдық, ұқыптылық, адамдық қадір-қасиетті анықтады. Сонымен қатар, ол тәрбие мазмұнының ең маңызды негізгі құрамдастарын бөліп көрсетеді: балалардың жалпыадамзаттық құндылықтарды білуі; балалардың жеке тұлғаны ізгілендіру, қазіргі адамның өмір сүру салаларын және жалпыадамзаттық құндылықтарды иеленуі; жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениеттің материалдық және рухани құндылықтарын меңгеру; азаматтық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру; адамгершілік мінез-құлықтың эмоционалды қаныққан жағдайларында өмірлік тәжірибені жинақтау; балаларда жауапкершіліктің нақты жағдайларын дамыту; өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі бағалау [68].

«Адамгершілік мәдениет» ұғымы Кеңес одағының ғылымында ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында пайда болды. Бұл ұғымды жан-жақты зерттеудің қажеттілігі оның мәнін, ерекшелігін және мазмұнын терең түсінуді талап етті. Бұл ғылыми қажеттіліктерді жүзеге асыру кеңестік ғылымда екі бағытта басталды. Зерттеушілердің бір бөлігі (Л.М. Архангельский, Н.П. Соколова, А.И. Титаренко және т.б.) адамгершілік мәдениетті - мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі, рухани мәдениеттің элементі деп санай келе, тұтастай қоғам мәдениетінің маңызды аспектісі десе, зерттеушілердің екінші бөлігі - мәдениеттану ғылымының жетекші мамандары (М.С. Каган, Л.Н. Коган, Э.С. Маркарян, В.М. Межуев және т.б.) адамгершілік мәдениетті - кез келген адам қызметінің негізгі алғышарты және өнімі, оны құрастыратын және ұйымдастыратын, барлық ықтимал қоғамдастықтарды сақтауға және жаңғыртуға ықпал ететін биологиялық, дамушы, қоғамдық маңызды рухани құндылықтар жүйесі ретінде қарастырады.

Жоғарыда аталған екі бағыт өкілдерінің ойларын талдасақ, адамгершілік мәдениет адамдардың күнделікті өміріндегі қарым-қатынасынан алынады. Оның ғылымда пайда болу қажеттілігі, белгілеген құбылыстың мәнін айқындау, бір жағынан, мәдениеттің сараланған түсінігін қажет ететін әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың даму логикасына негізделеді. Осы үдерістің нәтижесінде мәдениеттің: көркем, саяси, діни, педагогикалық, экологиялық және басқа да түрлері дербес түсініктер мәртебесіне ие болды. Екінші жағынан, адамдар арасындағы қатынастарды реттеу және бағдарлау жағдайын өзгертеді.

«Адамгершілік мәдениет» түсінігінің өнімділігі «адамгершілік» және «мәдениет» ұғымдарымен салыстырғанда, «... сана, қарым-қатынас және мінез-құлық кең ауқымды. Мұнда нормалар, оларды түсіндірудің түрлі нұсқалары, әртүрлі ойлар, оларға бағдар және адамгершілік мақсаттар, оларға жету құралдары мен оларды бағалау әдістері бар» деп А.С.Франц қарастырады [69].

Бұл ойды дәлелдеу үшін «адамгершілік мәдениет» ұғымына берілген

Buketov university

бірқатар анықтамаларды қарастырып көрейік. Яғни, Б.Л. Поповтың пайымдауынша адамгершілік мәдениет адамның ішкі нанымының адамгершілік сезімге айналуы нәтижесінде қалыптасады [70]. В.И. Бакштановскийдің пікірі: «...адамның адамгершілік мәдениеті – адамгершілік таңдау мәдениетінің бейнесі және жүзеге асырылып жатқан парасатты іс. Жеке тұлғаның белсенді моральдық ұстанымының негізгі мәні - сөз бен істің бірлігі болып табылады» [71]. Сол сияқты, Б.Х. Лихачев адамгершілік мәдениетті «адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, тарату және қолдану жүйесі» деп анықтады, мұнда адамгершілік мәдениеттің ең маңызды негізі адамгершілік болып табылатын қоғамдық сананың ерекше нысаны ретінде сипатталады. Адамгершілікті сыни бағалау ретінде қоғамдағы адам әрекетін нормативтік реттеу [72]. А.Г.Абсалямованың пікірінше, адамгершілік мәдениет - бұл адамның жалпыадамзаттық адамгершілік талаптарына сәйкес өмір сүру үдерісінде адамгершілік құндылықтарды меңгеру, жетілдіру және жүзеге асыру қабілеті [73]. Ғалым В.А.Сластенин адамгершілік мәдениетті адамның жеке мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады [74].

Көріп отырғанымыздай, адамгершілік мәдениеттің анықтамалары көп қырлы және олар ішкі (сана) және сыртқы (мінез-құлық) жоспарларды біріктіреді. Бір-бірімен тығыз байланысты, бір ойдың өзгеруі сөзсіз екіншісінің өзгеруіне әкеледі. Оған дәлел С.Конның сөздігінде адамгершілік мәдениет – этикалық ойлау мәдениеті – адамгершілік ойлау, этикалық білімді пайдалана білу, жақсы мен жаманды айыра білу, қалыптасқан жағдаяттарға сәйкес адамгершілік нормаларды қолдануы, сезімнің пайда болуы және оны білдіру мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті – адамгершілік тәжірибеде ойы мен сезімдерін жүзеге асыру және оларды күнделікті әрекетіне айналдыру болып табылады [75].

Ал, А.С.Франц адамгершілік мәдениеттің ерекшеліктерін талдай келе оны жүзеге асырудың екі түрлі нормативтік және прескриптивтік тұғырларын көрсеткен. Прескриптивті тұғыры салт-дәстүрге негіздеу болса, нормативтік тұғыр адамға адамгершілік идеалдар мен нормаларды сіңіру тәсілдері. Сонымен қатар ғалым адамгершілік мәдениеттің субъектілерін, деңгейлерін, типтерін оларға тән қабілеттер мен белгілерді бөліп көрсетті. Оны төмендегі сурет 2 көруге болады.

Қоғам адамгершілік мәдениетінің негізін қалайтын деңгейі және оның мәнін, құрылымын, қызмет ету ерекшеліктерін қамтамасыз ететін барлық элементтерін өңдейді.

*Қоғам* – бұл адамдармен өзара бірлесе отырып, экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани әрекеттерін орындайтын орта болып табылады. Аталмыш әрекеттерді орындау барысында тұлға қоғам қабылдаған адамгершілік мәдениеттің белгілерін, категорияларын қолданады.

Buketov university




Сурет 2 – Адамгершілік мәдениет субъектілері, деңгейлері, типтері

*Мәдени топтар* – бұл жалпы топтық әрекетімен және осы әрекеттің жалпы топтық тәсілдерімен біріктірілген адамдар тобы. Мысалы, туристік сапардың басында бір-бірімен таныс емес адамдар тобы мәдени топ болмайды. Бірақ жалпы топтық әрекет барысында осы топ топтық мәдениет белгілеріне ие яғни, мінез-құлықтың ерекше түрінде, ішкі байланыстарында, өзінің дәстүрлері мен құндылықтарынан көрінеді.

Мәдени топтар тұрақты (отбасы) және уақытша (бір купе жолаушылары), байланысты (спорт секциясының мүшелері) болуы мүмкін. Тұлға – әртүрлі мәдени топтардың мүшесі бола алады. Оның қандай да бір топқа жататындығы топтық әрекет барысында ғана анықталады.

*Тұлға* – бұл психологияда өз өмірін қалыптастыра алатын ерекше тұлғаның бірегейлігін сезінетін адам, яғни, белгілі бір

мәнді іспен айналысатын, азды-көпті білімі, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы мен сенімі бар адамды тұлға деп атайды. Тұлға бойындағы адамгершіліктің көрінісі арына кір келтірмеуінен, намысшылдығын жоғары ұстауынан байқалады. *Дәстүрлі адамгершілік мәдениет* – тұтастай алғанда қоғамның өмір сүруіне бағытталған және адамгершілік белгілердің біртіндеп жүзеге асырылуымен сипатталады: жеке мүдделерден қоғамдық мүдделердің басымдылығы, авторитаризм, патриотизм, ұжымдық және т.б. Дәстүрлі адамгершілік мәдениетте тұлғаның кез-келген іс-әрекетті орындаушылық сипатта жүзеге асырылады. Адамгершілік мәдениет пен әрекетті орындаушылықтың өзара байланысын білу, күнделікті, үйреншікті іс-

әрекеттерді орындаудың орнықсыз дәстүрлерін қайта жаңғырту қажеттілігі дәстүрлі адамгершілік мәдениеттің құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Ол кез-келген тарихи кезеңде тұлғаның еңбек әрекетін тиімді орындау үшін қажет.

*Гедонистік адамгершілік мәдениет*. Қоғамда әркеттің интеллектуалды-шығармашылық тәсілін дамыту үдерісі негізінде құрылған. Адамгершілік мәдениеттің бұл типі тұлғаның қажеттіліктері мен қабілеттерін дамытуда туындаған қоғамдағы өзгерістердің негізінде тарихи қалыптасады. Гедонистік адамгершілік мәдениет мынадай белгілерді жүзеге асырумен сипатталады: геодонизм (интеллектуалды және шығармашылық әрекет аясымен шектелген), басқа адамдарға деген қарым-қатынасты сақтау, тұлғаның өзіндік даралығын дамыту және сақтау, патриотизм және космополитизмді біріктіру.

*Прагматикалық адамгершілік мәдениет*. Қоғамда әрекеттің ұйымдастырушылық-кәсіпкерлік тәсілін қалыптастыру барысында құрылған. Нарықтық экономика дамыған, яғни бүгінгі рухани жаңғырған мемлекетте прагматикалық адамгершілік мәдениет тұлғаның кәсіпкерлік әрекетін табысты жүзеге асыруда тиімді болып табылады. Прагматикалық адамгершілік мәдениеті тарихи қалыптасып, тауар өндірісін құруға және дамытуға қабілетті тұлғалардың әрекеті барысында қалыптасты. Оған тән белгілер: прагматизм, шығармашылық белсенділік, әр келген пайдасына қанағатшылдықпен қарау, ысырапшылдыққа салынбай үнемшіл болу, тұлғаның өз қабілетін максималды қолдануы, қарапайымдылық, өзінің және қоғамның мүлкіне ұқыптылықпен қарау.

*Нигилистік (немқұрайдылық) адамгершілік мәдениет.* Әлеуметтік шындықты нигилистердің жою үдерісінде қалыптасқан. Нигилистік адамгершілік мәдениет субъектілердің адамгершілікке деген скептикалық қарым-қатынасымен сипатталады. Нигилистердің қоғамдық игі істерге қатысуы тұлғаның барлығын агрессивті жоюымен шектеледі. Шынында да, қоғамдық игілік жасаудың орнына, нигилистік адамгершілік мәдениет оның жойылуына бағытталған, бұл тұлғаның адамгершілік негізгі қызметінің жүзеге асыруына қайшы келеді.

Адамгершілік мәдениетті қалыптастыру деңгейлері: жеке, топтық және жалпы болып бөлінді [69, 22б.].

Мазмұны бойынша адамгершілік мәдениет – бұл қоғам субъектілерінің адамгершілік санасы мен дүниетанымының дамығандығы; қарым-қатынас, қызмет және мінез-құлық жүйесінде жақсылық, намыс, ар-ұждан, мейірімділік, шыдамдылық, әділеттілік, адалдық, борыш, қадір-қасиет, махаббат, өзара қарым-қатынас және т.б. белгілердің көрінуі; өмірлік белсенділікті гуманизм, демократия, еңбекқорлық, әлеуметтік теңдік, ақылдылық, бейбітшілік, альтруизм принциптері негізінде жүзеге асыру.

Бүгін де, қоғам жеке және жалпы адамгершілік қиын дағдарысты басынан кешіруде, бұл қылмыстың өсуі, әлеуметтік әділетсіздік және адамгершіліктің тікелей тірегі болған идеалдардың (ойшылдардың) құлдырауы, қоғамның рухани өмірінде адамгершілікке кереғар: жамандық, зұлымдық, теңсіздік, әділетсіздік, мейірімсіздік, шыдамсыздық, қорлық, көре алмаушылық, намыс пен ар-

Buketov University

ұжданның болмауы, даңғойлық, менмендік, ысырапшылдық, кері тартпалық сияқты қасиеттер мен құбылыстардың айқын көрінуі.

Егер әлеуметтік жүйе тиімсіз, әділеттілік пен ақыл-ой талаптарын елемейтін болса, онда адамгершілік мәдениеттің жоғары болуы мүмкін емес. Сол себепті, қоғамдық сананы жаңғыртуды басынан кешіріп жатқан, үшінші мыңжылдыққа аяқ басқан қоғамды дамытудың факторы болып табылатын адамгершілік мәдениет арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, оның еліне, мемлекетіне, қоғамға деген қарым-қатынасына, түзетулер енгізу қажеттілігі туып отыр [76].

Адамгершілік мәдениеттің мәнін анықтау үшін біртұтас тұлға ретінде қарастыру талап етіледі. Адамгершілік сана мен сезім деңгейінің элементтері әлемге, адамдарға, еңбекке адамгершілік қарым-қатынастың ерекше түрлерінің бірі болып табылады. Мұндай элементтер жеке және қоғамдық, принцип, категория, нормалар негізінде орындалады, одан тұлғаның адамгершілік мәдениеті дәрежесі көрініс береді.

*Тұлғаның адамгершілік мәдениеті* – қоғамның адамгершілік тәжірибесін игеру деңгейі, мінез-құлқында және басқа адамдармен қарым-қатынасында құндылықтарды, нормалар мен принциптерді бірізді жүзеге асыруы, үнемі өзін-өзі жетілдіруге даярлығы, өздеріне тән тәртіп формаларын таба білуі.

Біздің зерттеуіміз үшін адамгершілік мәдениетінің бір-бірімен байланысты келесі белгілерін анықтайтын И.Б. Дермpraнованың зерттеулері өзекті болып табылды:

1. Сауаттылық.
2. Құзыреттілік.
3. Құндылықты-мағыналық.
4. Рефлексия.
5. Мәдени шығармашылық.

*Сауаттылық* – жастың жеке ерекшеліктерін игеруден басталатын адамгершілік мәдениеттің қыр-сырынан тұрады. Сауаттылық мінез-құлық, қарым-қатынас саласында адамгершілік білімді, ережелер мен нормаларды игеруді білдіреді. Балаға өзін, басқа адамдарды тануы, өз мүмкіндіктерін сезінуі, өзінің «бастапқы деңгейін» жоғалтпауы, ішкі қарама-қайшылығын сезінуі маңызды және осы мотивация негізінде сауаттылық пен құзыреттілікті игеру тиімді болады.

*Құзыреттілік* – адамның алдында тұрған міндеттерді, мәселелерді шешу үшін білім мен іскерлікті тиімді пайдалануды, өзінің өткен, басқа адамдардың және қоғамдық-тарихи тәжірибелерді лайықты қолдануды білдіреді. Құзыреттілік балада жинақталған мінез-құлық және өз-өзімен, басқалармен өзара-әрекеттестік тәжірибесінен бастау алады.

*Адамгершілік мәдениеттің құндылықты-мағыналық* – белгісі тұлғалық маңызды және тұлғалық құндылықтар, сенім, көзқарастар, ұстанымдар, қарым-қатынастар, оның іс-әрекеті, айналасындағылармен өзара қарым-қатынастар жүйесі. Құндылықтар жүйесі өзін және басқаларды бағалауы, өз пікірін білдіруі, өз таңдауын жасауы.

Buketov university

*Рефлексия* – бұл адамның адамгершілік мәдениетті игерудегі оның іс-әрекетінің мақсаттарына, үдерісіне және нәтижелеріне деген көзқарасы, сонымен қатар іс-әрекет және қарым-қатынас субъектісі ретінде өзінің ішкі дүниесінде болған өзгерістерді тұлға ретінде сезінуі.

*Мәдени шығармашылық* – адам балалық шақтың өзінде мәдениетті құраушы ғана емес, сонымен қатар оны жасаушы болып табылады. Мәдениетке қатысты шығармашылық мектеп жасына дейінгі кезеңде басталып, қалыптасады [77].

Адамзат тарихы адамгершілік мәдениетті адамдардың іс-әрекетінің мақсаттары мен құралдарын оңтайландыратынын және нәтижелердің тиімділігіне ықпал ететінін растайды [16, р. 100]. Бұл адамзаттың ең жоғары рухани құндылықтарының бірі. Осы кезде адамдар адамгершілік мәдениеттің өзін-өзі жүзеге асырудың рухани шарты ретінде құндылығын айқынырақ түсінеді. Адамгершілік мәдениеттің – әлеуметтік-мәдени құбылыс екендігі сөзсіз, сондықтан оның қалыптасуы бала кезден басталуы керек және оны ұйымдастыру үздіксіз жүретін оқыту мен тәрбие үдерісінде жүзеге асырылады [78].

Біздің келесі міндетіміз - неге мектепке дейінгі жаста қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру үдерісін бастау керек деген сұраққа жауап беруден тұрды.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында зерттелетін түрдің мәдениетін қалыптастыру үшін осы жастағы сезімталдықтың негіздемесін (Д.Б. Эльконинның жас кезеңіне сәйкес) ескере отырып [79]:

- сәби жасындағы балалардың психикалық жаңарыстары (2 ай - 1 жыл): жүру, эмоцияға толы көріністер, өзінің менін ашу (айнадан өзінің сыртқы келбетін түсіну), адамдар әлемінде өзін ерекшелеу;

- ерте балалық шақтағы балалардың психикалық жаңарыстары (1-3 жас) - сөйлеу; әрекеттің субъектісі ретінде өзін-өзі ашу - ересек адам орындайтын іс-әрекетті өз бетінше орындауға деген ұмтылыс, «Мен» түсінігінің пайда болуы; өз жетістіктері үшін мақтаныш сезімі.

Көріп отырғандай, бұл жаңарыстар қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруға негіз бола алмайды, өйткені жақсылық пен жамандықтың алғашқы этикалық категорияларын игеру, ерікті мінез-құлықтың дамуы, көркем-бейнелі ойлауды қалыптастыру, мотивтердің бастапқы иерархиясының пайда болуы және т.б.механизмдер қолданылмайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға келетін болсақ, осы жастағы психикалық жаңарыстарды талдау оны сезімтал деп санауға мүмкіндік береді.

Бұл мәселені қарастырғанда, ең алдымен, мектеп жасына дейінгі балалар дамуының әлеуметтік жағдайы қандай екенін анықтау керек. Мектепке дейінгі жастың *әлеуметтік жағдайына* тән: бала – ересек, бұл адам іс-әрекетінің мәні мен мақсаттарын қарқынды дамыту кезеңін білдіреді; мотивациялық-қажеттілік аясы дамиды. Бұл қажеттілік бала игеретін іс-әрекет түрлерінде (ойын, бейнелеу, өнімді түрлер, еңбек) қанағаттандырылады. Біздің зерттеуіміздің шеңберінде бұл маңызды фактор, өйткені педагогтер, ата-аналар, балалардың өздері қатысатын іс-әрекеттер арқылы адамгершілік мәдениеттің негіздерін қалыптастыру

Buketov university

үлгісінде адам қызметінің мағыналары мен мақсаттарын дамыту ең оңтайлы және тиімді болады. Психологтар Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский [80-82] пікірлері бойынша мектепке дейінгі жаста өмірдің екі маңызды саласы өзектенеді – адами қарым-қатынас пен қоршаған орта арасындағы байланыстардың үйлесуі. Бұл кезеңде тұлғаның қалыптасуында, оның негізгі психологиялық негіздерінде серпіліс болады. Бала әрекетінде «бала – қоғамдық нысан» және «бала – әлеуметтік ересек» жүйесінде бала тұлғасының қалыптасуының біртұтас үдерісі жүреді. Сонымен бірге, В.А. Сухомлинский: «Идеалсыз адамның жеке басының болмысы жоқ...» десе [83], И.А. Сикорский: «… ересектер өз мінез-құлқының жағымды үлгілерімен баланы қоршауы керек» деп, балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда ересектердің рөлін алға тартады [84].

Сөйтіп, қоғам дамуының негізгі тенденцияларын ескере отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың өзектілігі туралы отандық ғалымдар мен жақын шетел ғалымдарының зерттеулерін талдау және жалпылау негізгі перспективаларды анықтауға мүмкіндік берді: отандық әлеуметтік мәдени дәстүрлер негізінде мектепке дейінгі ұйымда баланың рухани-адамгершілік тәрбиесі [85]; семиотикалық тұғыр негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін ұйымдастыру [86]; көркем шығармалармен таныстыру үдерісінде мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-эстетикалыққа тәрбиелеу [87]; артпедагогика құралдары арқылы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік тәрбиесі [88]; авторлық дидактикалық ертегілер мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу құралы ретінде [89]; Қорқыт ата мұралары арқылы оқушылардың рухани адамгершілігін қалыптастыру [90]; қазақ халқының ауызекі шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру [91]; балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойындар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу [92]; бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу [93]; толеранттылық мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін құраушы ретінде [94]; мектепалды сыныбында балалардың өзін-өзі тануы арқылы адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру әдістемесі [95]; «Қоғамдық сананы жаңғырту» - тұлғаны рухани-адамгершілік тәрбие негізі [96]; бала және социум: мектеп жасына дейінгілердің адамгершілік тәрбиесі [97]; мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі [98], бастауыш мектеп оқушысының адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мүмкіндіктері [99]; балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық тұғырлары [100], адамгершілік мәдениетінің бастаулары [101], адамгершілік мәселесінің педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде зерттелуі [102], жеке тұлғаның адамгершілік мәдениетін қалыптастыру негіздері [103], болашақ педагогтың адамгершілік мәдениеті оның әлеуметтік-педагогикалық әрекетінің маңызды аспектісі ретінде [104], жоғары оқу орнында болашақ мамандардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың кейбір мәселелері [105], тұлғаның

Buketov university

адамгершілік мәдениеті адами өзара қарым-қатынастың өнімі ретінде [106], инновациялық қызмет констекстінде болашақ мұғалімдердің адамгершілік мәдениетін қалыптастыру [107], болашақ педагог-психологтардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру [108]. Талдаулардың әр түрлілігіне қарамастан, Т.И. Березина, О.Л. Каменева және Е.Н. Федорованың пікірлері бізге жақын, олар адамгершілік мәдениетті қалыптастыру оның ең жоғары мақсаты мен идеалын білдіре отырып адамның барлық өмір ағымында жалғасын табады деп санады [109].

Мектеп жасына дейінгі балалардың мотивациялық-қажеттілік аясын дамыту бұл үдерісті тұлға аясы деңгейінде жасайды, атап айтқанда, Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілерін жүзеге асыруға деген ынтасын дамыту балалардың әрекеттерін: үнемшілдік, ұқыптылық, қанағатшыл, қарапайымдылық күнделікті жүзеге асыру [110].

Бұрын атап өтілгендей, адам әрекетінің мәні мен мақсаттарының қарқынды дамуы балалар іс-әрекетінің түрлерінде: ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу барысында жүзеге асырылады. Жетекші іс-әрекет түрін талдау Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудағы мектепке дейінгі жастың сезімталдығы мәселесін одан әрі түсінуге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Жетекші іс-әрекет - бұл тұлғалық дамудың осы кезеңінде адамның негізгі психологиялық жаңарыстардың пайда болуы мен қалыптасуын анықтайды [111].

Теориялық идеяларға сәйкес *сюжеттік-рөлдік ойын* мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті болып табылады. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады. Енді, ойын әрекетінің негізгі сипаттамаларына тоқталайық.

*Балалардың ойын қарым-қатынасы.* Ойын әрекетінде мектеп жасына дейінгі бала белгілі бір рөлді алады және осы рөлге сәйкес әрекет ете бастайды. Бала көбінесе ересектерді - анасын, тәрбиешісін, жүргізушіні, ұшқышты бейнелейді. Ойын барысында бала алғаш рет еңбек әрекетінде адамдар арасында қалыптасқан қатынастарды, олардың құқықтары мен міндеттерін ашады.

*Өзгелер алдындағы жауапкершілік* - бұл белгілі бір рөлді өзіне алған бала осы рөлді орындауға тырысады. Басқа балалар оның осы рөлді дұрыс орындауын күтеді және талап етеді. Дәрігер рөлі шыдамды болумен қатар, науқасқа қатысты талапшыл болуды қажет етеді. Бала жауапкершілікті орындай отырып, ойынның басқа да қатысушылары атқаратын рөлдерге, қарым-қатынасқа қатысты құқықты болады. Дәрігер науқастар оның нұсқауларын орындауы үшін өз тұлғасына құрметпен және сенімді қарауға құқылы. Сюжеттік ойындағы рөл - бұл рөлмен жүктелген міндеттерді орындау және ойынның басқа қатысушыларына қатысты құқықтарды жүзеге асыру [82, 245б.].

*Ойынның сюжеті мен мазмұны.* Рөлдік ойында балалар қоршаған ортадағы шындықтың әртүрлілігін көрсетеді. Олар күнделікті отбасылық тұрмыстағы, еңбек әрекетіндегі және ересектердің қарым-қатынасындағы көріністерді айқын бейнелейді. Ойын сюжетін, ойындағы рөл секілді, мектепке дейінгі бала

Buketov university

жоспарламайды, бірақ оның қолына қандай зат түсетініне байланысты ойынның сюжеті мен оның сомдайтын рөлі пайда болады. Егер, баланың қолында түтік болса, он ол – дәрігер, егер термометр болса, онда ол - медбике. Бұл жастағы балалар ережелерді орындауға өте мұқият қарайды. Ойында қоғамдық мінез-құлық ережелерін орындай отырып, балалар көбінесе не болатыны және не болмайтыны жайында дауласады [82, 236б.].

*Баланың жалпы психикалық дамуына ойынның әсері.* Ойын барысында балаларда ырықты есі мен ырықты есте сақтауы дами бастайды. Ойынның шарттары баладан ойын жағдаяттарына енгізілген заттарға, ойналатын әрекеттерге және сюжет мазмұнына назар аударуды талап етеді. Егер бала ойын жағдаятының талабына мән бермесе, егер ол ойын шарттарын есінде сақтамаса, онда оны құрдастары ойыннан қуып шығады. Сонымен қатар, рөлдік ойындардағы ойын тәжірибесі әсіресе баланың нақты қарым-қатынасы басқа адамдардың көзқарасы бойынша болуға, олардың болашақ мінез-құлқын болжауға және соған байланысты өз мінез-құлқын құруға мүмкіндік беретін ойлаудың ерекше қасиетінің негізі болып табылады. Рөлдік ойын қиялды дамыту үшін өте маңызды. Ойын әрекетінде бала бір затты басқалармен алмастыруды, түрлі рөлдерді жауапкершілікпен сомдауға үйренеді. Балалар заттарды және олармен әрекеттерді анықтауға, қиялында жаңа жағдаяттарды құрастыруға, ойлап табуға үйренеді [111, с. 240].

*Бала тұлғасының дамуына ойынның әсері, бала* ойын арқылы өзінің мінез-құлқына үлгі болатын ересектердің мінез-құлқымен және қарым-қатынасымен танысады, құрдастарымен байланыс орнатуға қажетті негізгі қарым-қатынас дағдыларын, қасиеттерін жинақтайды.

Ойын жетекші әрекет ретінде *рефлексивтік ойлауының* дамуына тікелей әсер етеді. Рефлексия - бұл адамның әрекеттерін, әдеттерін, мотивтерін талдай білу және оларды жалпыадамзаттық құндылықтармен, сондай-ақ басқа адамдардың әрекеттерімен, әдеттерімен, мотивтерімен байланыстыру қабілеті. Яғни, ауруханада ойынын ойнағанда бала науқас сияқты жылайды, зардап шегеді және өзін жақсы орындаушы ретінде қанағаттандырады.

Біздің зерттеуіміз үшін ойынның дамуы 2 негізгі кезеңнен тұратыны маңызды. Бірінші кезең (3-5 жас) адамдардың нақты әрекеттерінің логикасын жаңғыртумен сипатталады; ойынның мазмұны болып заттық әрекеттер табылады. Екінші кезеңде (5-7 жас) адамдар арасындағы нақты қарым-қатынастар сұлбаланады, ал ойынның мазмұны болып әлеуметтік қарым-қатынастар, ересек адам әрекетінің қоғамдық мәні табылады. [111, 246б.].

Рөлдік ойын – бұл әрекет, балалар ересектердің рөлдерін өз мойнына алады және ойын жағдайында ересектердің іс-әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді. Рөлді сомдау барысында баланың шығармашылығы түрлену сипатында болады. Оның жетістігі ойнаушының жеке тәжірибесімен, сезімінің, қиялының, қызығушылығының даму дәрежесімен тікелей байланысты. Сюжеті бар ойын алғаш рет ерте және мектепке дейінгі балалық шақтың шеңберінде пайда болады. Бұл режиссерлік ойын, онда бала қолданатын заттар ойын мағынасына ие болады (үстелдің бойымен қозғалатын текше баланың

Buketov university

көзімен машинаға айналады). Режиссерлік ойындар орындалған әрекеттердің біркелкілігімен сипатталып, кейінірек бейнелі-рөлдік ойын пайда болады, онда бала өзін кез-келген адам және кез-келген нәрсе ретінде елестетеді және соған сәйкес әрекет етеді. Бірақ мұндай ойынның міндетті шарты болып бұл жарқын, қарқынды тәжірибе: көрген сурет баланы таң қалдырды және ол өзінің ойын әрекеттерінде оған қатты эмоционалды реакция тудырған бейнені бейнелейді.

Режиссерлік және бейнелік-рөлдік ойын сюжеттік-рөлдік ойынның көзі болып табылады және ол мектепке дейінгі жастың ортасына қарай өзінің даму формасына жетеді. Кейін одан ережесі бар ойын бөлініп шығады. Сюжетті-рөлдік ойында балалар адам рөлі мен қарым-қатынасын бейнелеп, көрсетеді. Балалар бір-бірімен немесе қуыршақпен тамаша серіктес ретінде ойнайды, ол да өз рөлін атқарады. Ережелері бар ойындарда рөл екінші орынға өтеді, ал басты орында ойын ережелерін нақты орындау болып табылады; әдетте мұнда салыстырмалық мотив, жеке немесе топтық жеңіс пайда болады [112].

Мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті ретінде ойын мәселесі бойынша жинақталған материалды ескере отырып, біз Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясын, сондай-ақ, атап айтқанда, *балалар* үшін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірледік:

- «Халық ауыз әдебиетінің мұралары» әдістемелік жинақ;
- «Адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру» вариативтік компонент бағдарламасы;
- «Үй жылуы» авторлық шығармашылық ойын;
- «Адамгершілік мәдениет жайында» әңгімелесу картотекасы, олар 1.3 «Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясы» атты тармақшада егжей-тегжейлі көрсетілген

Жетекші іс-әрекет – бұл адамның жеке басының дамуының осы кезеңінде адамның негізгі психологиялық жаңарыстарының пайда болуы мен қалыптасуына әкелетін әрекет екенін ескере отырып, *мектеп жасына дейінгі балалардың жаңарыстары* туралы мәселені қарастыру дұрыс болады.

Психологиялық жаңарыстар - бұл:

– дамудың белгілі бір кезеңінде туындайтын және баланың санасын, оның қоршаған ортаға, ішкі және сыртқы өмірге қатынасын, белгілі бір кезеңдегі даму барысын анықтайтын психикалық және әлеуметтік өзгерістер;

– өзгерістердің (психикалық және әлеуметтік) жалпылама нәтижесі, сәйкес кезеңдегі баланың бүкіл психикалық дамуы, ол келесі сатыдағы баланың психикалық үдерістері мен тұлғасының қалыптасуының бастапқы тетігі болады [113].

Д.Б.Эльконин мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы негізгі психологиялық жаңарыстарды төмендегідей бөліп көрсетті:

1. Балалардың тұтас дүниетанымында алғашқы тізбектік сызығының (абрисі) пайда болуы. Бала көргеннің барлығын ретке келтіруге, айналадағы осындай құбылмалы әлемге сәйкес келетін табиғи қатынастарды көруге тырысады [114].

Buketov university

2. Бастапқы этикалық инстанциялардың пайда болуы «ненің жақсы және ненің жаман» екенін айыра білуімен байланысты. Бұл этикалық және эстетикалық инстанциялардың дамуы бірге жүреді.

3. Мотивтердің бағыныштылығының пайда болуы. Бұл жаста ойластырылған әрекеттердің импульсивті әрекеттерден басым екендігін байқауға болады. Тікелей тілектерді жеңу тек ересек адамның мадақтауын немесе жазалауын күтуімен ғана емес, сонымен бірге баланың өзі берген уәдесімен де анықталады. Осының арқасында тұлғада табандылық пен қиындықтарды жеңе білу сияқты жеке қасиеттері қалыптасады; басқа адамдардың алдында міндеттілік сезімі де пайда болады.

4. Ерікті мінез-құлықтың пайда болуы мектепке дейінгі жаста мұндай мінез-құлық алдымен нақты визуалды түрде болады, бірақ содан кейін ол жалпыланған, ереже немесе норма түрінде болады. Балада ерікті мінез-құлықты қалыптастыру негізінде өзін және өз мінез-құлқын басқаруға ұмтылыста пайда болады.

5. Жеке сананың пайда болуы, яғни ересектермен қарым-қатынас жүйесінде өзінің шектеулі орнының болуы, қоғамдық маңызды және қоғамдық бағаланатын әрекетті жүзеге асыруға ұмтылу. Егер үш жастағы баладан «Сен қандайсың?» деп сұрасаң, ол: «Мен үлкенмін» деп жауап береді. Егер алтыі жастағы баладан: «Сен қандайсың?» деп сұрасаң, ол: «Мен кішкентаймын» деп жауап береді [114, 174б.].

Мектеп жасына дейінгі бала өз әрекеттерінің мүмкіндіктерін сезінеді, ол бәрінің мүмкін емес екенін түсіне бастайды (өзін-өзі бағалаудың басталуы). Өзіндік сана жайлы сөз бастағанда, көбінесе баланың жеке қасиеттерін (жақсы, мейірімді, ашулы және т.б.) сезінеді. Бұл жағдай өз орнын қоғамда саналы сезінуді білдіреді. Үш жасында сыртқы «Мен өзім», ал алты жасында ішкі «Жеке өзіндік санасын» байқауға болады, яғни сыртқы мені ішкі өзіндік санасына айналады.

Ішкі психикалық өмірдің құрылуы мен оның реттелуі мектеп жасына дейінгі баланың санасында және психикасында бірқатар жеке қасиеттермен байланысты. Л.С. Выготский сананың дамуы жеке психикалық әрекеттің оқшауланған өзгерісімен емес, жеке қызметтер арасындағы қатынастардың өзгеруімен анықталады дейді. Дамудың әр кезеңінде қызмет бірінші орынға шығады. Сонымен, ерте жаста психикалық әрекеттердің бастысы болып қабылдау табылады. Мектепке дейінгі жастың маңызды ерекшелігі, оның көзқарасы бойынша, мұнда психикалық әрекеттің жаңа жүйесі құрылады, оның орталығында жады болады және осыған байланысты мектеп жасына дейінгі баланың психикалық өмірінде айтарлықтай өзгерістер жүреді [82, 79б.].

Бала жалпы идеялар жоспарынан әрекет ету қабілетіне ие болады. Оның ойлауы көрнекі-әрекеттен өтіп, ол қабылданған жағдайынан шығады және үлгілер жоспарында әрекет етуге қабілетті. Бала жағдай мен құбылыс арасында қарапайым себеп-салдарлық қарым-қатынас орната алады. Балада қалайда қоршаған өмірді өзі үшін түсіндіруге және реттеуге тырысу пайда болады. Өз өмірінің бейнесін жасай келе, бала ойлап табады, елестетеді, қиялдайды. Қиял -

Buketov university

мектепке дейінгі жастың оңтайлы психикалық сапаларының бірі. Бұл сапаның жадымен көп байланысы бар, екі жағдайда да бала үлгілер мен елестетулер арқылы әрекет етеді. Есте сақтауды кей жағдайларда «қиялды жаңғырту» ретінде қарастыруға болады. Бірақ, өткен тәжірибенің бейнелерін қайта жаңғыртумен қатар, қиял балаға өз тәжірибесінде бұрын болмаған жаңа, ерекше дүниелерді құруға және жасауға мүмкіндік береді.

Осы уақытта балада ішкі, жеке өмірі пайда бола бастайды, алдымен танымдық салада сосын эмоционалды-мотивациялық аймақта. Екі бағытта да даму өз кезеңдерінен - бейнеліліктен символизмге дейін өтеді. Бейнелілік деп баланың бейнелер жасауы, оларды өзгертуі, өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, ал символизм деп символдық жүйелерді қолдана білуі, таңбалық операциялар мен әрекеттерді орындауы: математикалық, лингвистикалық, логикалық және т.б. [111, 97б.].

Шығармашылық үдеріс, ол айналадағы шындықты өзгерту, жаңа дүниелерді жасау қабілетімен сипатталады. Балалардың шығармашылық қабілеттері құрастыру ойындарында, көркем шығармашылықта байқала бастайды. Осы уақыт аралығында әдістемелік қабілеттерге арналған бейімділіктер бастапқы дамуға ие болады. Мектепке дейінгі балалық шақта оларға назар аудару қабілеттердің жедел дамуының, шындыққа деген баланың тұрақты, шығармашылық қарым-қатынасының міндетті шарты болып табылады.

Осымен бірге, қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеуді қалыптастыру үдерісі де аяқталады, ол тәрбиені белсендіруге, баланың тұлға ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Бала мен оның айналасындағы адамдар арасында түрлі іскер және жеке мотивтерге негізделген көп түрлі қарым-қатынастар пайда болады. Ерте балалық шақтың соңында балада көптеген пайдалы адами қасиеттері бекітіледі. Мұның бәрі баланың жеке басын қалыптастырады және оны басқа балалардан тек интеллектуалды ғана емес, сонымен бірге мотивациялық және адамгершілік жағынан да ерекшелендіретін тұлға жасайды. Мектепке дейінгі жаста баланың жеке дамуының шыңы - бұл жеке өзіндік санасы: ол өзінің жеке қасиеттерін, қабілеттерін, сәттілік пен сәтсіздік себептерін сезіне білуі [115].

Бұл кезеңнің тағы бір маңызды жаңа қасиеттерінің бірі - ерікті мінез-құлықтың пайда болуы. Мектепке дейінгі жаста баланың импульсивті және тікелей мінез-құлқы жанама мінез-құлық нормалары мен ережелеріне айналады.

Өз мінез-құлқын сезіну және жеке өзіндік сананың басталуы – мектепке дейінгі жастағы жаңа қасиеттердің бастыларының бірі. Мектепке дейінгі жастағы бала өзінің нені істей алатынын, нені істей алмайтынын түсіне бастайды, басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесіндегі шектеулі орнын біледі, өз әрекетін ғана емес, сонымен қатар ішкі уайымын, қалауын, көңіл-күйін сезінеді. Бала «Мен өзім» деген жолдан, өзін үлкендерден бөліп, жеке өзіндік санасын құрайтын өзінің ішкі өмірін ашуға өтеді.

Жоғарыда берілген психологиялық жаңарыстар рухани жағыру жағдайында адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үшін мектепке дейінгі жасты сезімтал етеді, себебі, қарым-қатынастарды көруі, бастапқы этикалық инстанциялардың

Buketov university

пайда болуы, мотивтердің бағынушылығы, ерікті мінез-құлық пен жеке сананың даму қажеттілігі – балаларда адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастырудың жағымды базисі ретінде қолайлы кезең болады.

Біздің зерттеуіміздің келесі қадамы – мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сүйене отырып, мектепалды жасындағы балаларда адамгершілік мәдениеттің қалыптасуының негізгі сәттерін айқындау.

Мектепке дейінгі жаста балалардың мінез-құлықтары маңызды өзгереді. Бұл жаста баланың басқа адамдарға деген көзқарасымен байланысты мінез-құлықтың адамгершілік мотивтері басты мәнге ие болады. Бұл мотивтер адамгершілік нормалар мен мінез-құлық ережелерін сезінуге және игеруге байланысты, осы кезең бойы өзгереді және дамиды.

Бұл жастағы психологиялық жаңарыстар өзін-өзі бағалау динамикасына да қатысты. Айта кету керек, осы жаста өзін-өзі бағалау негізінде талаптар деңгейі қалыптасады. Бұл өзін таныту туралы талаптар. Бала ересектердің де, құрдастарының да ықыласына ие болғысы келетін болса, өзін таныту негізінде уайымның барлық кешені қалыптасады: осылайша, ол әлеуметтік талаптарды қанағаттандырмаған кезде өзін кінәлі және ұят сезінеді; ол түсінеді, бұл «тиіс» және «міндетті» осы ұғымдардың ара қатынасы «жасағым келеді» деген намысы пайда болады, осыған орай біз басқалар үшін жасаған жақсылығын айтып, намысын көтеруіміз керек сол кезде өзінің жағымсыз әркеттерінен, қылықтарынан ұялатын болады [116].

Адамгершілік мәдениеттің кез-келген белгілерін қалыптастыру мәселесінде оларды саналы түсініп, қабылдау маңызды. Ол үшін балаға адамгершілік мәдениет белгілерінің мәні, олардың қажеттілігі мен артықшылықтары жайында білімдері болуы керек. Балада адамгершілік мәдениеттің белгілерін игеруге ынтасы болу керек, яғни тиісті адамгершілік қасиеттердің өз бойында табылуға деген ынтасының пайда болуы адамгершілік мәдениеттің белгілеріне деген жағымды қарым-қатынасын көрсетеді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік сезімдерді қалыптастырады. Білім мен сезім адамгершілік мәдениет белгілерін практикада жүзеге асыру қажеттілігін тудырады, қарым-қатынас барысында, мінез-құлқында, адамгершілік мәдениет белгілерін игерудің беріктігін тексеруге және растауға мүмкіндік береді.

Осыдан, адамгершілік мәдениетті қалыптастыру механизмі: (білім және түсінік) + (құмарлық) + (сезім және қарым-қатынас) + (дағдылар мен әдеттер) + (қылықтар мен мінез-құлық) = адамгершілік белгілер. Бұл механизм объективті сипатқа ие.

Қазіргі білім берудің мақсаты қоғамға және оның әлеуметтік-құнды әркетке қажетті қасиеттерін тұлғада қалыптастыру және дамыту болып табылады. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында прагматикалық адамгершілік мәдениеттің алғышарттары маңызды орынға шығады. Н.П. Рябининаның айтуынша: «ұқыптылық, үнемшілдік, қарапайымдылық, қанағатшылдық сияқты адам бойында қалыптасатын адамгершілік мәдениет белгілері экономикалық қарым-қатынас және өндірістік күштің иесі ретінде әлеуметтік-психологиялық және адамгершілік қасиеттерге айналуы тиіс» [117].

Buketov university

Мектеп жасына дейінгі балалар дамуының жас ерекшеліктерін сипаттаған ғалымдар С.Н. Жиенбаева [118], Ф.Н. Жұмабекова [119], Р.К. Аралбаева [120] еңбектерін басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының [121] мазмұнына сәйкес, білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі берілген.

Суреттер 3, 4, 5-ден 5- жастағы тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдылар тізбесінен нақты осы жаста қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруға болатынын көруге болады.

**Денсаулық сақтау дағдылары**

| Дағдылар тізбесі | • Мектепалды жасы (5 жастан бастап) |
|---|---|
| Қарым-қатынас мәдениеті | • Гигиеналық шынықтыру шараларын өздігінен орындайды |
| Дене шынықтыру | • Негізгі қимыл түрлерін орындау кезінде шығармашылық танытады |
| Дербес қимыл белсенділігі | • Командада қимылды ойындарды ұйымдастыру дағдыларын игерген. Қимыл белсенділігіне қарапайым өзіндік бақылауы қалыптасады |
| Салауатты өмір салты | • Қауіпсіздік қағидаларын саналы түрде орындайды |

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың факторы ретінде қоғамдық сананы жаңғырту жағдайын теориялық негіздеу бізге мынадай категорияларды талдауға әкелді: жаңғыру, сана, қоғамдық сананы жаңғырту, адамгершілік, мәдениет, адамгершілік мәдениет, психологиялық жаңарыстар, мектеп жасына дейінгі балалардың сезімталдығы.

Біз «*Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті*» түсінігіне мынадай анықтама бердік: бұл мәдениеттің осы түрінің белгілері жайында біліп қана қоймай, сонымен қатар олардың мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез- құлықтық, рефлексивті компоненттерде байқалу тәсілдерін, амалдарын игеруге, оларға саналы баға беруге мүмкіндік беретін бала тұлғасының белсенді позициясы.

Аталған компоненттерге сипаттама беріп өтетін болсақ: *Адамгершілік мәдениеттің мотивациялық-тұлғалық компоненті* – адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыруға тұлғалық бағыттылығын сипаттаудан тұрады, адамгершілік мәдениет белгілері – қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік, ұқыптылық – қызығушылық танытуы, адамгершілік мәдениет

Buketov university

белгілері арқылы өзара әрекеттестікке қажеттіліктің маңыздылығын түсінуі. *Адамгершілік мәдениеттің мазмұндық компоненті* – адамгершілік мәдениет белгілерінің мағынасын және олардың пайда болуы мен байқалу мәнін білуі және түсінуі. *Адамгершілік мәдениеттің мінез-құлықтық компоненті – Қоғамдық сананы жаңғырту* жағдайында адамгершілік мәдениеттің әдістері мен тәсілдерін игеріп сипаттау, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындау және әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілерін байқату.

*Адамгершілік мәдениеттің рефлексивті компоненті* – балалар тарапынан өзіндік бағалау, өздігінен талдау және өзіндік түзету. Педагогикалық сөздікте тұлғаның қалыптасуын тәрбиенің, оқытудың, әлеуметтік ортаның сыртқы факторларының әсерінен оның дамуы мен қалыптасу үрдісі ретінде түсіндіреді; тұлғаның немесе оның кез-келген жағының, тәрбие мен оқытудың әсерінен қасиеттердің мақсатты дамуы; адамның әлеуметтік қатынастардың субъектісі және объектісі ретінде қалыптасу үрдісі [122].

**Шығармашылық дағдылар**




*Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру* деп біз мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісінің мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті компонеттеріне педагогикалық ықпалы деп түсінеміз, ал нәтижесі - Қоғамдық

Buketov university

сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет негіздері қалыптасқан мектеп жасына дейінгі балалар.

**Әлеуметтік дағдылар**




Сурет 3 - 5-жастағы дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, біз келесідей қорытындыға келдік:

1. Қазіргі заманның, мемлекеттің даму дәуірінің елеулі сипаты - жаңғыру болып табылады. Жаһандық интеграциялық үдерістерге ұмтылу қазақстандық қоғамды сипаттайды, соның нәтижесінде жаңғыру ел дамуының негізгі үдерістерінің біріне айналуда.

2. Адамгершілік мәдениет – түсінік ретінде адамдарды біріктіретін, олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға ықпал ететін, жеке басының дамуы, өмірлік мақсаттарына жетудің ең қолайлы, лайықты тәсілі, жеке адамның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін оңтайлы әлеуметтік-мәдени құбылысты білдіреді.

3. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениеттің маңызды белгілері: қарапайымдылық, өзінің және қоғамның мүлкіне ұқыптылық, үнемшілдік, қанағатшылдық танытып, жеке қабілеттерін барынша пайдалану.

4. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісі мектепке дейінгі жастың сезімталдығымен, атап айтқанда: дамудың әлеуметтік жағдайы; іс-әрекеттің жетекші түрі; заңды қарым-қатынастарды, бастапқы этикалық инстанциялардың пайда болуын, мотивтерге бағынуды, ерікті мінез-құлық пен жеке сананың дамуын көру қажеттілігі Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың қолайлы платформасы болып табылады.

Buketov university

**Коммуникативтік-тілдік дағдылары**

| **Дағдылар тізбесі** | • **Мектепалды жасы (5 жастан бастап)** |
| --- | --- |
| Қарым-қатынас мәдениеті | • Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін біледі және оларды сақтайды |
| Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін біледі және оларды | • Сөйлеуге сыни қарым-қатынас таныта алады, грамматикалық дұрыс сөйлеуге тырысады |
| Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті | • Дұрыс, мәнерлі сөйлей алады. Интонациялық мәнерлеудің түрлі тәсілдерін қолданады |
| Сөздік қор | • Сөйлеуде антоним, синоним сөздерді қолдана отырып, тілдегі сөздің көп мағыналығын түсінеді |
| Байланыстырып сөйлеу | • Әртүрлі сөз таптарын, эпитеттер мен салыстыруларды қолдана отырып, монолог құра алады |
| Шығармашылықпен тілдік қызмет | • Оқиғаларды құрастыра алады, астарлы және ауыспалы сөздерді қолданады және түсінеді. Ұйқас және сөздік ойынға қызығушылық танытады |
| Шығармаларды қабылдауы | • Кітапқа қызығушылық танытады, өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқи алады. Кітапқа қызығушылық танытады, өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқи алады |
| Сауат ашу негіздері | • Үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. Буындарды ажыратады. Жазудың қарапайым дағдыларын: қарындаш, қалам ұстауды, алады, сурет салуды, сызықтар сызуды, басып жазуды меңгереді. Қағаздың, кітаптың бетінде бағдарлана біледі |
| Байланыстырып сөйлеу | • Әртүрлі сөз таптарын, эпитеттер мен салыстыруларды қолдана отырып, монолог құра алады |

Buketov university

Сурет 4 - 5-жастағы дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

**Танымдық дағдылар**

| **Дағдылар тізбесі** | • **Мектепалды жасы (5 жастан бастап)** |
|---|---|
| Заттардың қасиеттерін бағдарлау | • Танымдық әрекет ретінде заттардың қасиеттері мен белгілерін қарастырады |
| Қоршаған ортаны тану | • Танымдық міндеттерді көрнекі-қимылдық және көрнекі-үлгілік жоспармен шеше алады, жүйелей және топтастыра алады. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу қабілетіне ие |
| Құрастыру дағдылары | • Құрастырудың бірнеше және қарапайым жинақтау тәсілдерін меңгерген және түрлі нәтиже алу үшін бір және бірнеше тәсілдерді қолданады |
| Экологиялық мәдениет негіздері | • Қоршаған әлемнің алуан түрлілігін түсінеді. Өсімдіктердің белгілерін, қасиеттерін, олардың тіршілік ортасын біледі. Табиғат бұрышын мекендеушілерге күтім жасай алады |
| Қарапайым математикалық ұғымдар | • Геометриялық пішіндердің құрылымдық сипаттамаларын, тура және кері реттегі сандық қатынасты біледі |
| Ізденіс және экспери-менттік әрекет | • Қарапайым себеп-салдарлық байланыс орната алады, ретімен және нәтижелі эксперимент жасай алады |
| Ақпаратпен жұмыс | • Жаңа ақпаратты қызығушылық танытқандарға қалай ұсынуды біледі және түсінеді |

Buketov university

Сурет 5 - 5-жастағы дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

4. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісі мектепке дейінгі жастың сезімталдығымен, атап айтқанда: дамудың әлеуметтік жағдайы; іс-әрекеттің жетекші түрі; заңды қарым-қатынастарды, бастапқы этикалық инстанциялардың пайда болуын, мотивтерге бағынуды, ерікті мінез-құлық пен жеке сананың дамуын көру қажеттілігі Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың қолайлы платформасы болып табылады.

5. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында «мектеп жасына дейінгі

балалардың адамгершілік мәдениеті» - мәдениеттің осы түрінің белгілері жайында біліп қана қоймай, сонымен қатар олардың мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті компоненттерде байқалу тәсілдерін, амалдарын игеруге, оларға саналы баға беруге мүмкіндік беретін бала тұлғасының белсенді позициясы.

6. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру – мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісінде мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті компоненттеріне педагогикалық ықпал ету, нәтижесі болып Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет негіздері қалыптасқан мектеп жасына дейінгі балалар.

Алға қойылған міндеттерге сәйкес біздің одан әрі зерттеуіміз мынадай мәселелерді қарастыруға бағытталады: Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясы.

*Педагогикалық жүйе оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына бағынатын біртұтас бірлікті құрайтын өзара байланысқан компоненттердің жиынтығы* ретінде анықталады. Осыған байланысты, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі - мақсаттық (педагогикалық жүйенің мақсаты), мазмұндық (балаларда адамгершілік мәдениетті қалыптастырудың ынталандыру, қалыптастырушы, түзетуші кезеңдері), процессуалдық (педагог пен балалар қызметінің мазмұны, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру технологиясын іске асыру; білім беру үрдісінің әр түрлі формаларында оқыту және тәрбие әдістері, құралдары), бақылау-бағалау (мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті деңгейінің қалыптасуын мониторингілеу), нәтиже (адамгершілік мәдениеттің қалыптасқандығы, оның деңгейлері) компоненттердің жиынтығынан тұрады.

Заманауи педагогикада *педагогикалық технология* бұл педагог әрекетінің бірізді жүйесі, алдын-ала жобаланған педагогикалық үдерістің практикада бірізді іске асырылуы деп түсіндіріледі. Осы анықтамаға сүйене отырып, біз Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясы түсінігін былайша тұжырымдадық, бұл оқыту мен тәрбиенің ұйымдастыру формаларын, оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, оқыту мен тәрбиелеу құралдарын қолдана отырып, алдын-ала жоспарланған нәтижесі бар, балалардың әрекеттеріне бағдарлауды жүзеге асыруда педагог әрекетінің жобаланған жүйесі.

### 1.2 Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі

Buketov university

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық үдерісі жүйелік тұғырға негізделген. Жүйелік тұғыры – жүйе ретінде нысанды қарастыруға негізделген ғылыми таным мен әлеуметтік тәжірибе әдіснамасының бағыты; нысанның тұтастығын ашуға, ондағы әртүрлі байланыс түрлерін анықтауға және оларды біртұтас теориялық тұрғыдан біріктіруге зерттеушіні бағыттайды [123]. Педагогикада бұл тұғырды қолдану негізі педагогиалық жүйенің барлық компонеттерін: тұтастығын, байланысын, құрылымын және ұйымдастырылуын, жүйе деңгейлерін, олардың иерархиясын, басқаруды, мақсат пен міндетке сәйкестігін, жүйені өзіндік ұйымдастыру және қызметі мен дамуын анықтауға мүмкіндік береді [124].

«Жүйе» терминіне келсек, келесідей түсіндіріледі: белгілі бір тұтас білім болып табылатын көптеген өзара байланысқан элементтер жиынтығы [124, 304б.];

- бір-бірімен өзара қарым-қатынаста және байланыста болатын белгілі бір тұтастықты, бірлікті түзейтін элементтер жиынтығы [123, с. 1181];
- шынайы түрде орналасқан және өзара байланыста болатын бөліктердің бірлігін білдіретін тұтастық [32, с. 940];
- белгілерге сүйене отырып, басқарудың қызметі мен бірлігінің жалпы мақсатымен біріктірілген және ортамен өзара әрекеттестікте біртұтас құбылыс ретінде әрекет ететін өзара байланысты элементтердің реттелген жиынтығы [125].

Біздің ойымызша, соңғы анықтама қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін өңдеуде біз сүйенген «жүйе» ұғымының мәнін кеңінен ашады.

Педагогика ғылымында «педагогикалық жүйе» ұғымына В.П. Беспалько [126], Ю.К. Бабанский [127], П.И. Пидкасистый [128] сынды ғалымдар өз еңбектерін арнаған. В.Н. Садовский [129], Н.В. Блауберг, Э.Г. Юдиннің [130] еңбектерін талдай келе, педагогикалық жүйенің мынадай ерекшеліктерін атауға болады: үйлесімді, әлеуметтік, өздігінен ұйымдастыру, қарқынды, ықтималды, ашық жүйелер. Педагогикалық жүйе «тәрбие және оқыту мақсаттарына бағынған тұтас бірлікті құрайтын өзара байланысқан компоненттердің реттелген жиынтығы» ретінде анықталады. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесінің негізін құрылымдық және қызметтік компонеттер құрайды. Педагогикалық жүйенің құрылымдық компоненттері тек педагогикалық жүйелерге ғана тән базалық элементтер болып табылады.

Қызметтік компоненттер – бұл басшылардың, педагогтердің, білім алушылардың қызмет үдерісінде туындайтын құрылымдық компоненттердің тұрақты базалық байланыстары [131].

Педагогикалық жүйенің қызметтік компонеттерінің ішінде авторлар

Buketov university

мыналарды бөліп көрсетеді: гностикалық - педагогикалық міндеттерді шешу үдерісінде жүйе және оның компонеттері жайлы жаңа білімдерді жинақтау үдерісімен байланысты әрекеттер; құрылымдық - міндеттерді жоспарлау және оларды шешу тәсілдерімен байланысты әрекеттерден тұратын жобалық; оқыту және тәрбие ақпараттарының мазмұнын іріктеумен және композициялық тұрғызумен байланысты әрекеттер; қарым-қатынас – педагогикалық үдеріске қатысушылар арасындағы мақсатты педагогикалық өзара қатынасты орнату; ұйымдастырушылық – үдеріске қатысушылардың өзара әрекеттесуін нақты ұйымдастыруды іске асырумен байланысты; түзетушілік – табысты деңгейіне қарай педагогикалық жүйенің қызметін қайта қарастырумен байланысты әрекеттер [132].

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру бойынша әзірлемелер, оларды енгізу және сынақтан өткізу мәселесі жайында ғылыми зерттеулерді талдау төмендегілерді көрсетті.

А.Н. Сидорова мектепке дейінгі ұйымы жағдайында ересек мектеп жасына дейінгі баланың тұлғасының рухани-адамгершілік негіздерін қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастыру әдістемесін сынақтан өткізсе [133], И.Н. Вавилова ересек мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын адамгершілік тәрбие негізінде қалыптастырудың процессуалдық моделін ұсынады [134]. Е.А. Голоюс мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік көзқарастарын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық факторлары, олардың ішінде: аналардың балаларға деген ата-аналық қатынасының ерекшеліктері және мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік көзқарастары, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік көзқарастарын қалыптастыру факторы ретінде мультипликациялық өнімдерді ұйымдастыру, мектеп жасына дейінгі балалардың бос уақыты мен адамгершілік көзқарастарының сипаттамалары арасындағы байланысын көрсетсе [135], Н.В. Мельникова бастапқы этикалық ұғымдарды игеру негізінде мектеп жасына дейінгі тұлғаның адамгершілік саласын дамыту моделін жасап, сынақтан өткізді [136]. Т.В. Забельская этникалық мәдениет арқылы ересек мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік сезімдерін қалыптастыру моделін ұсынды [137]. Г.В. Иванова мектепке дейінгі ұйым жағдайында семиотикалық тұғыр негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін ұйымдастырудың теориялық моделі мен педагогикалық шарттарын сынақтан өткізеді [138]. Н.В. Ломоносова ересек мектеп жасына дейінгі балаларда базалық ұлттық құндылықтарға негізделген әлем туралы адамгершілік идеяларды қалыптастырудың технологиялық моделін өңдеп, сынақтан өткізді [139]. Р.Р. Калинина мектепке дейінгі жаста адамгершіліктің қалыптасу факторы ретінде әлеуметтік ортаны зерттейді [140]. Н.В. Космачева мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік құндылық бағдарларын қалыптастырудың педагогикалық моделі мен шарттарын ұсынады [141]. Г.А. Курбонова ұлттық қозғалыс ойындарының мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік-еріктік қасиеттерін қалыптастыруға әсерін зерттейді [142]. Г.А. Белгибаева қазақ дидактикалық шығармалары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің құрылымдық-қызметтік моделі мен

Buketov university

педагогикалық шарттарын сынақтан өткізді [143]. С.А.Касенова тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жоғары рухани-адамгершілік тәрбиелілігін қалыптастыру моделін өңдесе [144], С.Қ. Әбілдина бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халқының ауызекі шығармашылығы арқылы болашақ мұғалімдердің даярлаудың моделін ұсынды [91, 24б.].

Сыналған әзірлемелер бойынша зерттеулердің ұсынылған талдауы *Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған* педагогикалық жүйенің жоқтығын көрсетеді.

«Жүйе», «педагогикалық жүйе», «педагогикалық жүйенің құрылымдық және қызметтік компоненттері» ұғымдарының өзара байланысин логикалық тұрғыдан түсінудің нәтижесі Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында *мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін* өңдеу болып табылды. Ол төмендегі 6-суретте ұсынылған.

Ұсынылып отырған педагогикалық жүйенің ғылыми құндылығы оның Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру бойынша әрекетті ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әдіснамалық тұғырларға сүйене отырып әзірленгендігі; Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік беретін принциптері.

Педагогикалық жүйелерде «құрылымдық және қызметтік компоненттердей», авторлық педагогикалық жүйедегі мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық, бақылау-бағалау, нәтижелік компонеттердің жиынтығын атап өтуге болады. Қойылған мақсат қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесінің міндеттерін айқындады, соған сәйкес оларды жүзеге асыруда оңтайлы педагогикалық шарттар ұсынылды.

Барлық компоненттерінің жиынтығымен өңделген педагогикалық жүйені енгізу зерттеудің эксперименттік бөлімінің мақсатына жетуді дәйекті дәлелдейді.

Философтер, психологтер, педагогтер мақсат туралы айтқан кезде, ең алдымен, оны қалыптастыратын себептерге сүйенеді. Зерттеушілердің ойынша себептер ретінде саналы қажеттіліктер танылады. Қажеттілік нені білдіреді:

- қанағаттандыруды талап ететін, белгілі бір нәрсеге деген қажеттілік [32, 739б.];
- белсенділікті оятатын ішкі қозғаушы [123, 1027б.];
- ағзаның, адам тұлғасының, әлеуметтік топтың, жалпы алғанда қоғамның өмір сүру және даму жағдайларының объективті мазмұнына тәуелділігін білдіретін қажеттілік [145].

Қоғамның қажеттіліктерін сезіну (қоғам тапсырыс), мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі

Buketov university

тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын талдау педагогикалық жүйенің мақсатын жобалауға негіз болды. Педагогикалық жүйенің мақсаты – қоғам оның ішінде білім берудің қажеттіліктерін жүзеге асыру болғандықтан, онда үкіметтік, нормативтік, білім беру саласындағы нормативтік құжаттарда ұсынылған осы қажеттіліктерге тоқтала отырып, үкіметтік, нормативтік құжаттарды талдадық: Қазақстан Республикасының Конституциясы [146], Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [147], «Баланың құқықтары» туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N345 Заңы [148], «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» [1449], «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» [121], Қ.-Ж.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы [150]. Әдістемелік нұсқау хаттар: Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2018-2019 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы [151], Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы [151], 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу-процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы [153], Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы [154], Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы [155].

Әдістемелік ұсынымдар: Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері [156], «МӘҢГІЛІК ЕЛ» мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеу бойынша ұлттық идея мәнмәтіні [157], Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша [158], «Халық ауыз әдебиеті – мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін тәрбиелеудің негіздері [159] Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік және білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатынын көрсетеді.

Президент Қ.-Ж. Тоқаев: «... мемлекетте шенеуніктерге адами қарым-қатынас, қарапайымдылық жетіспейді ...» – деп растайды [160].

Қазақстан Республикасында соңғы уақытта қабылданған негізгі актілердің бірі – жастар мен балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін өзекті болып табылатын «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі. «Мәңгілік Ел»

Buketov university




6 – Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі

ұрпақтары ата-бабаларымыздың ұрпағы екендіктерін біліп, сезініп, осы «Тәуелсіздік», «Мәңгілік Ел» ұғымдарын қастерлеп, берік ұстануы керек екенін ұғынғанымыз абзал. Қ.-Ж.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында барлық бастама тәлім-тәрбиеден басталады. Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жан-жануарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашымайды.

Мәселе экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада дей келіп, саяси-экономикалық реформаларды және Қоғамдық сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастырудың қажеттілігін атап өткен.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының мақсатында, мектеп жасына дейінгі балаларда физикалық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуға бағытталғандықтан, практикалық жұмыстар білім берудің бес саласының мақсаттарына негізделген.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің мақсаты: дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу, оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау.

Әдістемелік хаттардың мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда педагогтің атқаратын міндеттері, заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен педагогке қажетті материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілген.

Әдістемелік ұстанымдырдың мақсаты: рухани-адамгершілік мәдениетті қалыптастыру, педагогикалық өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету; баланы психологиялық-педагогикалық зерттеу; барлық білім беру салаларын, балалардың әр түрлі әрекет түрлерін бірыңғай кеңістікке біріктіру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мемлекеттік, нормативтік құжаттарда белгіленген перспективалық міндеттерге сәйкес оларды жүзеге асыруды көздейді, бірақ ол міндеттер мектепке дейінгі білім беру жүйесінде әлі де болса дұрыс шешімін таппаған.

Осылайша, үкіметтік, нормативтік құжаттарға, білім беру саласындағы нормативтік құжаттарға жүргізілген талдау, сондай-ақ әрбір педагогикалық жүйе әрқашан қоғамда қабылданған және білім берудің түпкі мақсаттарын айқындайтын белгілі бір құндылық бағдарларға негізделетінін ескере отырып, қоғамның адамгершілік-рухани тұлғадағы қажеттілігін, мұқтаждығын,

Buketov university

өзектілігін айқындап, білім беру тапсырысын куәландырады. Осыған байланысты, әзірленген педагогикалық жүйенің *мақсаты - қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру* болып табылады. Педагогикалық жүйенің мақсатын жүзеге асырудың логикалық жалғасы оның міндеттері болады, оның негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық жаңарыстарын есепке алу (1.1 Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың факторы ретінде) атты тармақшада егжей-тегжейлі берілген. Бұл педагогикалық жүйе мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру үдерісіне енгізілетін болады, соның ішінде: Қарағанды қаласының КМҚК «Ертөстік», ЖШС «Талант-менеджмент» тұлғаны дамыту және зерттеу орталығы Дарынды бала - №3», ЖШС «Талант-менеджмент» тұлғаны дамыту және зерттеу орталығы Дарынды бала - №4», ЖШС «Мектеп-балабақша «Академия детства»», ЖШС ШБО «Колобок».

Педагогикалық жүйенің мақсаты және адамгершілік мәдениет құрылымында: мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті деп компоненттерді бөліп көрсету, мынадай міндеттерді айқындауға түрткі болып, осыған байланысты, мақсаттық компонент төмендегі *міндеттермен* нақтыланады:

- қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілеріне тұлғалық бағыттылығын қалыптастыру;
- қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілерінің мағынасын және олардың пайда болуы мен байқалу мәні жайында білімдерді меңгеру;
- қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында балаларда адамгершілік мәдениеттің әдістері мен тәсілдерін игеруі;
- өз мінез-құлқын бағалау, талдау, түзету үшін рефлексивті механизмдерді қалыптастыру.

Жоғарыдағы міндеттердің әрқайсысына сипаттама беріп өтсек:

Біріншіден – *қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілеріне тұлғалық бағыттылығын қалыптастыру.* Мұнда «тұлғалық бағыттылығы» түсінігіне тоқталу қажет. Бағыттылық «қандай да бір мақсатқа бағытталған ойлар, мүдделер қызығушылықтар» деп түсіндіріледі [32, 493б.]; «жағдайға байланысты жеке тұлғаның әрекетін бағдарлайтын тұрақты мотивтер жиынтығы. Тұлғаның бағыттылығы адамның дүниетанымынан көрінетін оның мүдделерімен, қызығушылықтарымен, бейімділігімен, сенімділігімен сипатталады» [161].

Осы анықтамаларға сүйене отырып, бірінші міндетті келесідей ашуға болады – Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік-мәдениет ретінде мектеп жасына дейінгі балалардың тұлға әрекетін бағдарлайтын тұрақты мотивтер жиынтығын қалыптастыру.



Buketov university

Мұндай тұлғаны оның дүниетанымын білдіретін сәйкес қызығушылықтар, бейімділіктер, нанымдар мен идеалдар сипаттайды. Осыған байланысты бұл міндет балаларда тұрақты мотивацияны қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады, оған адамгершілік мәдениет белгілеріне – қанағатшылдыққа, қарапайымдылыққа, үнемшілдікке, ұқыптылыққа деген қызығушылықтары тән.

Екіншіден – *қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілерінің мағынасын, олардың пайда болуы мен байқалуы жайында білімдерді меңгеру.* Бұл міндетті шешу мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік мәдениет белгілерінің мәні мен пайда болуы туралы ақпарат беру арқылы жүзеге асырылады.

Үшіншіден – *қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында балаларда адамгершілік мәдениеттің әдістері мен тәсілдерін игеруі*не бағытталған.

Сонымен аталған міндеттің өзектілігі балалар Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениеттің белгілері туралы біліп қана қоймай, адамгершілік мәдениетті қабылдауымен, сонымен қатар Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілерін (өз мінез-құлқында, іс-әрекетінде) көрсете білуі.

*Өз мінез-құлқын бағалау, талдау, түзету үшін рефлексивті механизмдерді қалыптастыру* міндеті өте маңызды, өйткені балалардың рефлексивті әрекеттерінде өз ойларына, іс-әрекеттеріне қайта оралу арқылы және өздігінен талдау, өзін-өзі бағалау негізінде олар әрі қарай мінез-құлығын түзету әрекеттері жолымен реттейді. Рефлексия механизмдері балаларға өзін-өзі жетілдіруіне, өзін-өзі қалыптастыруына, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді, осылайша ол әрбір баланың түсіну сезімін белсендіреді.

Педагогикалық жүйені әзірлеуде әдіснамалық тұғырларды таңдауды негіздеу «әдіснама» және «тұғыр» ұғымдарының мәнін ашуды талап етеді.

Әдіснама – (гректің *methodos* – зерттеу жолы немесе таным, *logos* – ілім) бұл теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру және құру принциптері мен тәсілдерінің жүйесі, сондай-ақ осы жүйе туралы ілім [161, 177б.]. Әдіснаманың мақсатын анықтай отырып, Э.Г.Юдин бойынша «Ғылым әдіснамасы оның объектісін, пәнін ғылыми зерттеудің құрамдас бөліктерін, зерттеу міндеттерін талдауды, оларды шешуге қажетті зерттеу құралдарының жиынтығын сипаттайды, сондай-ақ зерттеу міндеттерін шешу үдерісінде зерттеушінің қозғалыс реттілігі туралы түсінікті қалыптастырады» [162]. В.В. Краевский әдіснаманы ғылым мен практиканың байланыс құралы мен тәсілі деп санаса [163], Н.А. Масюкова ғылымның практикадағы көмекші құралы ретінде қарастырады [164].

Педагогика әдіснамасын қарастырғанда төмендегі көзқарастарды келтіруге болады. Сонымен, В.И. Загвязинскийдің ойынша: «Педагогикалық әдіснама мыналарды қамтиды: педагогикалық білімнің құрылымы мен функциялары туралы, оның ішінде педагогикалық мәселелер туралы білімдер; педагогикалық мәні бар бастапқы, негізгі, іргелі әлеуметтік-педагогикалық ережелер

Buketov university

(теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар); алған білімдерін тәжірибені жетілдіру үшін қалай пайдалану керектігін үйрету; логика және әлеуметтік-педагогикалық ізденіс әдістері туралы ілімдер» [165], В.В. Краевскийдің ойы: «Педагогика әдіснамасы - бұл педагогикалық теорияның негіздері мен құрылымы, педагогикалық шындықты көрсететін білім алу тәсілдері мен тұғарлары туралы білім жүйесі, сондай-ақ білім алу және бағдарламаларды, логика мен әдістерді негіздеу, әдістемелік ғылыми педагогикалық зерттеулердің сапасын бағалау» [163, 10б.], М.А. Данилов бойынша «Педагогика әдіснамасы – бұл педагогикалық теорияның негіздері мен құрылымы, тұғырлар принциптері және білім алу тәсілдері туралы білім жүйесі, ...педагогикалық шындықта көрінетін» [166]. Авторлар А.М. Новиков және Д.А. Новиков әдіснама мен нақты ғылым әдіснамасын зерттей отырып, қазіргі заманғы ғылымда ұсынылған анықтамалардың бұлыңғыр әрі тар екендігіне көз жеткізеді. Авторлардың әдіснамаға берген анықтамасы (кез келген ғылыми бағыт үшін) бұл әрекетті (өнімді) ұйымдастыру туралы ілімі болып табылады және қандай ғылым әдіснамасы туралы сөз болып отырғаны маңызды емес. Мұндай анықтама әдіснаманың пәнін – қызметті ұйымдастыруды ерекше анықтайды [167]. Біздің ойымызша, бұл анықтама дәлірек, қисынды және біз өз зерттеуімізде соған сүйенеміз.

Білім және педагогика сөздігінде тұғыр қандай да бір педагогикалық мәселені зерттеу тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы ретінде анықталады [168].

Біз өз зерттеуімізде қойылған міндеттерді шешу барысында мынадай *әдіснамалық тұғырларды* негізге алдық: жүйелік, мәденилік, мәдени-тарихи, ақпараттық. Себебі, аталған тұғырлар қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру бойынша іс-әрекетті ұйымдастыруға және осы феноменді зерттеудегі әдістердің, тәсілдердің жиынтығын анықтауға мүмкіндік береді. Берілген тұғырларды өз зерттеуіміздің аясында қарастырып өтейік.

*Жүйелік тұғыры* В.С. Леднев [169], В.В. Сериков [170] бізге мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін тұтастық тұрғысынан қалыптастыруға және оны жүзеге асыру механизмін анықтауға мүмкіндік береді. Жүйелік тұғырға қажеттілік тұлға тек жеке феномен ретінде зерттеліп ғана қоймай, тұтас көріністі жасау мақсатында басқа да жүйелік нысандармен өзара әрекеттесу үдерісінде көрінетін ерекшеліктер зерделенгенде анықталады [171].

В.А.Барабанщиковтың пікірінше, «жүйелік танымның ерекшелігі шынайы интегралды білімдерді сипаттау және түсіндіру мүмкіндіктерінен тұрады .... Әр түрлі динамикалық бірлік, яғни жүйе кез-келген позитивті ғылымның қазіргі жүйесін білдіретін элементтер мен құрылым, бөлік және тұтас, ұйымдастыру және үйлестіру, даму, иерархия, өлшемдер мен деңгейлер тұрғысынан талданады» [172].

Жүйелік тұғыр негізінде біз мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін құраушыларды анықтадық: тұлғалық-мотивациялық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексиялық компоненттер; педагогикалық жүйе: мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық, бақылау-бағалау, нәтижелік оларды бірге жүзеге



Buketov university

асыру Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

*Мәденилік тұғыры* мәдениет түсінігіне негізделген. Мәдениет – материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы, сонымен қатар, қоғамдық-тарихи тәжірибе үдерісінде адамзаттың жасағанын жеткізу, қолдану тәсілі. Мәдениет – әлеуметтік-тарихи формациялардың ауысуына байланысты дамып келе жатқан тарихи құбылыс [124, 222б.]. Мәдениет – адамдардың өндірістік, әлеуметтік және рухани жетістіктерінің жиынтығы [32, 399б.]. Біздің зерттеуіміз үшін мәдениет ұғымында мәдениет түсінігі құндылықтар мен пікірлер жүйесін ғана емес, сонымен қатар тұлғаны қалыптастырудың нақты шарттарын айқындайды.

Білім беру үдерісін қоғамдық мәдениет саласындағы жеке тұлғаның қозғалысы ретінде қарастыра отырып, біз оның екі компонентін нақты ажыратамыз. Бір жағынан, адам белсенді, ол таным жолымен жылжып, әлем үлгілерінің жеке жүйесін әзірлейді және жетілдіреді. Екінші жағынан, тұлға мәдени ортада өсіп, оның ажырамас бөлігіне айналады, нормаларды, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді қабылдайды, қоғамдастыққа тиесілі үлгілік қорды меңгереді. Тұлғаның әлемдік мәдениетпен байланысы кең болған сайын, жеке білім беру болашағы да бай.

«Бір мезгілде білім беруді мәдениетке және мәдениетті білім беруге кіріктіру» қажеттілігін өзектендіре отырып, Е.В. Бондаревская «мәдениетті адам арқылы сақтауға болмайды. Бұл үшін білім беру саласы оған мәдени сәйкестендіру механизмін енгізуі керек. Біздің түсінігімізде мәдени сәйкестілік дегеніміз – бұл бір-бірімен және өз халқымен ұқсастық орнату, ұлттық мәдениетке деген сезімді сезіну, оның құндылықтарын игеру (қабылдау), халықтың мәдени болмысымен өмір сүру» [173].

Педагогикалық шындықты танудың және түрлендірудің нақты-ғылыми әдіснамасы ретінде мәденилік тұғыр әрекеттің өзара байланысқан үш аспектісін қамтиды: аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығармашылық [174].

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда мәденилік тұғырының аксиологиялық аспектісі тұлғаның құндылық аспектілерін – қарапайымдылық, қанағатшылдық, үнемшілдік, ұқыптылық, сонымен қатар адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесу қажеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық үдерісті ұйымдастыруды болжайды.

Мәденилік тұғырдың технологиялық аспектісінде мәдениет адам әрекетінің көрінісі болып анықталады. Біздің зерттеуіміздің аясында Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет амалдары мен тәсілдерін қалыптастыруда мәденилік тұғырдың технологиялық аспектісі жүзеге асырылады.

Мәденилік тұғырдың тұлғалық-шығармашылық аспектісін индивид пен мәдениеттің объективті байланысымен түсіндіруге болады. Индивид – мәдениеттің тасымалдаушысы. Ол адамның объективті мәні негізінде дамып

Buketov university

қана қоймайды, сонымен бірге оған түбегейлі жаңалық енгізеді, яғни тарихи шығармашылықтың субъектісіне айналады [175]. Л.С. Выготскийдің пайымдауынша шығармашылық акт пен жасаушының тұлғасы бірыңғай коммуникативті желіге еніп, тығыз өзара әрекеттесу арқылы түсінілуі керек [176]. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру кезінде тұғыр мағыналы болады, өйткені білім беру үдерісін ұйымдастыруда біз, ең алдымен, адамның шығармашылық іс-әрекетте шығармашылық тұлға ретінде қалыптасу үдерісін ескердік.

Бүгінде, республикада аксиологиялық тұғыр жеке бағыт болып өңделіп және жүзеге асырылуда, оның мәні педагогикалық үдеріс субъектілерінің шығармашылық әлеуетін дамыту тұрғысынан педагогикалық мәселені зерттеу болып табылады. Аталмыш тұғыр аясында Т.С. Садыков, А.Е. Абылкасымова [177], З.А. Исаева [178] және басқалардың ұсынған педагогикалық ойлары белгілі.

*Мәдени-тарихи тұғыр* адамзаттың ғылыми білімі мен рухани тәжірибесі негізінде мәдениет құндылықтарын кейінгі ұрпаққа жеткізу үдерісін болжайды. Әлемде болып жатқан терең өркениеттік үдерістер контекстінде құндылықтарды тасымалдау үдерісін жүзеге асыру, мәдени-тарихи тұғырды пайдалану, жас ұрпақты сабақтастық, бірегейлік, адамгершілік, рухани, үйлесім негізінде тәрбиелеу мүмкіндігін кеңейтуге және нығайтуға мүмкіндік береді. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда мәдени-тарихи тұғырды пайдалану тарихи контексте адамгершілік және мәдениет түсініктерінің тарихи даму мәселелерін ашуды көздейді. Бұл өз кезегінде адамгершілік мәдениеттің мазмұндық компонентін толықтырады.

Біздің зерттеуіміз үшін қазақстандық ғалымдар Ж.М. Абдильдин, А.М. Нысанбаев [179], Д.Н. Нурманбетованың [180] зерттеулері маңызды, онда әлеуметтік-философиялық тұрғыдан алғанда өтпелі кезеңдегі адам даралығының қалыптасуы мен өмір сүруінің мәдени-тарихи мәселелері қарастырылған.

*Ақпараттық тұғыр.* Қазіргі қоғамды ақпараттандырудың жалпыға ортақ сипаты жаңа міндеттерді ашып, педагогика ғылымының дамуындағы жаңа үдерістерді туғызады. Соңғы уақытта педагогтер оқу танымына, тәрбиесіне ақпараттық тұғырмен байланысты түрлі мәселелерді зерттеуге көп көңіл бөле бастады, өйткені ақпаратты жеткізу, сақтау, пайдалану, түрлендірудің қуатты ақпараттық үдерістері бар [181].

Бүгінгі күні ақпараттық тұғыр негізінде технологиялық тұғыр белсенді даму үстінде. Технологиялық тұғырды табысты қолданатын қазақстан ғалымдарының қатарында: Д.М. Джусубалиева [182], Л.А. Шкутина, А.Н. Санхаева [183], Г.К. Нұрғалиева, А.И. Тажигулова [184] және басқалар.

Ақпараттық тұғыр шеңберінде технологиялық тұғырды қарастыру қазіргі заманғы коммуникация барлық деңгейде оңтайлы білімді жылдам меңгеруге, оқуға мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кең ауқымды қолданумен түсіндіріледі.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың

Buketov university

адамгершілік мәдениетін қалыптастыру үшін біз педагогтерге, ата-аналарға және балаларға арналған ақпараттық-технологиялық кешенін даярладық.

Педагогтер үшін: «Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында әдістемелік курс; «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларда прагматикке тән адамгершілік мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында мастер-класс, «Қазіргі білім беру технологиялары» тақырыбында семинар-практикум; ата-аналар үшін: «Балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлі» тақырыбында ата-аналар жиналысы, «Отбасында балаларды мадақтау және жазалау» тақырыбында семинар-практикум; балаларға арналған: әдістемелік жинақ: «Халық ауыз әдебиетінің мұралары», вариативтік компонент бағдарламасы: «Адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру», авторлық шығармашылық ойын: «Үй жылуы», әңгімелесу картотекасы «Адамгершілік мәдениет жайында» ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз еттік.

Оқу құралы: «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар», әдістемелік нұсқаулықтар: «Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеттестігі», «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық», электронды оқу құралы: «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар», ЭЕМ-ге арналған бағдарлама: «Балабақша мен отбасының зара әрекеттестігі жүйесінде балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру негіздері (Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында)», электронды әдістемелік нұсқаулық: «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық» ақпараттық-технологиялық тұрғыда қамтамасыз еттік.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың негізін құрайтын әдіснамалық тұғырлар жалпыға маңызды мәнге ие, олар кез келген педагогикалық жағдаяттарда және білім беру ұйымдарының кез келген жағдайында әрекет етеді. Е.Н. Шияновтың пікірінше, барлық тұғырлар иерархиялық жүйені білдіретін белгілі бір жолға бағынады және барлық басқа тұғырларды жүзеге асырған жағдайда ғана іске асырылады [188].

Жоғарыда берілген әдіснамалық тұғырлар біздің зерттеуіміздің аясында теориялық негіз, бастама ретінде әрекет етеді және Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық принциптері мен шарттарын анықтауға қызмет етеді.

Білім және педагогика сөздігінде «принцип» және «педагогикалық принцип» ұғымдарына мынадай анықтамалар берілген. Принцип - оқу және тәрбие жұмысының мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін анықтайтын педагогикалық теориялардың, тұжырымдамалардың негізгі, бастапқы жағдайы. Педагогикалық принциптер – бұл белгілі бір білім беру саласындағы барлық

Buketov university

құбылыстарға қолданылатын нормативтік сипаттағы негіздемелер немесе қызметке жалпы нұсқаулар [186].

Педагогикалық жүйенің мақсатына сәйкес біз келесідей принциптерді басшылыққа алдық: *мәденилік, гуманизм, сана мен әрекеттің бірлігі, психиканың даму принциптері*. Аталмыш принциптер Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

*Мәденилік принципі* жайында алғаш рет Дж. Локк жазған [187], теориясына қарама-қарсы теориядан тұратын бұл принцип өз дамуын К.А. Гельвеций еңбектерінде тапты, ол қоршаған орта мен тәрбие адамды қалыптастырады деп санады [39, с. 155]. Бұл идеяны Ф.А. Дистервег [188], К.Д. Ушинский [189], П.Ф. Каптерев [190] дамытты. Кеңес дәуірінде бұл принципті С.Т. Шацкий [191], В.А. Сухомлинский [192] және т.б. өңдеді.

Біз Л.В. Чепикованың пікірімен толықтай келісеміз. Ол балаға деген көзқарас оның мәдени дамуына, құндылықтарды түсінуіне, оған еркін, біртұтас тұлға ретінде қарым-қатынасына байланысты, өз бетінше таңдауға, өзін-өзі анықтауға және шығармашылықпен өзін-өзі басқаруға қабілетті [193].

Принцип біздің зерттеуімізде мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда адамгершілік мәдени құндылықтардың тасымалдаушысы болып табылатындығын ескере отырып қолданылды.

Педагогикада *гуманизм принципінің* тарихы гуманистік психологияның психологиялық бағытымен байланысты, оның негізін қалаушылар XX ғасырдың 50-60-шы жж. А. Маслоу [194], К. Роджерс және т.б. болып табылды, «адамның өзін-өзі танытуы», «тұлғалық өсу» сияқты негізгі ұғымдармен анықталды.

Тұтас педагогикалық үдерісте негізгі бағыт ол тұлғаның дамуы. Тұлғаның жалпымәдени, әлеуметтік-адамгершілік дамуы неғұрлым үйлесімді болса, адам мәдени-гуманистік қызметті жүзеге асыруда еркін және шығармашыл болады. Дәл осы мағынада білім беруді ізгілендіру жеке тұлғаның үйлесімді дамуының факторы ретінде қарастырылады. Мұндай оқыту мен тәрбиелеу, Л.С. Выготскийдің пайымдауына [176, с. 256-259] сәйкес «жақын даму аймағына» бағытталған жағдайда болады. Бұл бағыт белгілі бір жас кезеңінде тұлғаның дамуы үшін әмбебап емес, міндетті түрде объективті қажетті негізгі қасиеттерді қамтамасыз ететін білім беру мақсаттарын алға жылжытуды талап етеді.

Тәрбиенің гуманистік бағыттылығына нақты ұмтылумен және «жақын даму аймағына» сүйенумен қатар, біз өз зерттеуімізде К. Роджерстің гуманистік психологиясының принциптеріне сүйене отырып, осы принциптің орнын ерекшелейміз, мұнда білім беру үдерісі білімді жинақтаумен қатар, білім алушының, оның мінез-құлқының өзгеруіне әкеледі [195].

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда гуманизм принципін негізге ала отырып, берілетін материалдардың бізде барын талдап, біз балаларды адамгершілік белгілерді игеруге шақырдық.

Buketov university

*Сана мен әрекеттің бірлігі принципінің негізін* XX ғасырдың 30-шы жылдары С.Л. Рубинштейн қалаған. Оның ойынша: «Әрекетте психика, сана қалыптаса отырып, көрінеді. Әрекет және сана – бір-біріне қарама-қарсы бағытталған екі аспект емес. Олар органикалық тұтастықты құрайды - сәйкестік емес, бірақ бірлік» [196]. Б. Мещеряков, В. Зинченко зерттеуді жалғастыра отырып, өздерінің көзқарасын ұсынды: психика, сана әрекетте «өмір сүреді», олардың «субстанциясын» құрайды, бейне «жинақталған қозғалыс», яғни бастапқыда толық дамыған және «сыртқы» болған шектелген іс-әрекеттер, яғни сана жеке шындық ретінде әрекетте жай ғана «көрініп, қалыптасады» [197].

Зерттеу жұмысымыздың шеңберінде біз осы принципке сүйене келе, арнайы іс-әрекеттерді ұйымдастыру, жобалау, құру, түрлі формаларда оқыту мен тәрбие әдістері, құралдары арқылы, мақсатқа бағытталған педагогикалық әсерді жүзеге асыра отырып, біз нәтижеге жетеміз – Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет негіздері қалыптасқан мектепке дейінгі балалар.

*Психиканың даму принципі.* «Даму» ұғымы тұлғаның ішкі және сыртқы себептердің әсерінен тұлғаның өзгеру мәселелерін талдауға, нысанның құрылымындағы өзгерістерге, құрылымдық компоненттердің бір қасиеттен екінші қасиетке ауысуына парадигмалық тұғырға негізделген. Ерекше принцип ретінде даму категориясының бастапқы өңделуі Г.В.Ф. Гегель философиясыменбайланысты [198], ол кез келген органикалық тұтастықтың қалыптасуы, дамуы және түрленуінің диалектикалық логикасының негізін қалады.

«Даму» категориясына әдіснамалық тұғырларды талдау, ондағы келесі мағыналарды көруге мүмкіндік береді:

Даму – бұл шындық, объективтілік. Бұл тұрғыда даму объективті шындықтың сапалы өзгеру үдерісі.

Даму – бұл объективті шындықтың көптеген құбылыстарын, соның ішінде адами құбылыстарды түсіндіруге мүмкіндік беретін принцип.

Даму – кез-келген мәдениеттің мақсаты мен құндылығы.

Педагогикада даму дегеніміз - білімді, дағдылар мен іскерліктерді мақсатты түрде қалыптастыру, жеке қасиеттерді тәрбиелеу. Оқыту субъектілерінің тұлғалық даму принциптерін В.П. Зинченко, Е.Б. Моргунов былайша айқындайды:

- дамудың шығармашылық сипаты, яғни баланың шығармашылық мүмкіндіктеріне кедергі келтірмеу;
- дамудың әлеуметтік-мәдени контекстінің жетекші рөлі: оқыту бағдарламасы мәдени және тарихи контекстермен толықтырылуы;
- дамудың сензитивті кезінің жетекші рөлі: оқыту мазмұны мен әдістеріне сәйкес мәселені қарастыру;
- бірлескен іс-әрекет және қарым-қатынас: тұлғаның әлеуметтік тәжірибені иемденуінің ерекше шарты;
- жетекші іс-әрекет және оның заңдылықтарының ауысуы: психикалық жетістіктер жетекші іс-әрекет түрлеріне байланысты [199].

Л.Ф. Солдаткина былайша түсіндірді:



Buketov university

– дамудың генотиптік және орта детерминанттарын анықтай отырып, даму әрекеттің барлық түрлері пайда болғаннан кейін дамиды, өзгереді, бір-бірімен бәсекелеседі;

- бала дамуын кеңейту: балаға әртүрлі іс-әрекеттердің кең таңдауы ұсынылуы керек, олардың арасынан өзінің қабілетіне жақынын таңдайды;

- дамудың барлық кезеңдерінің тұрақты құндылығы;

- психикалық әрекеттердің дамуы мен қалыптасуының біркелкі еместігі;

- жақын даму аймағын анықтау және т.б. [200].

Біз өз зерттеуімізде даму принципін ескере отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру үдерісі келесі кезеңдерді жүзеге асырудан тұрды:

- ынталандыру кезеңі. Адамгершілік мәдениет белгілері – қарапайымдылық, қанағатшылдық, үнемшілдік, ұқыптылыққа қызығушылықтың пайда болуы; адамгершілік мәдениетінің белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілігі;

- қалыптастырушы кезеңі. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілерінің мәні және байқалуы жайында білімдерді меңгеру, адамгершілік мәдениеттің әдістері мен тәсілдерін игеру;

- түзетуші кезеңі: нәтижеге бірден жетпегенде өздігінен талдау, өзін-өзі түзету әрекеттерін жүзеге асыру

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін одан әрі ғылыми-теориялық негіздеу *педагогикалық шарттарды* анықтаудан тұрады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «шарт» ұғымына мынадай анықтамалар беріледі: «шарт» – өзара келісім, «шарт» – талап, тілек, «шарт» – міндет, парыз [201].

Н.А. Муслимов, Р.Г. Исянов бойынша педагогикалық шарт дегеніміз зерттелетін феноменнің қалыптасуына айтарлықтай әсер ететін педагогикалық үдерістің сыртқы жағдайларының жиынтығы [202].

Берілген «Педагогикалық шарттар» түсінігіне сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарты: педагогикалық үдерістің сыртқы жағдайларының жиынтығы, мәдениеттің аталмыш түрінің байқалуы жайында білімдерді игерудің ағышарттары, Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік өзара әрекеттесу іскерліктері мен дағдылары.

Теориялық талдау және практикалық тәжірибе *Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың келесі педагогикалық шарттарын* анықтауға мүмкіндік берді:

– мектеп жасына дейінгі балалалардың адамгершілік мәдениетіне құндылықты-мағыналық қатынасы;

– тәрбиелеу-білім беру үдерісінің ақпараттық-технологиялық кешені;

– адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үдерісінде оқыту мен тәрбиенің формалары мен әдістерін пайдаланып, педагогтің, ата-ананың және балалардың бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру.

Buketov university

Бірінші педагогикалық шарт – *мектеп жасына дейінгі балалалардың адамгершілік мәдениетіне құндылықты-мағыналық қатынасы*. Педагогикалық шарт ретінде құндылықты-мағыналық тұрақтылықты үш негізге сүйене отырып анықтадық.

Біріншіден, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру үдерісінде осы шартты таңдағанда педагог пен балалардың өзара әрекеттестік мәселелеріне арналған зерттеулерге ерекше назар аударылды. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда ынтымақтастық пен серіктестік принциптеріне негізделген өзара түсіністік, өзара байланыс идеясы маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, қазіргі педагогикалық және психологиялық еңбектерді талдауда тұлғалық-бағдарлы білім беру – бұл тұлғаны тәрбиелеуде ақпараттық білімнен мағыналық-ізденіске көшудің аралық, маңызды кезеңі [203]. Балалар қабылдайтын ақпаратты түсінуі керек; міндетті түрде оларды сезінуі керек, жаһандық деңгейде маңызы бар мәселе ретінде ғана емес, сонымен қатар әрбір жеке тұлғаның, оның ішінде өзінің мәселесі ретінде және тек мәселенің бар-жоғын және оның салдарын білу (мәнін тану), оларды шешу, жою барысында (тәсілдерін табу) білім мен практикалық тәжірибені игеруге ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Үшіншіден, тұрақтылық ұғымының анықтамасына сүйене отырып, бұл тұлғаның өз әрекетін белгілі бір бағытқа бағыттауға және барлық нысандар мен жағдаяттарға қатысты бірізді әрекет етуге итермелейді [145, 381б.]. Тұрақтылық «адамның маңызды күштерін» ұйымдастырудың ең жоғары деңгейі екенін ескере отырып және тұрақтылық негізінде балаларда адамгершілік мәдениет белгілерінің байқалуы жайында білімдерін, меңгерілген әдістері мен тәсілдерін қолдануға бағытталған әрекеттерді дамытады.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың екінші педагогикалық шарты *тәрбиелеу-білім беру үдерісінің ақпараттық-технологиялық кешені* болып табылады. Ол 7-сурет берілген.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың үшінші педагогикалық шарты *адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үдерісінде оқыту мен тәрбиенің формалары мен әдістерін пайдаланып, педагогтің, ата-ананың және балалардың бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру.*

Осыған байланысты педагогтермен, ата-аналармен және балалармен жұмыста кең ауқымды қолданылған формалар:

*педагогтермен жұмыста:*

– әдістемелік курс;

– мастер-класс;

– семинар-практикум;

*ата-аналармен жұмыста:*

– семинар практикум;

– ата-аналар жиналысы.

Buketov university

*балалармен жұмыста:*

– жекелей және топтық.Оқыту әдістері – дәстүрлі және белсенді, (сананы қалыптастыру әдістері: әңгіме, сендіру, үлгі әдістері және т.б.; мінез-құлықты қалыптастыру әдістері: жаттығу, оқыту, тапсырма, педагогикалық талап және т.б.; қарым-қатынас пен сенімді қалыптастыру әдістері: мадақтау, жазалау, табыс жағдайларын жасау, эмоциялық әсер ету, бақылау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау және т.б.) тәрбие формалары

Оларға қойылатын негізгі талаптар өз зерттеуіміздің көздеген мақсаты – Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Оқыту мен тәрбиенің әртүрлі формаларында оқыту мен тәрбиенің әдістерін қолданудың толық сипаттамасы диссертациялық жұмыстың 1.3 тармақшасында толық берілген.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесінің келесі компоненті – оның *мазмұндық компоненті* болып табылады. Мазмұндық компонент қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру үдерісінің мазмұны жағын анықтайтын білім көздерінен, теориялық материалдардан, ережелерден, тұжырымдамалар мен заңдылықтардан тұрады.

Біз қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруды мектеп жасына дейінгі жастан бастаған жөн деп есептейміз. Тек бірізділік, жүйелік, логика негізінде ғана жағымды нәтижелерге қол жеткізуге болады. Адамгершілік мәдениетті қалыптастырудың мазмұндық компонентін айқындау үшін біз мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мүмкініктерін анықтауда мектепке дейінгі ұйымның дамуы мен педагогтердің балалармен жүргізетін жұмысының жоспарын талдадық.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі дәйекті кезеңдерді жүзеге асыруды қамтиды: *ынталандыру, қалыптастырушы, түзетуші*, оның нәтижесі адамгершілік мәдениеті қалыптасқан зерттелетін нысан болады.

*Ынталандырушы кезең* мектеп жасына дейінгі балаларың адамгершілік мәдениетінің мотивациялық-тұлғалық компонентінде қалыптастыру педагогикалық әсер етуді көздейді, оның негізіне баланың тұлғалық бағыттылығы жатады. Мотивтер адамды әрекетке ынталандырады. Мотив қажеттіліктерін нақтылайтын, оны «объективті ететін» жағдайы біздің зерттеуіміз үшін құнды, ол тек мотивтерді анықтап қана қоймайды, сонымен қатар оларды қанағаттандыруға қызмет ететін нысандардың өзгеруімен және кеңеюімен, олардың қанағаттануы тәсілдерімен бірге өзгереді, байытылады.

Buketov university




Buketov university

Сурет 7 – Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің ақпараттық-технологиялық кешені

*Қалыптастырушы кезең* мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің мазмұндық және мінез-құлықтық компоненттерде қалыптастырушы әсер етудің іске асырылуын көздейді. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің мазмұндық компоненті былайша

құрылады:

1) педагогтермен жұмыс блогы;

2) ата-аналармен жұмыс блогы;

3) балалармен жұмыс блогы.

Сонымен қатар, оқыту мен тәрбие әдістерін, формаларын, құралдарын балалардың жас ерекшеліктеріне және педагогикалық талаптарға сай саралап қолдану маңызды. Мінез-құлықтық компонентінде адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үшін тәрбие әдістеріне басымдық берілді.

Сонымен, қалыптастырушы кезеңді іске асырудың тиімділігі үшін ақпараттық-технологиялық кешен әзірленді.

*Түзетуші кезеңі* мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің рефлексивті компонентінде қалыптастырушы әсер етудің жүзеге асырылуын көздейді.

*Процессуалдық компонент* педагог пен ата-ананың, педагог пен балалар іс-әрекетінің мазмұны, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында педагогтың мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру технологиясын жүзеге асыудан тұрады.

Педагогтің қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің қалыптасу деңгейін диагностикалаудан; оқыту мен тәрбиенің әдістері мен тәсілдерін қолданудан; ақпараттық-технологиялық кешенді жүзеге асырудан; жеке ұстанымдардан; адамгершілік мәдениетін қалыптастыру деңгейлерін түзетуден тұрады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру үдерісінде *педагогтің қызметін* толығырақ қарастырайық.

1. Педагогтің мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру диагностикасын қолдануы.

Академик В.П. Беспальконың пікірінше: «Педагогикалық жүйені тұжырымдаудың қажетті және жеткілікті талабы – оларды диагностикалауда, яғни оқыту немесе тәрбиелеу мақсатына жету дәрежесін анықтаудың объективті әдістемесін қамтамасыз ету» [126, 140б.]. Көріп тұрғандай, ғалым диагностикалық мақсатты кез-келген педагогикалық жүйенің қажетті және жеткілікті шарты ретінде алға тартады. Сонымен қатар, ол диагностикалаудың мағынасын ашады: педагогикалық жүйе мен үдерістің мақсатына жету дәрежесін анықтай алатын объективті әдістеменің болуы.

Тәрбиелеу-білім беру үдерісі диагностикалық болып табылады, егер ол келесі белгілерге ие болса:

а) тұлғада (немесе топта) қалыптасатын қасиет, оны басқалардан ерекшелеуге мүмкіндік беретін нақты сипатқа;

ә) диагностикаланатын қасиетті (тұлғаның, топтың) орындау үшін оның қалыптасуын бақылауға және оның байқалу қарқындылығын өлшеуге болатын құралға;

б) өлшенетін қасиетті бағалау үшін межеге (шкалаға) [204].

Педагогикалық диагностика – бұл педагогикалық үдерістің қалыпты немесе нормадан ауытқуын сипаттайтын белгілерді тану және тұрақтандыру

Buketov university

принциптерін, әдістерін зерттейтін педагогиканың тармағы. Педагогикалық диагностиканың мәні – тұлғаны (немесе топты) оның маңызды (анықтаушы) өлшемдерін танып; анықталған өлшемдер зерттелетін нысанның мінез-құлқын болжау, оның мінез-құлқына жоспарланған бағытта әсер ету туралы шешім қабылдау үшін педагогиканың белгілі заңдары мен үдерістерінің ара қатынасын белгілейді.

А.И.Кочетовтың айтуынша педагогикалық диагностика бірқатар сұрақтарға жауап береді:

- педагогтер мен тәрбиеленушілерді неге және не үшін зерттеу қажет?
- қандай өлшемдер мен көрсеткіштер бойынша зерттеу қажет?

– педагогикалық қызметтің сапасы туралы алынған ақпараттың нәтижелерін қайда және қалай қолдану қажет?

– қандай жағдайларда диагностика тұтас тәрбиелеу-білім беру үдерісіне енеді?

– педагогтерді өзін-өзі бақылауға, ал тәрбиеленушілерді өзіндік тануға қалай үйретуге болады [205].

П.И. Пидкасистый «бақылау» және «педагогикалық диагностика» ұғымдарын ұқсастырады. Оның пікірінше, бақылау білімді игеру деңгейін, даму мен тәрбиелеудің аспектілерін өлшеу үдерісі ретінде ғана емес, сондай-ақ алынған білімді өңдеу және талдау, оқу үдерісін түзету туралы жалпылау және қорытынды жасау ретінде түсіндіреді, бұл тәрбиеленушілердің келесі сатыға өтуі туралы мәліметтер, педагогтердің да, білім беру ұйымының да жұмысының тиімділігі жайында қорытындылар [128, 243б.]. В.А. Сластенин бақылаудың диагностикалық оқыту сипатын көрсетеді: бақылау функциялары кері байланысты қамтамасыз етуге, сондай-ақ педагог оқыту үдерісіне қажетті өзгерістер енгізе алатын ақпараттарды ұсына алады [206].

Осылайша, ғалымдар педагогикалық диагностиканы тұлғаның жеке ерекшеліктері мен даму болашағын анықтау тетігі ретінде қарастырады. Педагогикалық диагностиканың көмегімен тәрбиелеу-білім беру үдерісі талданады және тәрбиеленушінің де, педагогтің де қызметінің нәтижесі анықталады. Диагностикалық процедуралар барысында мақсаттарға жету үшін балаларға және жалпы топқа қол жетімді болатын оқытудың алғышарттары белгіленеді; оқыту мен тәрбиелеудің жоспарлы үдерісін ұйымдастыруға қажетті жағдайлар айқындалады.

Біздің зерттеуіміз аясында диагностикаға арнайы орын берілген. Диагностика мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтау ғана емес, оны қалыптастырудың технологиясын әзірлеуге, диагностикалық процедураларды қайталау арқылы оның тиімділігін анықтауға, тиісті қорытындылар жасап, түзету шараларын қабылдауға мүмкіндік береді:

1. Оқыту мен тәрбиенің түрлі әдістері мен формаларын пайдалану. Педагогикалық қызмет – бұл педагогтің оқыту және тәрбие әдістерін,

Buketov university

құралдарын кәсіби қолдануы. Мақсат қою қандай да бір әдістерді, құралдарды таңдауды анықтайды. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында формаларды таңдау қойылған міндеттерге байланысты мағыналық жүктемеге ие. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің құрылымын ескере отырып: мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті компоненттер, педагог педагогикалық жүйенің мақсатына және қойылған міндеттеріне қарай оқыту және тәрбие әдістерін, құралдарын, ұйымдастырылған іс-әрекетті ұйымдастыру формаларын таңдайды және оны жүзеге асырады.

2. Ақпараттық-технологиялық кешенді жүзеге асыру. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда педагогтің қызметі ақпараттық-технологиялық кешенді жүзеге асырудан, яғни тәрбиелеу-білім беру үдерісін ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етуден тұрады. Олардың жалпы идеясы және мазмұны зерттейтін адамгершілік мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

3. Жеке тұғырды жүзеге асыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру шарттарының бірі әр балаға жеке тұғырды жүзеге асыруды қамтитын тұлғалық-бағдарлық бағытпен анықталады. Қабылдауда, түсінуде, игеруде жас және психологиялық ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерін ескеру; білімнің бар тәжірибесін, қызығушылықтарды, қажеттіліктерді, қабілеттерді есепке алу педагогқа алға қойған мақсатты тиімді шешуге мүмкіндік береді.

4. Адамгершілік мәдениеттің қалыптасу деңгейін түзету. Педагогтің қызметі: педагогикалық эксперименттің нәтижелері бойынша қадағаланатын нәтижелер негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет деңгейлеріне сәйкес оларды «теңестіру» үшін түзету шараларын қабылдауы.

*Тәрбиеленушілердің қызметі* – адамгершілік мәдениетті қалыптастыру құндылығын сезінуден тұрады; қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениетінің белгілері туралы білімді қабылдау және түсіну; Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениеттің көріну әдістері мен тәсілдерін игеру; өзін-өзі бағалау, өздігінен талдау, өзін-өзі түзету әрекеттерін жүзеге асыру.

Балалардың іс-әрекетіне толығырақ тоқталсақ:

1. Өзінің адамгершілік мәдениетін қалыптастыру құндылығын сезінуі. Сана – адамға ғана тән, объективті шындықты бейнелеудің ең жоғарғы формасы. Сана – адамның объективті дүниені және оның жеке болмысын түсінуіне белсенді қатысатын психикалық үдерістердің жиынтығы [124, с. 414]. Бұл әлемді тек қабылдап қана қоймай, сондай-ақ тану қажет, себебі субъект объективті шындықтың бөлігі болып табылады. Балалардың әрекеті – мәдениеттің орны және оның көптеген көріністері бар объективті дүниені түсінуімен сипатталады. Бұл әлемді тек ойластырып қана қоймай, сонымен бірге тану керек, өйткені таным субъектісінің өзі де объективті шындықтың бөлігі болып табылады. Балалардың іс-әрекеті адамгершілік мәдениет белгілеріне қатысты өзіндік ұстанымын, рөлін жүзеге асыруға бағытталған, ол үшін ең алдымен адамгершілік мәдениет қалыптастыру маңызды.

Buketov university

2. Адамгершілік мәдениет жайлы білімді қабылдау және түсіну. Балалардың іс-әрекеті өзінің адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын түсінуден, ұғынудан бастап, оны жүзеге асыруға көшеді, ол тиісті білімді қабылдаудан және түсінуден басталады, бәріне тікелей педагог жауапты. Дей тұрғанмен, балалар пассивті күйде қалмайды. Танымдық белсенділікке, жинақталған материалды түсуге және бекітуге деген ұмтылысына ұйымдастырылған іс-әрекетке, ойынның барлық түрлеріне қатысу, шығармашылық тапсырмаларды орындау, серуендер және т.б. арқылы қол жеткізеді.

3. Адамгершілік мәдениеттің әдістері мен тәсілдерін игеру. Сана іс-әрекетте қалыптасады деген принципке сүйене отырып, балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың ең маңыздысы өзара әрекеттесу әдістері мен тәсілдерін игеру болып табылады. Бұл міндеттерді шешуде орындалатын әлеуметтік рөлдер, ойындарға қатысу, серуендер және т.б. балаларға өз мүмкіндіктерін ашуға, әрекет етуді үйренуге және өзара әрекеттестіктің жаңа тәжірибесін бекітуге мүмкіндік береді. Бұл балалардың белсенділігі іс-әрекетті механикалық игеруден ғана емес, сонымен қатар олардың санасына қалыптастырушы әсер ететін ұйымдастырылған және құрастырылған әрекеттерден тұрады дегенді білдіреді.

4. Өзін-өзі бағалау, өздігінен талдау, өзін-өзі түзету әрекеттерін жүзеге асыру. Педагог балаларды рефлексиялық әрекеттерді жүзеге асыруға үйретпесе, онда педагогикалық ықпал өз мәнін жоғалтады. Балалардың рефлексиясы тұлғаның барлық жағынан дамуына мүмкіндік береді. Өзінің қателіктерін, кемшіліктерін «түсінген» тұлға сыртқы сынға, түзетуге қарағанда өздігінен білім алуға, өзін-өзі түзетуге әлдеқайда ашық. Өзін-өзі бағалау, өздігінен талдау, өзін-өзі түзету әрекеттері балалардың рефлексияға арналған әрекеттерін белсенді түрде жүзеге асыруды көздейді.

Атап өткендей, процессуалдық компонент қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру технологиясын жүзеге асыруды көздейді, оның негізінде блоктармен жұмысты жүзеге асыру принциптері мен қызметтері, әзірленген ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, тәрбиелеу-білім беру үдерісінде оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, формаларын, құралдарын қолдану. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйедегі процессуалдық компоненті 1.3 «Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясы» атты тармақшада ұсынылған.

*Бақылау-бағалау компоненті.* Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасуын бақылау, мониторингілеу балалардың іс-әрекеті жайында ақпаратты жинаудан, сақтаудан, өңдеуден және нәтижелерді бағалаудан тұрады. Педагогикалық жүйенің бақылау-бағалау компоненті бақылаудың түзетуші түрін қолдануды көбірек болжайды. Түзетуші бақылауды педагогикалық бақылаудың бір түрі деп

Buketov university

Н.Ф.Талызина анықтаған. Оның түсіндіруінше бақылауды түсінуінің негізінде бақылау процедуралары балалардың игерген білім, дағды және іскерлік деңгейін айқындауды (анықтаушы бақылау) қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар оқыту және тәрбиелеу қызметтерін мақсатты түрде жүзеге асыру керек, яғни тапсырмаларды орындау барысында балалар оқуды, дамытуды және тәрбиелеуді жалғастыру керек [207]. Демек, түзетуші бақылау – бақылаудың оқыту және тәрбиелеу функцияларын барынша толық жүзеге асыратын бақылау түрі, ал педагог пен балалардың өзара әрекеті рефлексиялық тұғыр негізінде жүзеге асырылады, ол өзін-өзі басқаруды күшейтумен сипатталады.

Біздің зерттеуімізде бақылау нәтижесінде теріс нәтиже алынған жағдайда педагогтің жетекшілігімен оны түзету жұмыстары жүргізіледі, бұл балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасу деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Балалардың өзін-өзі бағалауы мен педагог жүргізетін диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін салыстыра отырып, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасу деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

*Нәтижелік компонент*. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет негіздері қалыптасқан мектеп жасына дейінгі балалар педагогикалық жүйесінің нәтижесі болып табылады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандармен мынадай қорытынды шығаруды көздейді:

1. Қоғамның қажеттіліктері және олардан туындайтын мақсаттар, яғни қоғам белгілеген мақсаттар, түрленіп, педагогикалық жүйенің мақсатына айналды. Сонымен, қоғамның тапсырысы оның ішінде білім берудің негізінде біз педагогикалық жүйе әзірледік, оның негізгі мақсаты қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

2. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі компоненттердің жиынтығын білдіреді. Олар: мақсаттық - педагогикалық жүйенің мақсаты, мазмұндық - мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың ынталандыру, қалыптастырушы, түзетуші кезеңдері, процессуалдық - педагог пен балалар әрекетінің мазмұны, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың технологиясын жүзеге асыру; тәрбиелеу-білім беру үдерісінің әр түрлі формаларында оқыту мен тәрбие әдістері, құралдары, бақылау-бағалау - мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасу деңгейлерін мониторингілеу, нәтижелік - адамгершілік мәдениеттің қалыптасуы.

3. Қойылған мақсат қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесінің міндеттерін анықтады:

Buketov university

- Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілеріне тұлғалық бағыттылығын қалыптастыру;

- Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілерінің мәні, олардың пайда болуы жайында білімдерді игеру;

- Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында балаларда адамгершілік мәдениеттің көріну әдістері мен тәсілдерін игеруі;

- талдау үшін рефлексивті механизмдерді қалыптастыру, өзінің мінез-құлқын түзету.

4. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін әзірлеудің әдіснамалық тұғырлары ретінде біздің жұмысымыз үшін оңтайлы болып саналған: жүйелік, мәденилік, мәдени-тарихи, ақпараттық.

5. Педагогикалық жүйенің негізгі мақсатына сәйкес біз келесі принциптерді таңдадық: мәденилік, гуманизм, сана мен әрекеттің бірлігі, даму принципі.

6. Теориялық талдау және практикалық тәжірибе бізге Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік берді:

– мектеп жасына дейінгі балалалардың адамгершілік мәдениетіне құндылықты-мағыналық қатынасы;

– тәрбиелеу-білім беру үдерісінің ақпараттық-технологиялық кешені;

– адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үдерісінде оқыту мен тәрбиенің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалана отырып, педагогтің, ата-ананың және балалардың бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру.

## 1.3 Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясы

Buketov university

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесіне сәйкес процессуалдық компоненті қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларда мәдениеттің осы түрін қалыптастыру технологиясын іске асыруды көздейді. Осыған байланысты, бұл тармақша технологияны жобалауға арналған.

Технология – өнімді даярлау мақсатында шикізат пен жартылай дайын өнімдерді алу, қайта өңдеу әдістерінің, тәсілдерінің және амалдарының жиынтығы [122, 271б.]. Технология – белгілі бір өндіріс саласында материалдарды өңдеу немесе қайта өңдеу үдерістерінің жиынтығы, сондай-ақ өндіріс тәсілдерінің ғылыми сипаттамалары [32, 1043б.]. «Технология»

ұғымының талдануы бастапқыда адам қызметінің өндірістік саласымен байланысты болса, соңғы уақыттары аталмыш ұғым көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулердің тақырыптарына айналғанын көрсетеді. Зерттеушілер педагогикалық технологияларды жаппай енгізуді 1960-шы жылдардың басына жатқызады және оны американдық, еуропалық мектептерді реформалаумен байланыстырады.

8 - суретте, В.А. Сластенин және басқа педагогтер педагогикалық технологияларды қолдануды жоғарыда берілген себептермен түсіндірді.

Жалпы педагогика теорияны білдірсе, ал оқыту және тәрбиелеу – практикалық сипаттамасында, ал теория мен практиканы байланыстыруға мүмкіндік беретін аралық буын – ол педагогикалық технология [206, 38б.].

Қазіргі педагогика ғылымында педагогикалық технология көптеген ғалымдардың зерттеулерінің аясында. «Педагогикалық технология» түсінігінің кейбір анықтамаларына 9 -сурет тоқталсақ.




Сурет 8 – Педагогикалық технологияларды қолданудың себептері

Buketov university




Сурет 9 – Педагогикалық технология түсінігінің анықтамалары

Осылайша, педагогикалық технология педагогтің іс-әрекеттерінің бірізді жүйесі, алдын-ала жоспарланған педагогикалық үдерістің өндірісте дәйекті, бірізді іске асырылуы деп түсіндіріледі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған технологияларды жобалау және енгізу мәселесі бойынша ғылыми зерттеулерді талдау төмендегілерді көрсетті.

Н.В. Мельникова негізгі этикалық ұғымдарды игеру негізінде мектеп жасына дейінгі тұлғаның адамгершілік ортасын дамыту технологиясын әзірлеп, сынақтан өткізді [136, 34б.]. Т.В. Забельская этникалық мәдениет құралдары арқылы ересек мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік сезімдерді қалыптастыру технологиясын ұсынды [137, 82б.]. Г.В. Иванова семиотикалық тұғырды жүзеге асыруда мектеп жасына дейінгілерді адамгершілікке тәрбиелеуді ұйымдастырудың құралдарын, әдістері мен формаларын (технологиясын) өндірісте қолдануды сынақтан өткізді [138, 16б.]. Н.В. Ломоносова баланы көпвекторлы әлеуметтік-мәдени технологиясын енгізуді ұсынды [139, 128б.]. М.Х. Акрамова тәжік халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері негізінде ересек мектеп жасына дейінгілердің адамгершілік-этикалық түсініктерін қалыптастыру технологиясын сынақтан өткізді [214]. Қазақстандық ғалымдар арасында Г.С. Омаргалиеваның мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникативтік арқылы балалрдың танымдық қызығушылығын арттыру, [215], ал М.М. Жанпейісованың модульдік оқытуы дамыта оқыту идеясына негізделген [216].

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру негізгі түпкі ойы болып табылатын

технологияларды жобалау және енгізу мәселесі бойынша зерттеулерге ұсынылған талдау оның жоқтығын көрсетеді.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда технологияның мәні алдын-ала жоспарланған нәтижесі бар педагогтардың, ата-аналардың, балалардың іс-әрекеттерін бағдарлауда жүзеге асырылатын оқыту мен тәрбиелеудің формаларын, әдістерін, құралдарын ұйымдастыруда әрекеттердің жобаланған жүйесі

Ұсынылған технологияның ғылыми құндылығы - бұл педагог әрекетінің бірізді жүйесін, іс-тәжірибеде алдын-ала жоспарланған педагогикалық үдерісті бірізді жүзеге асыруды ұсынады. Атап айтқанда, онда мақсат, педагогтің блоктармен жұмысты жүзеге асырудағы принциптері мен қызметтері, педагогикалық шарттары; блоктардың өзі (педагогтермен жұмыс, ата-аналармен жұмыс, балалармен жұмыс) және нәтиже берілген.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясы 10-суретте берілген. Балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясының негізгі түпкі ойы - оның барлық мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті компоненттерде, қалыптасқандығы болып табылады.

Біз жобалаған технологияның *мақсатына* сүйене отырып - мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісіне блоктарды (педагогтермен жұмыс, ата-аналармен жұмыс, балалармен жұмыс) енгізу және оны жүзеге асыру барысында принциптерге (мәденилік, гуманизм, сана мен әрекеттің бірлігі, психиканың дамуы) және қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарына (мектеп жасына дейінгі балалалардың адамгершілік мәдениетіне құндылықты-мағыналық қатынасы; тәрбиелеу-білім беру үдерісінің ақпараттық-технологиялық кешені; адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үдерісінде оқыту мен тәрбиенің түрлі формалары мен әдістерін пайдаланып, педагогтің, ата-ананың және балалардың бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру) негізделуі керек.

Принциптер мен педагогикалық шарттар диссертацияның 1.2 қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі атты тармақшасында жан-жақты берілген. Егер педагогикалық технология – алдын-ала жоспарлаған әрекеттерді жүзеге асыру болса, онда оны енгізу барысында *бірқатар қызметтерді:* конструктивті, ұйымдастырушылық, аналитикалық және түзету атқаруы қажет. Бұл қызметтер барлық үш блокты (педагогтермен жұмыс, ата-аналармен жұмыс, балалармен жұмыс) жүзеге асыру үшін қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру технологиясында *конструктивті қызметі* тәрбиелеу-білім беру үдерісін қойылған мақсатқа сәйкес жоспарлау және құру болып табылады.

*Ұйымдастырушылық қызметі* тәрбиелеу-білім беру үдерісінің оңтайлы нұсқаларын, педагогтің, ата-аналардың, балалардың түрлі әрекет түрлерін жүзеге асыру.

Buketov university

*Аналитикалық қызметі* мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың тұтас тәрбиелеу-білім беру үдерісін құруды жетілдіру болып табылады.




Сурет 10 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясы

*Түзету қызметі* зерттелетін мәдениет түрін қалыптастырудағы барысын, мазмұнын, әдістерін түзету әрекетінен тұрады. Жоғарыда айтылғандай, біз әзірлеген технология 3 блокпен сипатталады: педагогтермен жұмыс блогы, ата-аналармен жұмыс блогы, балалармен жұмыс блогы. Технологияны сипаттаудың логикалық жалғасы барлық блоктарды жан-жақты қарастырудан тұрады. Төмендегі 11-сурет педагогтермен және ата- аналармен жұмыс блогы сипатталған. Б.З. Вульфов атап өткендей: «Адамгершілік тәрбие – көптеген мемлекеттік және қоғамдық институттардың ортақ ісі, бірақ оның нысаны балалар болған кезде, олармен жұмыс істеудегі негізгі ауырпалық және жауапкершілік білім беру саласына, педагогтерге, әлеуметтік педагогтерге, психологтерғе және т.б. түседі». Автор осы қиын істе оларға белгілі бір нақты жағдайларда таңдауға және шығармашылықпен пайдалануға арналған осындай тәрбиенің мүмкін болатын құралдары – технологиялары туралы түсінік қажет [217].

Buketov university




Сурет 11 – Педагогтермен және ата-аналармен жұмыс технологиясы

Барлық тәрбиенің өзегі адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үдерісі екенін ескере отырып, Л.Попов адамгершілік мәдениет педагогтің кәсіби мәдениетінің негізгі компоненттерінің бірі болуы керек деп санайды [218].

Л.В. Байбородова педагогтің адамгершілік мәдениетінің тиімді жағы туралы жазады, педагог басқалардың пікіріне қалай қарау, басқаларды қалай тыңдау керектігін, өз пікірінде қалай қалу керектігін көрсетеді [219].

Педагогтер өз қызметінде адамгершілік мәдениетінің негізгі принциптерін ұстануы маңызды, мысалы, В.Лизинский ұсынғандай:

- мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметкерлері мен ата-аналар балалармен қарым-қатынаста мейірімділік, шыдамдылық, құрметтілік танытуы қажет, адамгершілік мәдениеттіліктері үнемі байқалуы керек;

- педагогтер балаларға бірдей құрметпен қарау қажет, біреулерді кемсіту есебінен екіншілерді асыра мақтауға болмайды;

- сайып келгенде, бағалау баланың дамуына ықпал етіп, білім мен дағдыны меңгеруге түрткі болуы керек;

- мінез-құлық нормалары мен ережелері белгіленетін, адамдарға және өмірге деген қарым-қатынасы қалыптасатын өнімді, жағымды қарым-қатынассыз оқу үдерісі мүмкін емес [220].

Бұл принциптерді ұстану субъект-объектілік қарым-қатынастан субъект-объект-субъектке өтуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Екі негізгі қызметті, яғни оқыту мен тәрбиені жүзеге асыру заманауи педагогтен мынадай жеке параметрлерді талап етеді:

– балалармен және ересектермен қарым-қатынаста әдептілік, эмпатия, шыдамдылық, төзімділік, оларды қабылдауға және қолдауға, қажет болған жағдайда, қорғауға дайын болу;

– тұлғаның өзін-өзі дамыту ерекшелігі мен салыстырмалы дербестігін түсіну.

Педагогтің адамгершілік мәдениеті деп оның жоғары адамгершілік әлеуетімен, балалардың өзін-өзі дамытуының өзіндік ерекшелігін (даралығын) түсінумен, эмпатия сезімін дамытумен, ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысушылардың қақтығыссыз еркін әрекеттестігін қамтамасыз ете білу іскерлігімен сипатталатын педагогтің кәсіби қасиеттерін айтамыз. Бұл параметрлер педагогтің жеке және кәсіби қасиеттерінің, сонымен қатар құндылықтарының, бағдарлары мен дағдыларының жиынтығы ретінде гуманитарлық (жалпы) мәдениетін қалыптастыруға қатысады. Адамгершілік мәдениет – педагогтің іс-әрекетінің міндеттерімен, мазмұнымен сипатталатын және одан туындайтын кәсіби қажетті тұлғалық қасиеті.

Осыған орай, бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесіне жауапты субъектілердің басты мақсаты – өзіндік адамгершілік мәдениеттің белгілерін бала бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі адамгершілігі мен мәдениеттілігін жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін олардың бойындағы бар құндылықтарды дамыту.

Жас ұрпақтың бойынан тауып, дамытып немесе оған сіңіруді мақсат етіп отырған адамгершілік мәдениеттің белгілерін алдымен тәрбиеші өз бойынан тауып алмай, оны жарыққа шығаруға әрекет етпей, оларды баламен қарым-қатынаста шынайы түрде іске асырмай, ата-ана, қоғам, тіпті болашақ алдындағы жауапты ісін өз деңгейінде атқара алуы керек [16, б.99-105].

Баланың эмоционалды және психикалық жағдайын қалыптастыра отырып, отбасы оның адамгершілік дамуының қажетті негізін қалап, мінез-құлықтың әлеуметтік үлгілерін біріктіріп, адамның болашақ адамгершілік жағдайын анықтайды. Осыған орай біздің зерттеуіміз үшін Т.М. Титаренконың пікірі маңызды: «отбасы салған баланың эмоционалды әлемінің байлығы адамгершілік нормаларды терең әрі берік игерудің маңызды шарты болып табылады» [221].

Отбасында жеке тұлғаны тәрбиелеу мәселелерін зерттей отырып, В.Г. Алексеева ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің маңыздылығын атап көрсетеді, өйткені балаға педагогикалық ықпал оның ерте, яғни мектепке дейінгі жасында қажет, негізінен отбасы, балалық шақтағы тәрбие адамгершілік және

Buketov university

эстетикалық тәрбиенің эмоционалды негізін құрайтын эмпатия, байқау, қиял және т.б. қасиеттерді қалыптастырады [222].

Педагогтермен және ата-аналармен жұмыс блоктарының мақсаты – Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениеті және оның белгілері туралы тұтас білімдерін қалыптастыру, адамгершілік мәдениетті тәрбиелеу қажеттілігі туралы білімдерін жаңарту, балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру әдістері мен тәсілдерін, қалыптасқан адамгершілік мәдениет деңгейін мониторингілеу әдістерін оқыту.

Біз өз зерттеуімізде мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен ата-аналарына қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мәселесі бойынша сауалнама өткіздік. Сауланамаға педагогтер мен ата-аналар белсенді қатысты. Педагогтерге арналған сауалнамада айқындалған кейбір мәселелер: адамгершілік мәдениет мәселесі айқын, бірақ педагогтер оның маңыздылығын түсінбейді; Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениетті қалыптастыру мәселелерін түсінеді, бірақ кәсіби көмек көрсетуге дайын емес; мектеп жасына дейінгі балада адамгершілік мәдениетті қалыптастыруда қиыншылықтарды сезінеді, бірақ оны жоюда қолданылатын оқыту мен тәрбие әдістерін жетік игермеген және т.б., ал ата-аналармен жүргізілген сауалнама ашық типті сұрақтар – 10, жабық типті сұрақтар – 10 құрады. Мысалы: сіздің ойыңызша адамгершілік мәдениет белгілерін қай жастан бастап қалыптастыру керек, адамгершілік мәдениет белгілерін мектеп жасына дейінгі шақта қалыптастыру қажеттілігімен келісесіз бе, адамгершілік мәдениетті қалыптастыру орталары: көрмеге, театрға бару, кітап және мерзімдік басылымдар оқу керектігімен келісесіз ба, балабақша – Қазақстанның болашақ ұрпағының бойында адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыратын орталық бола алады ма, тәрбиелеу әдістері жайлы кіммен көбірек кеңесесіз, бала дамуына қатысты бағдарлама немесе әдістер білесіз бе, отбасындағы тәрбие әдісі, «Қоғамдық сананы жаңғырту – болашаққа бағдар» мақаласында қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен ұқыптылық деп көрсеткен. Балаңыздың бойында осы адамгершілік мәдениеттің қай белгісі жоғары деңгейде қалыптасқандығын қалайсыз, сіздің балаңыз барып жүрген мектепке дейінгі ұйым тобында адамгершілік мәдениетті қалыптастыру жұмыстары қаншалықты деңгейде жүргізіледі.

Ата-аналар өз маңыздылығын түсінетінін көрсетті, бірақ балаларда адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың арнайы әдістері мен тәсілдерін игермегендігін байқатты. Ата-аналардың көбі Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында қалыптасатын адамгершілік мәдениет белгілерін дәстүрлі адамгершілік мәдениет белгілерімен шатастыратынын сауалнамаға жауап беру арқылы көрсетті. Сонымен, өткізілген сауалнама жауаптарын талдай келе, педагогтер мен ата-аналардың адамгершілік мәдениетке деген дұрыс көзқарасын, бала тәрбиесінде қолданылатын әдістер жайында білімдердің қажеттігі дәлелденді.

Buketov university

Осыған орай, мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арнап «Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру» атты әдістемелік курс өңделді, тақырыптық жоспары төмендегі 1-кестеде берілген.

Кесте 1 - «Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру» әдістемелік курсының тақырыптық жоспары

| Тақырыптар | Сағаттар саны |
|---|---|
| «Адамгершілік», «мәдениет» түсініктерінің мәні мен мағынасы | 2 |
| Адамгершілік мәдениеттің типтері, аспектілері, категориялары | 2 |
| Адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үдерісін қамтамасыз ететін негізгі әлеуметтік-мәдени жағдайлар | 2 |
| Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет түсінігі және белгілері | 2 |
| Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеттестігінің шарттары, принциптері, қызметтері | 2 |
| Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында ата-ана мен педагогтердің адамгершілік мәдениеті | 2 |
| Мектепке дейінгі жас – адамгершілік мәдениетті қалыптастыруда сензитивті кезі | 2 |
| Адамгершілік мәдениетті қалыптастырудың әдістері мен құралдары | 2 |
| Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мжд балалардың адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру үдерісінде педагогикалық диагностиканың мәні | 2 |
| Барлығы: | 18 |

Әдістемелік курстың мақсаты: «адамгершілік», «мәдениет» ұғымдарын терең қарастыру негізінде Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында педагогтер мен ата-аналардың адамгершілік мәдениетінің мәні мен ерекшеліктері туралы білімдерін нақтылау, оларды Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру әдістері мен тәсілдеріне, сонымен қатар оның қалыптасуын анықтайтын диагностикалау әдістеріне үйрету.

Мақсатты жүзеге асыру келесі міндеттерді шешумен байланысты:

1. Педагогтердің қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениеті және оның белгілері туралы тұтас білімдерін қалыптастыру.

2. Осы жас кезеңнің қолайлылығын ескере отырып, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік мәдениетті тәрбиелеу қажеттілігі туралы білімдерін жаңарту.

Buketov university

3. Педагогтерді қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру әдістері мен тәсілдерін игеру.

4. Педагогтерді қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың қалыптасқан адамгершілік мәдениет деңгейін мониторингілеу әдістеріне оқыту.

Әдістемелік курсты ұйымдастыру арқылы педагогтер адамгершілік мәдениет түсінігі, адамгершілік мәдениет типтері, аспектілері, категориялары жайында, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында қалыптасатын адамгершілік мәдениет белгілері жайында, оларды қалыптастыруда отбасымен, ата-аналармен өзара әрекеттестік жайында, мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдері, педагогикалық мониторинг, психологиялық диагностика жүргізуге байланысты білімдер мен дағдыларды игерді. Педагогтердің бойында мұндай білім, білік, дағдыларды қалыптастырумен қатар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген міндетті ұйымдастырылған іс-әрекеттермен қоса вариативті компоненттердің өткізілуінің маңызы зор екендігі дәлелденді. Ал біздің зерттеуімізге сәйкес өткізілген әдістемелік курс қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру тәжірибесінде пайдалануға байланысты толық мағлұматтар берілуімен құнды.

Педагогтармен өткізілген «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларда прагматикке тән адамгершілік мәдениетті қалыптастыру» тақырыбындағы мастер-класс барысында тұлғаның адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мәселесі бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің педагогикалық тәжірибелелеріне, заманауи ғылыми-зерттеу материалдарын игеруге басты назар аударылды. Осыған орай, төмендегідей сұрақтар талқыланды:

– адамгершілік мәдениетті қалыптастырудың заманауи тұғырлары;

– «прагматизм» бағытының маңыздылығы;

– білім беру үдерісінің компоненті ретінде қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілеріне тәрбиелеу мазмұны;

– мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеттестігі.

«Қазіргі білім беру бағдарламалары» тақырыбында өткізілген семинар-практикумның мақсаты: мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен заманауи бағдарламаларда қарастырылған адамгершілік тәрбиенің міндеттерін талқылау. Семинар-практикум нәтижесінде педагогтар адамгершілік тәрбие, тұлғаның адамгершілік мәдениетінің мәні жайында білімдерін жүйеледі, жалпылады, бекітті, мемлекеттің, мектепке дейінгі ұйымның білім беру бағдарламаларының мақсаттық және мазмұндық компоненттерінің сабақтастық жолдарын анықтады. Бұл өз кезегінде педагогтің өзіндік позициясын қалыптастыруға, кәсіби құзыреттілігін бекітуге септігін тигізді. Семинар-практикум барысында талқыланған кейбір бағдарламалардың мақсаттарын талдайтын болсақ:

Buketov university

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының» мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларда физикалық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуға, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіз педагогикалық қағидаларын іске асыруға жағдай жасау [121].

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың» үлгілік оқу бағдарламасы: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру мәселесін қарастырды [223].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында: патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие аймағында біртектес терминологияны өңдеу, патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбиенің мақсатын, міндеттерін, құндылықтарын, принциптері мен тәрбие бағыттарын, нысаны мен субъектілерін айқындауға баса назар аударылған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы төрт кіші бағдарламалардан тұрады:

1. «Тәрбие және білім» – бәсекеге қабілетті, прагматикалық, мықты, жауапты, шығармашыл тұлға – біртұтас ұлттың жетістік іргетасы болып білімге деген табынушылық.

2. «Атамекен» – халықтың, туған өлке мен елдің тағдыры үшін жауапкершілік сезімін, азаматтардың белсенді, әлеуметтік, қайырымдылық және ерікті қызметпен айналасуға ынталандыру жолдарына бағыттау арқылы, қоғамның өзекті мәселелерін нығайту үшін жағдай жасау.

3. «Рухани Қазына» - рухани құндылықтарына сүйене отырып, халықтың салт-дәстүріне, тарихы мен мәдениетіне қызығушылық пен құрметті ояту және дамыту.

4. «Ақпарат толқыны» – бағдарламаны іске асыру барысы туралы халықты ақпараттандыру, азаматтардың қоғамдық мониторингіні жүзеге асырылатын жобаларға қатысу үшін ақпараттық инфрақұрылымын құру [224].

*Педагогтерге арналған қорытынды аттестация:*

– «адамгершілік мәдениет» түсінігінің мәнін ашатын заманауи тұғырларды айқындау;

– мемлекеттің мектепке дейінгі ұйымға арналған бағдарламаларындағы адамгершілік тәрбие мақсаты мен міндеттерін талдау;

– ұйымдастырылған іс-әркетінің, тәрбие іс-шараларының жоспарын өңдеу,

– ата-аналармен жұмысты жоспарлау.

Ата-аналармен жұмыс блогын сипаттайтын болсақ, ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартуды қамтамасыз ету және арттыру, адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыруда мектепке дейінгі ұйым мен отбасының сабақтастығының қажеттілігін сезіну мақсатында ата-аналармен

Buketov university

жұмыстың алуан түрлі формалары жүзеге асырылды. Олар: ата-аналар жиналысы, семинар-практикум, жеке және топтық кеңестер.

Ата-аналар жиналысы. Ата-аналарды балалар өміріне белсенді қатысуына, отбасылық тәрбиені қамтуға, ата-аналардың тәрбиелік іскерліктерін белсендіруге және байытуға, бала бақшамен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Осы орайда «Балада адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда отбасының рөлі» тақырыбында өткен ата-аналар жиналысына ата-аналар ерекше қызығушылық танытты. Жиналыс барысында отбасындағы қарым-қатынас мәселелері және баланың адамгершілік дамуы қарастырылды. Ата-аналар үшін арнайы шақырумен көп балалы Хайдаровтар отбасымен кездесу, танымал үлгілі отбасыларының күнделікті өмір тәжірибесінен алынған бейнероликтері өте маңызды болды. Бұл жерде отбасылар балалардың адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру тәжірибесімен бөлісті. Осындай отбасылармен кездесу, көрсетілген бейнероликтердегі сюжеттер тұлғаның адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыруға ата-аналардың тәрбиелік іскерліктерін жандандырды және байытты, ата-аналар өздерінің мүмкіндіктеріне сенімділікті сезінді, бұл ата-аналардың кері байланыстарынан, мынадай пікірлерінен байқалды: «біз ұлымызбен қарым-қатынас жасауда кедергілерді байқамай, бақытты отбасымыз деп санадық. Бүгін мен өз қателіктерімді түсіндім және оларды міндетті түрде түзетемін» (Л.С.); «Бізге, ата - аналарға балаларымыздың өмірімен бір күн болса да өмір сүруіміз керек, олар нағыз адам болу үшін» (Н.Н.), «Біздің қызымызды тәрбиелеудегі қателіктеріміздің себебі - бірыңғай талаптардың болмауы. Мен оған үнемі сен кішкентайсың еңбектенуге саған әлі ерте деп айта беріппін» (А.Б.) және т.б. Қарым-қатынас барысында ата-аналар мен педагогтер үйде және балабақшада балалардың өміріне қажетті адамгершілік мәдениетті қалыптастырудың жалпы ережелерін өңдеді.

Ата-аналар отбасы тәрбиесінің әдістерімен танысып: халық ауыз әдебиетінің жанрларын: мақал-мәтелдерді, дана сөздері пайдалану арқылы, отбасындағы рөлдерді алмастыру: ата-аналар балалар рөлін, ал балалар ата-аналар рөлін орындағанда, мерекелік күндерге дайындық кезінде бірлесіп дайындалу: пәтерді жинау, мерекелік түскі ас дайындау, бөлмені безендіру, мерекелік костюмдер дайындау әдістерімен танысты. Жиналыс барысында ата-аналарға педагогтің жиналысқа дейін даярлаған балалармен әңгімелерінің бейнежазбасын көру ерекше қызығушылық тудырды. Көптеген ата-аналар тіпті олардың қызын немесе ұлын өз отбасы туралы аз білетіні, ата-анасымен қарым-қатынас жасауға, олардың ілтипатына, мейірімділігіне мұқтаждығын байқап, таң қалды. Бұл ата-аналар үшін баланы отбасында тәрбиелеуге деген өз көзқарасын қайта қарауға себеп болды. Жиналыс соңында ата-аналар әдістемелік әдебиеттермен таныса отырып, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілеріне арналған мақал-мәтелдерден, адамгершілік мәдениет жайында ұлы ғалымдардың пікірлерінен тұратын жинақ құрастырды.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстың тағы бір түрі «Отбасындағы баланы мадақтау және жазалау» тақырыбы бойынша өткізілген семинар-практикум болды. Семинар-практикум барысында ата-аналарға тұлғаның адамгершілік



Buketov university

мәдениет белгілерін қалыптастыру әдістерінің бірі ретінде мадақтаудың педагогикалық құндылығы көрсетілді. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ата-аналар тарапынан қолданылатын мадақтаудың түрлеріне назар аударылды. Мысалдар балабақшада балалардың өмірінен келтірілді, ата-аналарға ойын жаттығулары ұсынылды. Семинар-практикум барысында «Жазалауға жол беріледі ме?» деген тақырыпта пікір-талас өткізілді. Пікір-талас кезінде төмендегідей жағдай айқындалды: тұлғаның адамгершілік мәдениетін табысты қалыптастырудың кепілі - ата-аналардың, тәрбиешілердің, педагогтардың жазалауды қолданбау іскерлігі. Семинар-практикумға қатысушылар «Сіз жазалауды таңдаған кезде, оның бала үшін зияны мен пайдасы жайында білуіңіз керек» жадынамасын әзірленіп, талқыланды.

Бұл жұмыс ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда олардың қолданатын әдістері мен құралдарын кеңейту, өз жетістіктерін талдау, балаларды мадақтау мен жазалауда қателіктерді байқау, баламен өзара әрекеттестіктің неғұрлым қолайлы түрлерін іздеу, баланы отбасында тәрбиелеу тәжірибесімен алмасу мақсатында өткізілді.

Ата-аналарға арналған жеке және топтық кеңестер төмендегі принциптерден тұрды: өзара сыйластық, сенімділік, адамгершілік мәселелерді өз бетімен шешуге даярлығы. Педагогтер білікті ақыл-кеңес бере отырып, практикалық әдістер мен тәсілдерді қолдануға үйрете отырып, кеңес беруді сапалы деңгейде өткізді. Кеңестер мынадай тақырыптарда өткізілді: «Ойын – адамгершілік мінез-құлық мектебі» - балалардың үйлерінде және балабақшада ойнайтын ойын түрлеріне және олардың тұлғаның адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыруға әсеріне назар аударылды; «Еңбек - үлгіден басталады» - баланың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру құралдарының бірі ретінде - еңбектің тәрбиелік сипаты қарастырылды; адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда әдеби шығармалардың тәрбиелік күшіне назар аударылды: достық, шындық, қарапайымдылық, қанағатшылдық, ұқыптылық, үлкендердің еңбегін сыйлау, адал, батыл іс-әрекеттерге жағымды қарым-қатынасы, қатыгездік, дөрекілік, менмендік, сараңдық сияқты қасиеттерге жағымсыз қатынасы және т.б.

*Ата-аналарға арналған қорытынды аттестация:*

– Рухани жаңғыру жағдайында адамгершілік мәдениет белгілеріне арналған мақал-мәтелдерден, адамгершілік мәдениет жайында ұлы ғалымдардың пікірлерінен тұратын жинақ құрастыру;

– «Отбасындағы баланың өмір сүру ережелері туралы» жадынама әзірлеу;

– «Адамгершілік мәдениет табиғат байлықтарына және өзара түсіністікке ұқыпты қарау табысы ретінде», «Ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынасы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру жолы ретінде», «Ата-аналардың адамгершілік мәдениеті Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында балаларда адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру шарты ретінде», «Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілері» жайында эссе жазу.

Buketov university

Жұмыс барысында педагогтер мен ата-аналар өз қиындықтарын өз бетінше талдап, өз балаларын тәрбиелеуде сенімділікті сезінуге үйренді. Демек, педагогтермен және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар тәжірибе алмасуға, педагогтер мен ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыруға, ата-аналардың отбасында балалардың адамгершілік мәдениеті белгілерін қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігін сезінуіне ықпал етті. Егер балалардың ата-аналары, педагогтер адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру үдерісіне қатыспаса, жұмыс нәтижелі болмас еді.

Өткізілген жұмыстар тұлғаның адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мәселесін өзектендірді, педагог пен ата-аналар әрекеттерінің әдіснамалық және кәсіби деңгейін жоғарылатуға жетеледі, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру үдерісі рефлексиялық талдаудың көзі болып табылды.

*Педагогтермен және ата-аналармен жұмыс блоктарын жүзеге асыруда оқытудың дәстүрлі және белсенді әдістерін қолдандық* (ұжымдық ойлау, іскерлік ойындар, жаттығулар) кейбір ойындар мен жаттығулар материалдары берілген. Оқыту құралдары ретінде ақпараттық-технологиялық кешендерді қолдану қарастырылды:

– оқу құралы «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар»;

– әдістемелік нұсқаулықтар «Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеттестігі», «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық»;

– электронды оқу құралы «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар», ЭЕМ-ге арналған «Балабақша мен отбасының өзара әрекеттестігі жүйесінде балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру негіздері (Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында)»;

– электронды әдістемелік нұсқаулық «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық».

Ұсынылған ақпараттық-технологиялық кешендерді сипаттайтын болсақ:

*Оқу құралы «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар».*

Оқу құралының мақсаты –мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісінде педагогикалық технологияларды қолданып, олардың ғылыми-педагогикалық ерекшеліктерін түсінуге үйрету.

Оқу құралының мазмұнында инновация, педагогикалық технологиялар ұғымдарының мәні, мақсаты мен принциптері қарастырылған; мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын бағдарламалар талданып, олардың мақсаты мен ерекшеліктері ашылып, кеңінен түсіндірілген; мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырылған оқу қызметінде және тәрбие барысында қолданылатын педагогикалық технологиялардың түрлері: мектепке дейінгі ұйымда ақпараттық-қатынастық технологиялардың мақсаты мен міндеттері; М.Монтессори

Buketov university

технологиясы мақсаты, маңызы, принциптері, даму аймақтары, жүзеге асыратын педагогтың іс-әрекеті; мектепке дейінгі ұйымда жобалау, жобалау технологиясының даму тарихы, мақсаты мен міндеттері, түрлері, осы технологияны қолдануға тәрбиешінің даярлығы; денсаулық сақтау технологиясы; ӨТШТ технологиясының мазмұны, мақсаты, міндеттері, аталған технология барысында қолданылатын әдістер және дидактикалық қағидалар; балабақшада арт-терапия әдістерін қолдану оның түрлері; ойын технологиясы мен оның жіктелуі; бала мен тәрбиеші портфолиосы және олардың ерекшеліктері жан-жақты түсіндірілген. Әрбір тақырып соңында берілген бақылау сұрақтары мен тапсырмалары студенттердің меңгерілетін білімді тиянақтап, естеріне сақтауға, өздігінен ой қызметін жұмсап, еңбектенуге, мамандығына деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік жасайды.

*Әдістемелік нұсқаулық «Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеттестігі»*. Әдістемелік нұсқаулықтың мақсаты: мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру субъектілерінің танымдық қабілетін, ізденіс дағдысын, шығармашылық белсенділігін, логикалық ойлау мен зерттеушілік мүмкіндіктерін дамыту.

Әдістемелік нұсқаулықта мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеттестігінің тарихы, мақсаты, міндеттері, шарттары, отбасы түрлері, стильдері, тәрбиешілердің ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарының жеке, ұжымдық түрлері, формалары жайында мағлұматтар беріліп, оны практикада қолданудың жан-жақты мәселелері қарастырылған [225].

*Әдістемелік нұсқаулық «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық»*. Нұсқаулықта: мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік мәдениетін қалыптастыру жолдары қарастырылған [226].

*Электронды оқу құралы «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар»* атты [227] электронды оқу құралына №0440 куәлік 15.02.2018 ж. алынды. Құралдың мақсаты: мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуде қазіргі педагогикалық технологиялар түсінігінің маңызы мен мағынасын ұғыну, педагогикалық технологиялар жайында ой-өрісін, танымын кеңейту.

Курстың міндеттері:

- мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуде қазіргі педагогикалық технологиялар бойынша білімді меңгеру, мақсаты мен миссиясын түсіндіру;
- жаңа педагогикалық технологиялардың қолданылуы жайында тәжірибелерді игеру;
- маманның практикалық даярлығын және кәсіби дағдыларын меңгерту;
- мектепке дейінгі ұйымның тірбиелеу-білім беру үдерісінде сүйенетін бағдарламалар, педагогикалық технологиялар түрлері жайлы түсіндіру;
- қазіргі педагогикалық технологиялардың қолдану аймағын түсіну.

*ЭЕМ-ге арналған бағдарлама «Балабақша мен отбасының өзара әрекеттестігі жүйесінде балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру*

Buketov university

*негіздері (Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында)»* [228] ЭЕМ-ге арналған бағдарламаға №5198 куәлік 06.09.2019ж. алынды. ЭЕМ-ге арналған бағдарламаның басты мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен ата-аналарға мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру негіздерін түсінуге ықпал етеді.

Курстың негізгі міндеттері:

- адамгершілік мәдениет жайында білімдерді игеру;
- рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларда қалыптасатын адамгершілік мәдениет белгілерін түсіну;
- адамгершілік мәдениеттің құндылықтарын сезіну;
- педагогтер мен ата-аналардың кәсіби қарым-қатынасы мен педагогикалық қабілеттерін дамыту.

*Электронды әдістемелік нұсқаулық «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық»* атты [229] №39070, 01.09.2023ж. алынды (Қосымша А).

Бұл электронды әдістемелік нұсқаулықты тәрбиешілер мен ата-аналар көмекші құрал ретінде қолдана алады. Мектепке дейінгі білім беру аясында өңделген ақпараттық-технологиялық кешен мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда оларды практикалық кәсіби қызметте қолдану үшін неғұрлым сапалы білім алуға ықпал етеді.

Мектепке дейінгі білім беру аясында өңделген ақпараттық-технологиялық кешен мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда оларды практикалық кәсіби қызметте қолдану үшін неғұрлым сапалы білім алуға ықпал етеді.

*Балалармен жұмыс блогы.* Балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру технологиясына тоқталсақ, бұл үдеріс 12-сурет сай жүзеге асырылды. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру технологиясы әзірленген педагогикалық жүйеде қарастырылған және ата-аналар мен педагогтардың тікелей әсерімен мақсатты түрде байланысты, ал олардың жиынтығының нәтижесі Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениеті қалыптасқан мектеп жасына дейінгі балаларды анықтау болып табылады.

*Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс блогын* жеке және топтық формаларда жүзеге асырдық. Алдымен, форма түсінігін талдайтын болсақ, форма түсінігі – ұйымдастыру тәсілі, үдерісті, құбылысты, пәнді, мазмұнды білдіру [230]. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «форма» ұғымын кескін, белгіленген тәртіп деп анықтайды [31, 368б.].

Оқытуға қатысты форма – бұл оқыту мен тәрбие үдерісінің арнайы құрылымы. Бұл құрылымға балалардың іс-әрекет түрлері, оқыту үдерісінң әдістері, құралдары, тәсілдері, мазмұны тән. Оқытудың бұл құрылымы арнайы

Buketov university




Сурет 12 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясы

оқу материалымен жұмыста педагогпен білім алушының арасындағы қарым-қатынаста байқалатын өзара әрекеттестікті көрсететін педагогикалық шындық мазмұнын ұйымдастыруды көрсетеді [231].

Оқыту мен тәрбиенің топтық формасы – педагогтің барлық топты бір уақытта басқаруы және ұйымдастырылған іс-әрекеттің оқыту, тәрбиелік, дамыту мақсаттарын көздейді. Осымен қатар топтық әрекет барысында оқыту мен тәрбиенің жекелей тәсілі қарастырылады.

Оқыту мен тәрбиенің жеке формасы – қандай да бір оқыту тапсырмаларын баланың өз бетімен немесе ересектердің көмегімен орындауы.

Бұл кезде сенімді қарым-қатынас жүзеге асады; баланың жеке ерекшеліктерін есепке алуға және оларды әрі қарай зерттеуге мүмкіндік туады;

оқыту қарқыны, құралдары, әдістері, формалары, мазмұны жекешелендіріледі.

Баланың жетістіктері мен кемшіліктері ересектерге белгілі болады, бұл оны түзетуге мүмкіндік береді.

Балалармен жұмыс блогында таңдап алынған оқыту және тәрбие әдістері - оқыту, тәрбиелік шаралардың мақсатына жетуге септігін тигізеді.

Тәрбие әдістері – бұл педагог пен балалардың біріккен әрекетінде педагогикалық міндеттерді шешуде санасына, сезімдеріне, мінез-құлқына әсер етудің нақты жолдары.

Ынталандыру кезеңнің мақсатына және тәрбиелік шаралардың мазмұнына сәйкес біз төмендегі И.Г. Щукинаның өңдеген тәрбиенің әдістер тобын бірізді қолдандық:

– тұлға санасын қалыптастыру әдістері;
– мінез-құлықты қалыптастыру және әрекетті ұйымдастыру әдістері;
– ынталандыру әдістері [232].

Бұл әдістерді тұлғалық-мотивациялық компонентте мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға педагогикалық ықпал ету үдерісіне қатысты сипаттайтын болсақ:

1. Тұлға санасын қалыптастыратын әдіс: сендіру әдісі - адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру мақсатында баланың ерік сезіміне және санасына әсер ету. (Түсіндіру формасында жүзеге асырылады).

2. Мінез-құлықты қалыптастыру және әрекетті ұйымдастыру әдісі: жаттығу әдісі – бір істі есте қалу үшін, бірнеше рет қайталау, дағдыны қалыптастыру.

3. Ынталандыру әдісі: мадақтау әдісі – балаларда жағымды эмоцияларды тудыру үшін қолданылды.

Оқыту әдістері – педагог пен балалардың өзара байланысты іс-әрекет тәсілдері, оның барысында бала қажетті әлеуметтік тәжірибе мазмұнын меңгереді, оқыту әдістері оқытудың мақсатын, меңгеру тәсілін, оқыту субъектілерінің өзара әрекетінің сипатын белгілейді.

Біз өз зерттеуімізде Р.К. Аралбаеваның «Мектепке дейінгі педагогика» еңбегінде топтастырылған оқыту әдістерін басшылыққа ала отырып, төмендегідей жіктемені есепке алдық:

– балалардың оқу-таным іс-әрекетін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері (сөздік, көрнекі, практикалық, индуктивтік және дедуктивтік, балалардың өздігінен жұмыс істеу әдістері);

– балалардың оқу-таным іс-әрекетін мотивациялау және ынталылық тудыру әдістері (танымдық ойындар, ойын жаттығулары, өмірде кездескен жағдайларды талдау, баланың тәжірибесіне сүйену, мадақтау);

– балалардың оқу-таным іс-әрекетінің нәтижелерін бақылау және бағалау әдістері (заттармен жұмыс істеу, сөз сөйлеу тапсырмалары, балалардың жұмыс өнімдерін талдау, байқау).

Buketov university

Оқыту құралдары – педагог пен балалардың арасындағы және білім алу үшін, танымдық және практикалық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру үшін пайдаланылатын материалдық немесе идеялық объектілер.

Оқытудың материалдық құралдарына оқу құралдары, модельдер, кестелер, макеттер, заттар, техникалық құралдар, балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізетін орын, микроклимат, тамақтану ережесі және т.б. жатады.

Идеялық құралдарды ақыл-ой жұмысы мен оның жемісі, баланың бұрын алған білімі мен білігі. Лингвистикалық – ауызша және жазбаша сөйлеу, семиотикалық - таңбалар, символдар, шартты белгілер, кестелер, схемалар, паралингвистикалық - дене қимылы, бет қимылы құралдар деп бөледі. Жалпы алғанда бұл құралдарды қарым-қатынас құралдары деп атауға болады [120,100б.].

Біздің зерттеуімізде оқыту құралдары ретінде ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету төмендегідей қарастырылды:

– вариативтік компонент бағдарламасы: «Адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру».
– авторлық шығармашылық ойыны: «Үй жылуы».
– әдістемелік жинақ: «Халық ауыз әдебиетінің мұралары».
– әңгімелесу картотекасы «Адамгершілік мәдениет жайында».

Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін: балалардың жас және жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары және мектепке дейінгі ұйым қызметінің бағытын ескере отырып біз мектепке дейінгі ұйымның ересек тобының оқу жоспарының вариативтік компонентіне «Адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру» атты бағдарлама енгізуді жөн санадық. Вариативтік бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделіп, адамгершілік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.  Төменде 2-кесте оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлімі берілген.

Кесте 2 – Оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлімі

| Бағыттары | Атауы | Тобы, тәрбиешінің аты-жөні | Өткізу кезеңі | Сағат саны (апта сына) |
|---|---|---|---|---|
| «Әлеумет» Адамгершілік мә дениет түсініктерімен таныс тыру, 5 жастағы балаларда адамгершілік мәдениет белгілерін | «Адамгершілік мәдениет негіздерін қа лыптастыру | Мектепалды топ Сайлаухан М.С. | аптасына 2 | 2<br>7<br>2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қалыптастыру | | | | |
| «Қатынас» Балалардың ком муникативтік-сөйлеу дағды лары мен театрландырылған ойындарға деген жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру | Ертегіде қонақта | Мектепалды топ Алтынова А.С. | аптасына 2 | 2 7 2 |
| «Таным» Балалардың құрастыру қабілеттері мен саусақ қозғалыстарын дамыту | «Бірге жасаймыз» (оригами) | Мектепалды топ Оразымбетова Г.Ж. | аптасына 2 | 2 7 2 |
| «Денсаулық» Қарапайым іс – әрекеттерді орындау дағдыларын қалыптастыру: домалату, қағып алу, соғу, лақтыру, аяқпен домалату. | «Көңілді доптар» | Мектепалды тобы Салықбаева О.С. | аптасына 2 | 2 7 2 |
| «Шығармашыл ық» балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту | «Шебер қолдар» | Мектепалды тобы Беримбет М.Ж. | аптасына 1 | 1 3 6 |

Вариативтік бағдарламаның перспективтік жоспары төмендегі 3-кесте көрсетілген.

*Бағдарлама мақсаты:* рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру.

*Бағдарлама міндеттері:*

– мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік, мәдениет жайында тұтас түсініктерін қалыптастыру;

– адамгершілік мәдениет жайында қарапайым білімдерін жетілдіру;

Buketov university

– рухани жаңғыру жағдайында басқалармен қарым-қатынас жасауда адамгершілік мәдениет белгілерінің маңыздылығын түсіндіру;

– балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда отбасылық-педагогикалық бірегей микроклимат құру;

Кесте 3 – «Адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру» вариативтік компонент бағдарламасының перспективтік жоспары

| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Тақырыбы | Мақсат, міндеттері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Қоршаған ортамен таныстыру | «Үй жылуы» авторлық шығармашылық ойыны | Балаларды электр энергиясын және ауыз суды үнемдеп ұстауға және өз заттарын ұқыпты жинауға үйрету. | Қыркүйек, 2018 |
| Қоршаған ортамен таныстыру | «Игілікті істер» «Мейірімді бала» «Ұқыптылық Феясы» | Әлемді жағымды әсермен қабылдай білу әдетін қалыптастыру; балалардың бойында бауырлары мен жақындарына, құрдастарына мейірімді, қам қор қарым- қатынас жасау дағдыларын дамыту; игілікті істер жасауға, өзіне және өзге адамдарға қуаныш әкелуге деген ынтасын арттыру. Балалар ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстамай тын балаларға қалай көмектесуге болатын жайында ақыл-кеңестерін айту керек. | Қазан, 2018 |
| Көркем әдебиет | «Алтын балық» ертегісі, әңгімелеу | Балаларға осы ертегіні сомдау арқылы Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында маңызды | Қараша, 2018ж |

Buketov university

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қасиет қанағат шылдық оған қарама-қарсы қасиет тойымсыз болмауды түсінуге тәрбиелеу. | |
| Жапсыру | «Қарапайым адам және оны безендіру | Сен өзіңді қарапайым адаммын деп санайсың ба? Неліктен? Қалай ойлайсың қарапайымдылық адамға өмірде көп нәрсеге қол жеткізуге көмектеседі ме әлде керісінше бөгет болады ма?<br>Қандай киім сен үшін қарапайым және неге?<br>Қалай ойлайсың, қарапайымдылық неліктен байқалмайтын қасиет? | Желтоқсан, 2018 |
| Сөйлеуді дамыту | «Қарапайымды лық – жақсы қасиет» Жағдаяттар. | Белсенді өмірлік ұстанымы бар рухани-адамгер шілік тұлғаның негізін, басқа адамдармен жетілу және үйлесімді қарым – қатынас жасау қабілетін қалыптастыру. Өзгелерге сөзбен емес, іс жүзінде үлгі болуға үйрету, жамандықтан, қызғаныштан аулақ болу – өзінде бар нәрсеге қанағаттану, кешірім сұрау, адал әрекет ету, басқаларға ешқашан өзің қаламайтын нәрсені жасамау<br>Мінез-құлық нормаларын нақтылауға, оларды практикалық тәжірибесімен байланыстыруға көмектесу. | Желтоқсан, 2018 |

Buketov university

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Адамгершіліктің мәнін түсінуге (кейіпкер неге осылай жасады?), кейіпкерлердің әрекеттерімен қылықтарын бағалау (Ол дұрыс жасады ма?), өз мінез-құлқын жобалауға үйрету (Оның орында болсаң, сен не істер едің?). | |
| Көркем әдебиет | «Қарапайым аңдар» рөлдік ойын | Ойында берілген рөлдерді сомдауға, өзіне берілген аңның бойындағы қасиеттерін, оның ішінде қарапайымдылық қасиеттерін есіне түсіріп, жеткізе білуге тәрбиелеу. | Қаңтар, 2019 |
| Сөйлеуді дамыту | «Заттар не жайында сөйлейді». Дидактикалық ойын | Балаларға мына нақыл сөзді оқып «Ұқыпты сақталған зат екі ғасыр өмір сүреді». Ойларын жан-жақты айта отырып, аталмыш қасиеттің мәнін түсінуге және түсіндіре білуге үйрету. | Ақпан, 2019 |
| Сөйлеуді дамыту | «Ұқыпты бала – әдепті бала» «Мақал-мәтел» | Балаларға әдептілік, сыпайылық адами қасиет тер туралы түсінік бере отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.<br>Сыпайылылық қарым – қатынастарын дамыту<br>Өз затыңа ұқыпты болуға, қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу.<br>Мақал, мәтел бойынша әңгіме құрастыру, сурет салу, мақал-мәтелдің маңызын түсіндіре білуге, мақал- | Наурыз, 2019 |

Buketov university

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мәтелдің мәнін ашатын мысалдар келтіре білу қабілеттерін дамыту. | |
| Сурет салу, Қоршаған ортамен таныстыру | «Ұқыптылыққа кім үйретеді» Сурет көрмесі | Қарым-қатынасты ынталандыру, психологиялық денсаулық үшін қолайлы қарым-қатынасты қалыптастыру. Энергия ресурстарына, қоршаған ортаға, сөйлеу мәдениетіне, қарым-қатынасқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | Сәуір, 2019 |
| Көркем әдебиет | «Қарапайым құмырсқа» ертегісі | Балаларға осы ертегіні сомдау арқылы қарапайымдылық сияқты маңызды қасиетті түсінуге тәрбиелеу. Отбасында осы қасиетті жетілдіру мақсатында ата-аналармен әңгімелесу. | Сәуір, 2019ж. |
| Сөйлеуді дамыту | «Ойыншыққа көмектесейік» Сюжетті ойындар | Балаларды ойыншықтардың жай-күйін айыра білуге үйрету. Қиын жағдайда қалай көмек бере тіні жайында, өзінің ойын өте мәнерлі жеткізе білуі, басқаларды тыңдап, ойын тиянақтай білуі. | Мамыр, 2019 |

– балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру жолдарын, кезеңдерін, механизмдерін анықтау;

– балалардың адамгершілік сезімдерін, санасын, мінез-құлқын, мәдениетін дамытудың негізі ретінде адамгершілік идеяларын қалыптастыру;

Buketov university

– адамгершілік мінез-құлық тәжірибесін, мотивтерді, әлеуметтік құнды мінез-құлықты, адамгершілік сана, сезім мен іс-әрекетті тәрбиелеу.

Осы бағдарламаны, бағдарламадағы берілген мәліметтерді ата-аналарға, мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен әдіскерлеріне, бала тәрбиесіне жауапты мекемелерге, ұйымдарға ұсынуға болады.



*Карманова Ж.А., Абылайхан С.М. авторлық шығармашылық ойыны: «Үй жылуы»* балаларды Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілерін ұстануға үйрету. Аталмыш ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға үнемшілдік, ұқыптылық сияқты қасиеттердің мәнін, мағынасын түсініп, қандай жағдайда қолдану қажеттілігін, әр заттың өз орны бар екенін көрсету. Ойынды ата-аналармен, педагогтердің бақылауымен, сондай-ақ балалар өз беттерімен ойнай алады.

Жұмабекова Ф.Н. пікіріне сүйенсек, жас ұрпақтың жеке тұлға ретінде дүниетанымының қалыптасуы мектепке дейінгі шақта қаланады. Осы жастағы балаларға бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан ата-бабаларымыздың мирас етіп қалдырған қазынасын ұрпаққа саналы тербие мен білім беруге пайдалану біздің борышымыз [119, 65б.], дей келе біз *әдістемелік жинақ: «Халық ауыз әдебиетінің мұралары»* әзірледік.




Баланың жеке басының қалыптасуында мектепке дейінгі ұйымдардағы білім және тәрбие беру кезеңі маңызды орынға ие. Осы кезеңнің өзінде-ақ ата-аналардың, педагогтердің, психологтердің бірлескен күш-жігері арқылы баланың әлі айқындала қоймаған әлеуметтік сапаларын қалыптастыру мен дамытудағы тәрбиелік мүмкіндікті жұмылдыру үшін оның жеке басының,

Buketov university

рухани және дене бітімінің даму ерекшеліктерін, адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру қажет.

Балаларға адамгершілік мәдениет белгілері жайында білім беру, осы қасиеттерді қалыптастыру әр педагогтің, әр ата-ананың борышы. «Халық ауыз әдебиетінің мұралары» атты әдістемелік жинақ мектеп жасына дейінгі балалардың Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілері жайында білімдерін бекітіп, жүйелеу үшін қолданылды. Жинаққа қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет белгілеріне тән мақал-мәтелдер, ертегілер және дана сөздер енгізілген.

Берілген жинақтың нәтижесінде балалар:

– балалар өздерін және құрдастарын нақты сипаттайтын жағымды және жағымсыз сөздерді таңдап, оларды атай біледі;

– мақал-мәтелдердің мәнін, маңызын түсінеді;

– ертегі кейіпкерлерінің жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерін атай біледі, айыра біледі, жанашырлық танытады;

– ғалым-ойшылдардың дана сөздерін мағыналы түрде есте сақтап, ойлануға мәжбүрленеді.




*Әңгімелесу картотекасы «Адамгершілік мәдениет жайында».* Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалар қабылдайты іс-әрекеттің адамгершілік жағын көріп, оның мәнін түсінуге үйрету, өзінің және басқалардың әрекеттерін саналы бағалау қабілетін қалыптастыру.

Картотекада адамгершілік мәдениет жайында әңгімелер, ойындар қолданылды. Картотека балалармен тәрбиелеу-білім беру жұмыстарын жақсартуда көмегін тигізген оңтайлы құралдың бірі болып табылды.

Картотеканы қолдану барысында балаларда:

– адамгершілік нормалар, адамгершілік таңдау, мінез-құлық мотивтері жайында алғашқы түсініктер (мысалы: не істеу қажеттігін өздері шешеді), жинақталады:

– жағдаяттардың адамгершілік жақтарын көре білу;

– өзінің және өзгенің мінез-құлығын бақылай білу;

– адамгершілік түсініктерді және олардың қарама-қарсы түсініктерін дұрыс қолдана білуге үйренеді.

Өткізілген жұмыстар тұлғаның адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мәселесін өзектендірді, педагог қызметінің әдіснамалық және кәсіби деңгейін жоғарылатуға жетелейді, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру үдерісі *рефлексивті талдаудың көзі болып табылды.*

Buketov university

Біз жобалаған технологияның *нәтижесі* оның  негізгі түпкі ойын жүзеге асыру құралдарын енгізу арқылы оның негізгі мақсаты жүзеге асырылады – Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін барлық компоненттерінде қалыптастырушы әсер ету: мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлық, рефлексивті.

Жоғарыда айтылғандар келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда технологияның мәні алдын-ала жоспарланған нәтижесі бар педагогтардың, ата-аналардың, балалардың іс-әрекеттерін бағдарлауда жүзеге асырылатын оқыту мен тәрбиелеудің формаларын, әдістерін, құралдарын ұйымдастыруда әрекеттердің жобаланған жүйесі.

2. Адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясының негізгі түпкі ойы оның барлық компоненттерде: мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті қалыптасуы болып табылады.

3. Технологиялық түпкі ойы принциптерді, педагогикалық шарттарды, қызметтерді қызметтерді, атап айтқанда: конструктивті, ұйымдастырушылық, аналитикалық және түзету жүзеге асыруға негізделеді.

4. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясы блоктарды: педагогтармен жұмыс, ата-аналармен жұмыс, балалармен жұмыс жүзеге асырудан тұрады.

5.Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың ұсынылған технологияда мектеп жасына дейінгі кезенді құрайтын мектепалды тобына, 5-жастағы балаларға баса назар аударылады.

Buketov university

## 2 ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТЕКСЕРУ

**2.1 Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тексеруді ұйымдастыру және зерттеу әдістері**

Бұл бөлімнің мазмұны мынадай мәселелерді қарастырады:

1. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тексеруде зерттеуді ұйымдастыру.

2. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тексерудің зерттеу әдістері.

*1. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тексеруде зерттеуді ұйымдастыру.*

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тексеру үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2018 жылдан 2019 жыл аралығында Қарағанды қаласының КМҚК «Ертөстік», ЖШС «Талант-менеджмент» тұлғаны дамыту және зерттеу орталығы Дарынды бала - №3», ЖШС «Талант-менеджмент» тұлғаны дамыту және зерттеу орталығы Дарынды бала - №4», ЖШС «Мектеп-балабақша «Академия детства»», ЖШС ШБО «Колобок» мектепке дейінгі ұйымдарының мектепалды топтарында жүргізілді. Зерттеуге мектепалды тобының балалары қатысты, жалпы саны – 232, олардың 118 – бақылау тобының балалары, 114 – эксперименталды тобы балалары. Эксперимент тобында Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясы жүзеге асырылды, зерттеу нәтижелерін енгізуге арналған актілер берілген, бақылау тобында тәрбиелеу-білім беру үдерісі дәстүрлі формада жүргізілді.

Біз анықтағандай, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет компоненттері:

- мотивациялық-тұлғалық (адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыруға тұлғалық бағыттылығы);
- мазмұндық (адамгершілік мәдениет белгілерінің мағынасын және олардың пайда болу мен байқалу мәнін білу);

Buketov university

- мінез-құлықтық (Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет әдістері мен тәсілдерін игеру, сипаттау);

- рефлексивті (адамгершілік мәдениет белгілерін өзіндік бағалау, өздігінен талдау және өзіндік түзету).

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің негізгі сипаттамаларын анықтау бізге оның критерийлері мен көрсеткіштерін өңдеуге мүмкіндік берді. Берілген критерийлер мен көрсеткіштердің жиынтығы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың өлшемдік жүйесі ретінде ұсынылды. Бұл жүйе күтілетін нәтижені болжап қана қоймайды, сонымен қатар оны өлшейді 4-кесте.

Кесте 4 – Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін өлшеу жүйесі

| Компоненттер | Критерийлер | Көрсеткіштер | Деңгейлерге сипаттама | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жоғары | Орташа | Төмен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Мотивация-лық-тұлғалық | Адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыруға тұлғалық бағыттылығы | Адамгершілік мәде ниет белгілері: қана ғатшылдық, қара пайымдылық, үнем шілдік, ұқыптылық – қызығушылығы | Қызығушылығы мен қанағаттанушылығы тұрақты | Қызығушылығы мен қанағаттанушылығы тұрақты емес | Қызығушылық пен қанағаттанушылық мүлдем танытпайды |
| | | Адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттестікке қажеттілік | Адамгершілік мәде ниет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік айқын көрінеді | Адамгершілік мәде ниет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік айқын көрінбейді | Адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік жоқ |
| Мазм | Адамгерш | Адамгершілік | Адамгершілік | Адамгерш | Адамгерші |

Buketov university

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұндық | ілік мәдениет белгі лерінің мағына сын және олар дың пайда болуы мен байқалу мәнін білу | мәдениет белгілерінің мәнін білу<br><br>Адамгершілік мәдениет белгілерінің пайда болуын түсіну | мәдениет белгілерінің мәнін жүйелі біледі<br><br>Адамгершілік мәдениет белгілерінің пайда болуын жүйелі түсінеді | ілік мәде ниет белгілерін ің мә нін жеткілікті біледі<br><br>Адамгерш ілік мәдениет белгілерін ің пайда болуын аздап түсінеді | лік мәде ниет белгілеріні ң мәнін түсінбейді<br><br>Адамгерші лік мәдениет белгілеріні ң пайда болуын түсінбейді |
| Мінез - құлық тық | Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайын да адам гершілік мәдениет белгілеріні ң әдіс тері мен тәсілдерін игеру, сипаттау | Адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындай білуі | Адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайды | Адамгерш ілік мәдениет белгілерін ің өз бойында байқалуы н толық мойындам айды | Адамгерші лік мәдениет белгілеріні ң өз бойында байқалуын мүлдем мойындама йды |
| | | Қоғамдық сананы жаңғырту жағ дайында адамгершілік мәдениет белгілерінің әрекеттерінде, мінез-құлықтарында байқалуы | Әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері үнемі байқалады. | Әрекеттер і мен мінез-құлықтар ында адамгерші лік мәдениет белгілері толық байқалмай ды. | Әрекеттері мен мінез-құлықтары нда адамгершіл ік мәдениет белгілері мүлдем байқалмайд ы |
| Рефле ксивті | Адамгерш ілік | Адамгершілік мәдениет | Адамгершілік мәдениет | Адамгерш ілік | Адамгерші лік |

Buketov university

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәдениет белгілерін өзіндік бағалау, өздігінен талдау, және өзіндік түзету | белгілерін өзіндік бағалауға, өздігінен талдауға, және өзіндік түзетуге тырысады | белгілерін өзіндік бағалауға, өздігінен талдауға және өзіндік түзетуге тырысады | мәдениет белгілерін өзіндік бағалауға, өздігінен талдауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынады | мәдениет белгілерін өзіндік бағалауға, өздігінен талдауға және өзіндік түзетуге тырыспайды |

Әрбір критерийдің құрамына енген сипатттамалар, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру көрсеткіштері, олардың сандық және сапалық әдістері мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің үш деңгейін бөліп көрсетуге көмектесті: жоғары, орташа, төменгі. Берілген градация негізінде – балалардың көрсеткен көрсеткіштерінің белгілі бір көлемі: белгілер аз болған сайын, балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасу деңгейі солғұрлым төмен болады.

Жоғары деңгей үшін 81%-дан 100%-ға дейінгі, орташа деңгей үшін 41%-дан 80%-ға дейін; төмен деңгей үшін 41%-дан төмен көрсеткіштер тән.

Мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік мәдениет белгілерінің *жоғары деңгейде* байқалуы былайша сипатталады: адамгершілік мәдениеттің қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік, ұқыптылық белгілеріне қызығушылығы мен қанағаттанушылығы тұрақты, адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік айқын көрінеді, адамгершілік мәдениет белгілерінің

мәнін жүйелі біледі, адамгершілік мәдениет белгілерінің пайда болуын жүйелі түсінеді, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз мінез-құлқында байқалуын мойындайды, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері үнемі байқалады, адамгершілік мәдениет белгілерін өзіндік бағалауға, өзіндік талдауға және өзіндік түзетуге тырысады.

Адамгершілік мәдениеттің *орташа деңгейі* мынадай жағдайларда байқалады: адамгершілік мәдениеттің қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік, ұқыптылық белгілеріне қызығушылығы мен қанағаттанушылығы тұрақты емес, адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік айқын көрінбейді, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті біледі, адамгершілік мәдениет белгілерінің пайда болуын аздап түсінеді, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайды, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері толық байқалмайды, адамгершілік мәдениет белгілерін өзіндік бағалауға, өзіндік талдауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынады.

Buketov university

Адамгершілік мәдениеттің *төменгі деңгейі* былайша айқындалады: адамгершілік мәдениеттің қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік, ұқыптылық белгілеріне қызығушылық пен қанағаттанушылық мүлдем танытпайды, адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік жоқ, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін, пайда болуын түсінбейді, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайды, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері мүлдем байқалмайды, адамгершілік мәдениет белгілерін өзіндік бағалауға, өздігінен талдауға және өзіндік түзетуге тырыспайды.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тексеру: а*нықтау, қалыптастыру және бақылау* эксперименттерімен өтті.

*Анықтау экспериментінде* эксперименталды және бақылау топтарындағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің қалыптасуының бастапқы деңгейі анықталды.

*Қалыптастыру экспериментінде* эксперименталды тобында тәрбиелеу-білім беру үдерісінде адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясы жүзеге асты.

*Бақылау экспериментінде* эксперименталды және бақылау топтарында мектеп жасына дейінгі балалардың қалыптасқан адамгершілік мәдениет негіздеріне қайтадан диагностика жүргізілді.

Айта кетсек, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру мониторингісі аралық кесінділер процедурасын жүзеге асыру құралдары арқылы жүргізілді:

№1 аралық кесінді (2018, қараша);
№2 аралық кесінді (2019, қаңтар);
№3 аралық кесінді (2019, наурыз).

Анықтау және бақылау эксперименттерінде алынған эксперименталды және бақылау топтарының нәтижелерін салыстырмалы талдау мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру үшін өңделген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.*2. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тексерудің зерттеу әдістері.*

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің қалыптасу деңгейін анықтаудың әдістер кешенін іріктеуде жүйелік-әрекеттік тұғырын пайдаландық, ол жүйеде және өзара байланыста - үдерістер мен құбылыстарды, ал әрекетте - қандай да бір қасиеттердің байқалауын қарастыруды ұсынады. Осы тұғырды басшылыққа алып, зерттеу әдістерін қолдана отырып, әр көрсеткіштер бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасу деңгейін диагностикалауды жүзеге

асырдық. 5-кестеде, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық компоненттеріне сәйкес зерттеудің эмпирикалық кезеңінің негізгі әдістемелері жоғарыда көрсетілгендей таңдалды.

Кесте 5 – Адамгершілік мәдениет негіздерін диагностикалау әдістемелерінің жиынтығы

| Компоненттері | Зерттеу әдістері |
|---|---|
| Мотивациялық-тұлғалық | «Әңгімелесу» әдістемесі (Л.Ф.Ануфриева) авторлық сұрақтармен толықтырылды: (сенің ойыңша жаңа заттар мен жақсы сақталған ескі заттардың айырмашылығы неде?, қарапайымдылық дегеніміз қандай қасиет?, қарапайым адам өзін поезда, қонақта, дүкенде, театрда қалай ұстауы керек?, үнемдеу және ысырап жасау?, сенің отбасыңда ұқыпты адам кім және неге оны ұқыпты деп атаймыз?, жарықты сөндір, суды тоқтат, бөлмеңді жина деген сөздерді қалай түсінесің?, қанағатшыл адам – қандай адам?, өзіңді ұқыптымын деп санайсың ба?, сүйікті ойыншығыңды досыңмен бірігіп ойнайсың ба?, қарапайымдылық, қанағатшылдық жайында ертегілер біле сің ба?, тойымсыз адам кім?, бұл қандай қасиет? және т.б.).<br>«Сөйлемді аяқта» әдістемесі (Г.А. Урунтаева және Ю.А. Афонькина)<br>Іс-әрекет өнімдерін зерттеу нәтижесі («Қарапайым адам» тақырыбында сурет салу, ҰОҚ «Бір уыс мақта» атты ертегісіндегі кіщкентай қыз баланың әрекетін сипаттау, «Ұқыпты бала – әдепті бала» ОҚ барысында топпен жұмысты орындау; ОҚ барысында «Құмырсқаның қанағаты» ертегісіндегі құмырсқаның әрекетін бағалау. |
| Мазмұндық | «Әңгімелесу» әдістемесі (И.Б. Дерманова)<br>«Сюжетті суреттер» әдістемесі (Р.Р. Калинина) |
| Мінез-құлықтықтық | «Ойыншықтарды бөлісу» әдістемесі (И.Б. Дерманова)<br>«Адамгершілік мінез-құлықты зерттеу» әдістемесі (Г. Якобсон, Г.И. Морева)<br><br>«Бірге жасаймыз» әдістемесі (И.Б. Дерманова) |
| Рефлексивті | «Бала айналасындағы адамдармен қарым-қатынаста |

Buketov university

| | |
|---|---|
| | қандай?» әдістемесі<br>«Мен қандаймын» әдістемесі |

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптасу деңгейлерін анықтауға арналған диагностикалық әдістемелердің қолданылуын сипаттап қарастырайық:

1. *Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерінің мотивациялық-тұлғалық компонентте қалыптасу деңгейін анықтауға арналған диагностикалық құралдар.*

Авторлық сұрақтармен толықтырылған Л.Ф. Ануфриеваның «Әңгімелесу» әдістемесі қолданылды [233]. Бұл әдістемені авторлық сұрақтармен толықтырылуы мотивациялық-тұлғалық компонентте қалыптасатын көрсеткіштерді: Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілері жайында көзқарастарын анықтауға арналды. Әдістеме он бес сұрақтан тұрды, сұрақтардың мазмұны адамгершілік мәдениет белгілері жайында күнделікті өмірдегі баланың іс-әрекетімен байланыстыру болды. Әңгімелесу әр баламен жеке өткізілді. Балаларға арнайы өңделген сұрақтарға жауап беру ұсынылды:

1. Сенің ойыңша жаңа заттар мен жақсы сақталған ескі заттардың айырмашылығы неде?

2. Қарапайымдылық дегеніміз қандай қасиет?

3. Жарықты сөндір, суды тоқтат, бөлмеңді жина деген сөздерді қалай түсінесің?

4. Қарапайым адам өзін орманда, поезда, қонақта, дүкенде, театрда және т.б. қалай ұстауы керек?

5. Ұқыпсыздықты қалай байқауға болады?

6. Саған өзіңнің, ата-анаңның, достарыңның ұқыпты сақталған заттары қалай көмекке келгендігі жайында айтып бере аласың ба?

7. Сенің отбасыңда ұқыпты адам кім және неге ол адамды ұқыпты деп санайсың?

8. Ысырап жасау – мағынасын қалай түсінесің?

9. Қандай киім сен үшін қарапайым және неге?

10. Сен өзіңді ұқыптымын деп санайсың ба?

11. Қалай ойлайсың, қарапайымдылық неліктен байқалмайтын қасиет?

12. Даңғой – бұл сенің ойыңша қандай қасиет?

13. Үнемдеу деген сөздің мағынасы не?

14. Достарыңның арасында көрсеқызар, менде ғана болса екен деп ойлайтын достарың бар ма, неге оларды көрсеқызар деп атайды?

Балалардың жауаптары арнайы бланктерге белгіленіп, қорытындысы төменгі, орташа және жоғары деңгейлермен анықталды.

Төменгі деңгей: балада адамгершілік мәдениет белгілері жайында көзқарастары накты қалыптаспаған, жағымды және жағымсыз белгілерді ажырата білмеді, күнделікті іс-әрекетімен байланыстыра алмады, сұрақтарды шатастырып, кейбір сұрақтарға жауап бере алмады.

Buketov university

Орташа деңгей: адамгершілік мәдениет белгілері жайында көзқарастары нақты қалыптасқан, бірақ айқын әрі толық емес, жағымды және жағымсыз белгілерді ажырата білді, күнделікті іс-әрекетімен байланыстырды бірақ түсіндіру қиындық туғызды.

Жоғары деңгей: адамгершілік белгілер жайында көзқарастары айқын әрі толық қалыптасқан, жағымды және жағымсыз белгілерді ажыратып, әрбір түсінікті өздерінің күнделікті іс-әрекетімен байланыстыра отырып, сұрақтарға жауап берді. Қойылған сұрақтарға толық әрі дұрыс жауап берді. Балаларда адамгершілік мәдениет белгілеріне қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік, ұқыптылық жайында жалпы көзқарастары қалыптасқан. Сонымен қатар, балалардың ұқыпсыздық, тойымсыз, даңғой, ысырапшыл сияқты белгілерге жағымсыз қарым-қатынастары анықталды.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілері жайында көзқарастары жоғары деңгейде болса, олардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруға тұлғалық бағыттылығы, яғни адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылығы мен қанағаттанущылығы және адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілігі солғұрлым айқын көрінеді.

Г.А. Урунтаева мен Ю.А. Афонькина «Сөйлемді аяқта» [234] әдістемесі жүргізілді. Бұл әдістеме ұқыпты - ұқыпсыз, үнемдеу - ысырап, қарапайым - даңғой, шыншыл – өтірікші, қанағат - тойымсыз және т.б. адамгершілік мәдениет белгілерін, қасиеттерін түсінуін және бағалай білуін зерттеуге арналды. Зерттеу әр баламен жеке жүргізілді. Балаға әңгіменің бастапқы бөлігі оқылды, ал қалған екінші бөлігін аяқтау балаға ұсынылды. Әңгіменің сюжеттері төменде берілген:

Әңгіме 1. Балалар текшелерден қала құрастырды. Тәрбиеші келіп балаларға: «Балалар тамақ ішуге барамыз, текшелерді қораптарына салып, орнына қойыңдар»,- деп ескертті. Ардақ пен Алан тәрбиешінің айтқанын ести сала, текшелерді лақтырып, жинамай кетіп қалды. Қалған балалар оларға, қайда кеттіңдер, неге текшелерді ұқыпты жинамайсыңдар? деген сұрақтарға, Ардақ пен Алан қалай жауап берді? Олардікі дұрыс па? Неліктен?

Әңгіме 2. Кеш бата Сауле мен Айман өз бөлмелерінде қуыршақ ойнап отырды. Аналары жататын уақыт болғанын ескертті. Сауле анасының айтқанын тыңдап, жатып қалды. Айман болса ойнап, жарықты сөндірмей, қуыршақты орнына жинамай, төсегін салмай ұйықтап қалды. Таңертең анасының неге жарықты сөндірмедіңдер? Қуыршақты неге орнына қоймадыңдар? Айман неге төсегіңе жатпадың? деген сұрақтарына Сауле мен Айман не деп жауап берді? Неліктен?

Әңгіме 3. Балалар сендерге әр түрлі суреттер салынған карточкалар таратылады. Мысалы: тік ұшақ, ұшақ, әдемі көлік, зергерлік қорап, қамал және т.б. байлықтар. Сендер егер осындай сыйлықтар мен байлықтарға қол жеткізген болсаңдар, қарапайым адам ретінде не істейсіңдер? Асқар сен не істер едің ? Неліктен? Альмира сен ше? Неліктен?

Buketov university

Әңгіме 4. Жандос пен Айбар ойнап жүріп, өте қымбат тұратын ойыншықты сындырып алады. Әкесі келіп, «Кім ойыншықты сындырды» деп сұрайды, Сонда Жандостың жауабы? Айбардың жауабы? Әкесінің әрекеті?

Балалардың әрекеттері мен адамгершілік мәдениет белгілерін түсіну және бағалай білу деңгейлері былайша жүзеге асты:

– 1 ұпай – төменгі деңгей. Бала мәтіндегі балалар мінез-құлқын бағалай алмайды. Балалар адамгершілік мәдениет белгілерімен таныс емес;

– 2 ұпай – орташа деңгей. Бала мәтіндегі балалардың мінез-құлқын жағымды немесе жағымсыз (дұрыс немесе бұрыс, жақсы немесе жаман) деп бағалайды, бірақ бағалауды ынталандырмайды, негіздемейді және адамгершілік мәдениет белгілерін тұжырымдамайды. Балалар адамгершілік мәдениет белгілерін сезінбейді;

– 3 ұпай – жоғары деңгей. Бала мәтіндегі адамгершілік мәдениет белгілерін атайды, балалардың мінез-құлқын дұрыс бағалайды, өз бағалауын негіздейді. Балалар адамгершілік мәдениет белгілерін күнделікті өмірде қолдана отырып, оны терең түсінеді.

Осы тапсырманы орындау мектепалды тобы балаларының адамгершілік мәдениет негіздерінің тұлғалық-мотивациялық компонентте қалыптасу дәрежесін тұрақтандыруға көмектесті, яғни өзінің әрекетінде адамгершілік мәдениет белгілерінің маңыздылығын сезінді.

Іс-әрекет өнімдерін зерттеу:

*«Қарапайым адам» тақырыбында сурет салу.*

Төменгі деңгей: жан-жағы қымбат бағалы ойыншықтарға толы, бірақ «маған бұл ойыншықтар аз, тағы да керек» дегендей жүзі ашуланып, айналасына көзінің астымен қарап тұрған баланың суретін салады.

Орташа деңгей «Қарапайым адам» тақырыбында киген киімі қарапайым, маған бәрібір деп тұрған бірақ жүзі ашулы, бірдеңеге көңілі толмай тұрған кішкентай баланың суретін салады.

Жоғары деңгей «Қарапайым адам» тақырыбында сурет салу барысында, киген киімі қарапайым, айналасындағыларға әдемі күлкісін сыйлап тұрған, жүзі күлкіге толы «маған ештеңе керек емес, осы кішкентай аюым болса болды» деген аю құшақтап тұрған кішкентай баланың суретін салды.

*ҮІӘ «Бір уыс мақта» атты ертегісіндегі кіщкентай қыз баланың әрекетін сипаттау.*

Төменгі деңгей: «Бір уыс мақта» атты ертегісіндегі кішкентай қыз баланың әрекетін сипаттауда баланың жауабы: қыз баланың да оның анасының да жасаған эркеттерін түсінбедім, мен болсам ол мақтаны суға ағызып жіберуші едім немесе қоқыс жәшігіне тастай салушы едім. Бір уыс мақтаны үнемдеу маған ештене бермейді деген қатаң жауап берді.

Орташа деңгей: «Бір уыс мақта» атты ертегісіндегі кішкентай қыз баланың әрекетін сипаттауда баланың жауабы: анасы баласын үйретті, бірақ бір уыс мақта торғайдың балапанына жетпейді ғой, қалай сонда, оны іске жаратуға болады. Өтірік сияқты.

Buketov university

Жоғары деңгей: Бір уыс мақта» атты ертегісіндегі кішкентай қыз баланың әрекетін сипаттауда баланың жауабы: анасының баласына берген ақылын менде есімде сақтаймын, бір уыс мақтаның да іске жарайтынын біліп жүремін, әр затты үнемдейтін боламын, торғайға көмектесіп тұрамын.

*«Ұқыпты бала – әдепті бала» ҰІӘ барысында топпен жұмысты орындау.*

Төменгі деңгей: «Ұқыпты бала – әдепті бала» тақырыбы бойынша балаларға топтық жұмыс берілді: І топқа: берілген жағымды және жағымсыз қасиеттерден ұқыпты балаға тән қасиеттерді табу: таза, білімді, сыпайы, ұқыпсыз, еңбекқор, жинақы, әдепті, сабырлы, табанды, қабілетті, өнерлі, іздегіш, салақ. ІІ топқа ұқыпсыздықтан арылу ережесін құру: жалқаулыққа бой алдырмау, ерте тұруға бейімделу, дөрекілік танытпау, тазалықты сақтауға әдеттену, білімді өнерді игеруге ұмтылу, бастаған ісін соңына дейін жеткізу, әр заттың өз орны бар. Берілген тапсырманы орындауда топтар ұқыпты балаға тән қасиеттерді дұрыс таппай, ұқыпсыздықтан арылу ережелерін шатастырып, тапсырманы мүлдем орындамады

Орташа деңгей: «Ұқыпты бала – әдепті бала» тақырыбында өткен ҰІӘ барысында балаларға топтық жұмыс берілді. І топқа берілген жағымды және жағымсыз қасиеттерден ұқыпты балаға тән қасиеттерді табу: таза, білімді, сыпайы, ұқыпсыз, еңбекқор, жинақы, әдепті, сабырлы, табанды, қабілетті, өнерлі, іздегіш, салақ. ІІ топқа ұқыпсыздықтан арылу ережесін құру: жалқаулыққа бой алдырмау, ерте тұруға бейімделу, дөрекілік танытпау, тазалықты сақтауға әдеттену, білімді өнерді игеруге ұмтылу, бастаған ісін соңына жеткізу. Берілген тапсырманы орындауда топтар ұқыпты балаға тән қаситтерді дұрыс тапты, бірақ сол әрекеттерге сипаттама бере алмады, ұқыпсыздықтан арылу ережелерін шатастырып, тапсырманы толығымен орындамады.

Жоғары деңгей: «Ұқыпты бала – әдепті бала» тақырыбында өткен ҰӘІ барысында балаларға топтық жұмыс берілді. І топқа берілген жағымды және жағымсыз қасиеттерден ұқыпты балаға тән қасиеттерді табу: таза, білімді, сыпайы, ұқыпсыз, еңбекқор, жинақы, әдепті, сабырлы, табанды, қабілетті, өнерлі, іздегіш, салақ. ІІ топқа ұқыпсыздықтан арылу ережесін құру: жалқаулыққа бой алдырмау, ерте тұруға бейімделу, дөрекілік танытпау, тазалықты сақтауға әдеттену, білімді өнерді игеруге ұмтылу, бастаған ісін соңына жеткізу. Берілген тапсырманы орындауда топтар ұқыпты балаға тән қасиеттерді дұрыс тапты, әрбір әрекетті сипаттап, басқа да қасиеттерді қосты, ұқыпсыздықтан арылу ережелерін дұрыс таңдап, тапсырманы толығымен орындады.

*ҰІӘ барысында «Құмырсқаның қанағаты» ертегісіндегі данышпан мен құмырсқаның әрекетін бағалау керек.*

Төменгі деңгей: ҰІӘ «Құмырсқаның қанағаты» ертегісіндегі данышпан мен құмырсқаның әрекетін бағалау тапсырмасында: құмырсқа ертеңгі күнін ойлады

Buketov university

бірақ ол мақсатты түрде емес, аш қалып қоймас үшін жасады. Данышпан ата оны босаппау керек еді, мен болсам оны босатпас едім деген пікірлер білдірді.

Орташа деңгей: ҰІӘ барысында «Құмырсқаның қанағаты» ертегісіндегі данышпан мен құмырсқаның әрекетін бағалау: құмырсқа өте кішкентай жәндік, ертенгі күнін ойлады бірақ ол мақсатты түрде емес, аш қалып қоймас үшін жасады, данышпан оған сенбеді, неге ересектер балалардың сөзіне сенбейді екен. Ал данышпан ата құмырсқаны алдамады, оны босатты, өлтіріп тастамады.

Жоғары деңгей: ҰІӘ «Құмырсқаның қанағаты» ертегісіндегі данышпан мен құмырсқаның әрекетін бағалау: құмырсқа өте кішкентай жәндік, денесінің кішкентай болғанына қарамастан ол өте еңбекқор, қарны ашпас үшін, ертеңгі күнін ойлады, данышпанның сұрақтары неге басың үлкен, белің неге жіңішке деген сұрақтарына құмырсқа жақсы жауап берді, ақылды құмырсқа. Данышпан құмырсқаны алдамады, сөзінде тұрып, оны босатты.

Алдымен балаларға әр түрлі суреттер салынған карточкалар таратылады. Мысалы: тік ұшақ, ұшақ, әдіме көлік, зергерлік қорап, қамал және т.б. байлықтар. Әр бала егер осындай сыйлықтар мен байлықтарға қол жеткізген болса, қарапайым адам ретінде не істейтіні жайлы айту керек.

Балаларға сынған ойыншықтар бейнеленген суреттер тарату. Балалар суреттегі ойыншықтың жетіспей тұрған бөлшегін құрастыру керек. Мысалы: дөңгелексіз көлікке – дөңгелегін, шатырсыз үйге – шатырын салып береді.

Балаларды топқа бөліп, оларға түрлі заттар мен ойыншықтарға толы қораптарды тарату. Әрбір қораптағы заттар арасында адамды ұқыпты болуға көмектесетін заттар болуы қажет. Мысалы: тарақ, сабын, өшіргіш, айна. Балалар ол заттарды тауып, ол заттардың ұқыпты, қарапайым, жанашыр болу үшін адамға қалай көмектесетіні жайлы айтып беру керек. Балалар қарапайымдылық, ұқыптылық, достық сияқты қасиеттер жайында өз ойларын жан-жақты жеткізіп, өз бойларында, әрекеттерінде, мінез-құлықтарында осы қасиеттердің байқалуы үшін не істейтіндері, осы қасиеттерге деген қызығушылықтары мен қаншалықты байқалатындықтарына қанағатты екенін білдіру керек.

2. *Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерінің мазмұндық компонентте қалыптасу деңгейін анықтауға арналған диагностикалық құралдар.*

И.Б. Дермpraнованың «Әңгімелесу» әдістемесі қолданылды [235]. Адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін және пайда болуын жүйелі білу мақсатында өткізілген әдістеме балалардың адамгершілік мәдениет жайында түсініктерін зерттеуге арналды. Аталмыш әдістеме барысында балаға тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап беру ұсынылды, өз жауаптары мен жағдаяттарын ойлануға мүмкіндік берді. Зерттеу жекелей жүргізілді. Мектепалды тобының балаларына зерттеу барысында төмендегідей сұрақтар қойылады:

1. Кімді жақсы (жаман) деп айтуға болады? Неліктен?
2. Кімді қанағатшыл (ашкөз) деп айтуға болады? Неліктен?
3. Кімді шыншыл (өтірікші) деп айтуға болады? Неліктен?
4. Кімді қайырымды (зұлым) деп айтуға болады? Неліктен?

Buketov university

5. Кімді әділетті (әділетсіз) деп айтуға болады?

6. Кімді ұқыпты (ұқыпсыз) деп айтуға болады? Неліктен?

7. Кімді үнемшіл (ысырапшыл) деп айтуға болады? Неліктен?

8. Кімді қарапайым (даңғой) деп айтуға болады? Неліктен?

Балалардың жауаптарын, олардың түсіндірмелерін өңдей келе, мынадай критерийлерге бөлуді жөн санадық: қасиеттер жайында балалалардың көзқарастарындағы қателіктер; адамгершілік мәдениет белгілері жайында жалпыланған көзқарастар; нақты жағдаяттарда арнайы қасиеттерді тасымалдаушы ретінде нақты адамдар жайында ойлар; көркем шығармалар мен ертегі кейіркерлерін сипаттау; өз бойындағы қасиеттерді бағалау; өз тәжірибесінде кездескен жағдаяттарды талдау; нақты әрекетті сипаттау; қасиеттерді дұрыс бағалау; қасиеттер жайында жағымды көзқарастар. Осы критерийлерге байланысты балалардың жауаптарын мысал ретінде келтірдік:

1. Қасиеттер жайында балалалардың көзқарастарындағы қателіктерді талдау, мысалы:

– бір қасиетті келесі арқылы түсіндіру («Әділ адам ол батыр адам. Ұлдар батыр болады. Олар қыздарды қорғайды»);

– берілген қасиеттермен байланысты емес, әрекеттерді атау («Ардақ батыр. Оның үйінде «Лего» бар, сол себепті ол не істегісі келеді, соны жасайды. Себебі ол батыр»; «Мейірімді бала, ол суретті оның ішінде қоянды жақсы салады»; «Қарапайым, ол бәрін сындырады, бәрі оның қолынан ұшады»);

– адамгершілік мәдениет белгісін дұрыс емес бағалау («Қарапайым – ол жаман қасиет»).

2. Адамгершілік мәдениет белгілері жайында жалпыланған көзқарастар: («Ашкөздік…: олар өздерінде ғана болғанын қалайды, ешкімге ештеңе бермейді», «Ұқыпсыз бала – киімін таза ұстамайды, шашын тарамайды, ойыншықтарды шашып, кітаптардың беттерін жыртады»).

3. Нақты жағдаяттарда арнайы қасиеттерді тасымалдаушы ретінде нақты адамдар жайында ойлар: («Арман батыр. Себебі ол жақсы бала, ешкімді ұрмайды, тез жүгіреді. Бірақ мен, одан да жылдам жүгіремін. Оған ешкім жетпейді»).

4. Көркем шығармалар мен ертегі кейіркерлерін сипаттау: («Мейірімді Аяз ата. Ол үнемі келіп, бізге сыйлықтар әкеледі», «Дәрігер Айболит мейірімді. Ол барлық аңдарды ауруынан жазды», «Алтын балық ертегісінде кемпірдің тойымсыздығы, сондықтан ол қайтадан өзінің жаман өміріне оралды»).

5. Өз бойындағы қасиеттерді бағалау: («Мен мейірімдімін, ешкімді ренжітпеймін». «Мен үнемшілмін, әкем мен анамның еңбегін бағалаймын, себебі олар қызмет жасайды»).

6. Өз тәжірибесінде кездескен жағдаяттарды талдау: («Ашкөз ол қолындағы тәттісімен бөліспейді, өзі жейді»; «Ұқыптылық мен ойшықтарымды ойнап болған соң, жинап қоямын», «Менің шашым әдемі тұру үшін тарақты қолданамын», «Қарапайым адам, ол үнемі қолындағы барына қанағат тұтады»).

7. Нақты әрекетті сипаттауы: («Зұлым ол тіпті саған суда бермейді», «Ашкөз саған бар болса да, жоқ деп айтады»).

Buketov university

8. Қасиеттерді дұрыс бағалауы: («Қарапайым адам ол жақсы адам»; «Ашкөз… ол жаман…», «Мен үйде жарықты өшіріп жүремін, суды ысырап жасамаймын, себебі мен үнемдей білемін, оның не екенін түсінемін»).

9. Қасиеттер жайында жағымды көзқарастар: («Әділеттілік, бәрін әділ жасайды»).

Балалардың жауаптары төмендегі деңгейлер бойынша сипатталды:

Төменгі деңгей: «қандай қасиет жақсы немесе қандай қасиет жаман» деген қарапайым көзқарастардан құрылады. Дөрекілік, ашкөздік, ұқыпсыз, ысырап, әділетсіз, өтірікші деген қасиеттерге теріс көзқарас қалыптасады, бірақ балалар шатастырады. Баланың тәжірибесінен, оның нақты әрекеттерінен алынған мысалдар негізінде мейірімділік, өзара көмек, достық, ұқыптылық, қарапайымдылық, шыншылдық туралы идеялары дұрыс дамымаған.

Орташа деңгей: күнделікті жағдайлар мен әдеби шығармаларды талдау негізінде әділеттілік, мейірімділік, достық, жауапкершілік, үнемшілдік, қарапайымдылық, қайырымдылық, ұқыптылық, шыншылдық туралы көзқарастары орташа деңгейде дамыған.

Жоғары деңгей: мейірімділік, адалдық, әділеттілік, достық, үнемшілдік, қарапайымдылық, қайырымдылық, ұқыптылық, шыншылдық туралы жалпыланған идеялар жалғасуда. Алдау, қатыгездік, өзімшілдік, жалқаулық, даңғойлық, ашкөздік, ұқыпсыздық сияқты жағымсыз қасиеттерге теріс көзқарас қалыптасады. Шыншылдық, әділеттілік, батылдық, қарапайымдылық, қанағат, үнемдеу, жауапкершілік, қамқорлық, ұқыптылық туралы жалпылама көзқарастар нақты мысалдармен дамиды («шыншыл – басқа адамдардың заттарын қабылдамайтын адам», «қанағат – өзінде бар ойыншықтармен қанағаттану, менде жоқ, маған анау керек, маған мынау керек деп анасы мен әкесіне салмақ салмайтын адам», «даңғой – ол үнемі өзінше болып жүретін, ата-анасының көмегімен жетістікке жететін бала» және т.б.).

Р.Р. Калининаның «Сюжетті суреттер» әдістемесін қолдандық [236].

Мектеп жасына дейінгі балалардың (қанағат - тойымсыз, қарапайым - даңғой, еңбекқор - жалқау, үнемдеу - ысырап, шыншыл - өтірікші, ұқыпты - ұқыпсыз) адамгершілік құндылықтармен қаншалықты таныс екенін анықтау үшін «Сюжетті суреттер» әдістемесі өткізілді. Әдістеме әр баламен жекелей орындалды. Әдістеменің сипаттамасы бойынша: балаға жоғарыда аталған жағымды және жағымсыз адамгершілік нормалардан тұратын суреттер көрсетілді. Балаларға бір жағына жағымды қылықтар бейнеленген суреттерді, екінші жағына жағымды қылықтарға сәйкес жағымсыз қылықтар бейнеленген суреттерді қою ұсынылды. Бала суретте бейнеленген іс-әрекетке адамгершілік баға беруі тиіс, бұл балалардың адамгершілік нормаларға деген көзқарасын анықтауға мүмкіндік берді. Баланың эмоционалдық реакцияларының адамгершілік нормаларға сәйкестігін бағалауға ерекше көңіл бөлінді: адамгершілік мінез-құлыққа жағымды эмоциялық реакция (күлуі, жымиюы, езу тартуы, келісуі және т.б.), жағымсыз эмоциялық реакция (ашуланы, қабақ шыту, ренжу және т.б.). Арнайы хаттамаға баланың эмоциялық реакциялары, сондай-ақ оның түсініктері жазылды.

Buketov university

Біз балалардың жағымды және жағымсыз адамгершілік нормаларға деген қарым-қатынасын бақыладық. Балалардың тапсырмаларды орындауы 0-5 балл арасында жүзеге асты. Әдістеменің нәтижесін Р.Р. Калинаның ұсынысымен төмендегідей өңдедік.

0-3 ұпайлар арасы төменгі деңгей – балалар суреттерді дұрыс орналастырмайды (бір жолда жағымды және жағымсыз қылықтар бейнеленген суреттер көрсетіледі), эмоциялық реакциялар жеткіліксіз немесе мүлдем жоқ, жағымсыз қылықтардан жағымды қылықтарды ажырата алмайды.

3-5 ұпайлар арасы орташа деңгей – балалар суреттерді дұрыс орналастырады, өз әрекеттерін дәлелдей алмайды; эмоциялық реакциялар жеткілікті байқалмайды.

5 ұпай жоғары деңгей – балалар өз таңдауын негіздейді (адамгершілік нормаларды атайды); мимикасында эмоциялық реакциялар анық байқалады.

Осы деңгейлерімен қатар, бақылау барысында балалардың эмоцияларын анықтадық:

– баланың жымиуы;
– баланың басын шұлғуы;
– баланың қабақ шытуы;
– баланың басын шайқауы;
– баланың жан-жағына қарауы;
– баланың көңілсізденуі;
– баланың қобалжуы және т.б.

*3. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерінің мінез-құлықтық компонентінде қалыптасу деңгейін анықтауға арналған диагностикалық құралдар.*

Баланың ересектермен, құрдастарымен, достарымен қарым-қатынасында, жұптық, топтық жұмыстар барысында, әрекеттерінде, мінез-құлықтарында, өзінің бойында адамгершілік мәдениет белгілерінің байқалуын мойындай білуі мінез-құлық компонентінің көрсеткіштері болып табылды. Осыған орай, «Ойыншықтарды бөлісу» әдістемесі (И.Б. Дерманова) [235, 35б.] қолданылды.

Әдістеменің мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың басқа балаларға деген қарым-қатынасын, адамгершілік таңдау жағдаятында баланың мінез-құлқын, неліктен басқа баламен ойыншықты бөліскенін немесе неліктен басқа баламен ойыншықты бөліспей, барлық ойыншықты өзіне қалдырғанын зерттеу.

Зерттеу барысында қыз балаға қуыршаққа арналған киімдерді, ер балаға әскери техикалар берілді. Осы ойыншықтарды өз араларында және ойын барысындағы таныс емес, бұрын көрмеген екі серіктесімен бөлісу ұсынылды. Ойынның үш қатысушысына бес затты беруді жөн санадық.

Нәтижесінде: егер бала ойыншықтарды өз пайдасына бөліп, өзіне көбірек қалдырса (өзіне үшеуін, қалғандарына бір-бірден үлестереді, бұл жерде ол адамгершілік таңдауды дұрыс жасамайды - бұл қарым-қатынас дағдыларының төмен деңгейін көрсетеді;

Buketov university

Егер бала өзіне екі затты қалдырып, қалғандарын басқа қатысушылардың арасында бөліп береді – бұл қарым-қатынас дағдысының орташа деңгейін көрсетеді;

Егер бала өзіне бір ғана ойыншықты қалдырып, қалған төрт ойыншықты екі қатысушыға бөліп береді, баланың адамгершілік таңдауы дұрыс – қарым-қатынас дағдысының жоғары деңгейі.

Ойыншықты «әділетсіз» бөлгеннен кейін педагогтің қарапайым сұрағы: «Сен ойыншықты қалай бөлдің?». Осы кезде бала өзінің әрекетінің дұрыс емес екенін түсінеді. Осындай сынақтардан кейін балалар ұқсас жағдайда мінез-құлқын күрт өзгертеді. Балада оң өзгерістер болмаған жағдайда, тәрбиеші, психолог ертегі кейіпкерлерінің қасиеттерін айта отырып, шабыттандырады. Бұл аргумент балалардың даңғойлығын жеңіп, құрбыларымен ойыншықтарды бөлісе бастауы үшін жеткілікті болады. Бұл жағдайда олардың іс-әрекеттерінің негізгі мотиві «жақсы болуға» ұмтылуға, басқалардың және айналасындағылардың көз алдында жағымды адамгершілік мәдениет белгілеріне сай болуға итермелейді.

Қазіргі білім беру жүйесінде практикаға бағытталған оқыту контекстінде жетекші әдістердің бірі – жағдаяттарды шешу әдісі болып табылады. Әдіс балалардың сын тұрғысынан ойлауын дамытады, мәселені шешудің түрлі нұсқаларын дәлелдеп, талдау іскерлігін қалыптастыруға көмектеседі. Жағдаяттарды шешуді қолдану бізге балалардың мінез-құлқын, басқаларға көмек қолын ұсыну, көмектесу, әділ болу сияқты қасиеттерді қалыптастыруға көмектесті. Г. Якобсон мен Г.И. Мореваның «Адамгершілік мінез-құлықты зерттеу» әдістемесі [237] мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық компонентінің критерийі ретінде әрекеттерінде, мінез-құлықтарында, өз бойларында адамгершілік мәдениет белгілерінің байқалуы болғандықтан осы әдістеменің көмегі жақсы тиді. Бұл әдістеме балалармен жеке және топтық формада өткізілді. Төмендегі екі жағдяттың негізінде балалардың мінез-құлықтарын зерттедік.

Алдымен балаларға құрдасымен қолындағы тәттісімен бөлісу жайында екі түрлі: ойдан шығарылған және нақты жағдаят ұсынылды.

1. Ойдан шығарылған жағдаят, (сыйлық ала алмай ренжіген балалар туралы әңгіме айту). Бұл жұмыс бүкіл топпен жүргізілді.

2. Нақты жағдаят, балаларға топқа бөлініп әдемі бейтаныс ойыншықтармен бөлісу ұсынылады. Бұл жұмыс жеке жүргізілді. Егер бала ойыншықтардың көпшілігін өзіне алса, онда олар өз әрекеттерін бағалауға және оларды танымал ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқымен салыстыруға әкелді.

Бақылау әдісі арқылы біз балалардың жұмыстарын төмендегі критерийлер арқылы бағаладық:

Төменгі деңгей: мінез-құлығының икемсіздігі, қарым-қатынас іскерлігінің болмауы, басқа балалардың көңіл-күйі болмаған жағдайда, одан сайын оның көңіл-күйін түсіру, шығармашылық тұрғыдан жағдаятты шеше алмауы, ойыншықтарды бөлуде әділетсіздігі, жағдаяттарды шешуде белсенді болмады, себебі оның мүлдем мәнін түсінбеді.

Buketov university

Орташа деңгей: мінез-құлығының икемсіздігі бірақ, қарым-қатынас жасай біледі, басқа балалардың көңіл-күйі болмаған жағдайда, көңіл-күйін көтереді, шығармашылық тұрғыдан жағдаятты шеше алды, бірақ ашып айта алмауы, ойыншықтарды бөлуде әділетті, бірақ өзіне қалдырғысы келіп тұрған эмоциясын байқауға болады, жағдаяттарды шешуде белсенді, себебі оның мәнін жартылай түсінеді.

Жоғары деңгей: мінез-құлығының икемділігі, қарым-қатынас жасай біледі, басқа балалардың көңіл-күйі болмаған жағдайда, көңіл-күйін көтереді, шығармашылық тұрғыдан жағдаятты шеше алды, мәні мен мазмұнын ашып айта алады, ойыншықтарды бөлуде әділетті, тіпті өзіне де қалдырмайды, жағдаяттарды шешуде өте белсенді, себебі оның мәнін толығымен түсінеді.

И.Б.Дермანованың *«Бірге жасаймыз»* әдістемесі [235, 42б.] қолданылды. Әдістеменің мақсаты: тұлғаның жағымды адамгершілік бағытын, жағымсыз адамгершілік бағытын, тіл табысқыштығын, қызығушылығын анықтауға арналды.

Аталмыш әдістеме баланың құрдастарымен өзара әрекеттесу барысында адамгершілік бағыттарының, тіл табысқыштығы мен қарым-қатынасының, әрекетке деген қызығушылығының даму деңгейін бағалау және анықтау үшін қажет. Әдістеме өз тілегі мен өтінішін дұрыс білдіруді, басқа балалармен дұрыс қарым-қатынас орнатуды, ынтымақтастыққа дайын болуды, ойындағы серіктесіне көмек жасауды, серіктесіне қамқор болу және онымен бөлісу сияқты параметрлерді ескереді.

Әдістеме үшін қарапайым паззлды (puzzle) қолдандық.

Зерттеуге бір жастағы екі құрдас бала, яғни жұп қатысады. Мұндай жұпты таңдау барысында балалар көбіне жанашырлықпен қарайтын, жақсы қарым-қатынаста болатын баланы таңдайды, сол себепті жұпқа екі досты қою ұсынылмайды. Бір-бірімен таныс емес, бір-бірімен жақын қарым-қатынаста болмаған балалардан тұратын жұпты алу керек.

Барысы: балалар біз сендермен мозайка ойнаймыз. Одан көптеген түрлі өрнектер құрастыруға болады. Қазір біз мына сурет бойынша өрнек салып шығайық. Кәнекей, көрейік! Балаларға үлгі-сурет ұсынылады. Олар ойынды игереді. Бұдан соң, балалардың фигураларды сенімді түрде игергенін байқап, оларға келесі суретті ұсынады «Ал енді мен әр қайсысыңа фигураларды беремін, сендер бірге мына суретті жасаңдар».

«Бірге» деген сөзге екпін түсіру керек. Балаларға ұсынылған суретке жететін фигураларды тең етіп беру керек.

Ескерту: зерттеуді жүргізу үшін 2-3 сурет жеткілікті (үлгі-суреттен бөлек). Балалардың біреуінің айқын үстемдігімен оған серіктесіне қарағанда әлдеқайда аз фигуралар береді. Орташа алғанда, зерттеу процедурасы 15-20 минутты алады.

Тапсырманы орындау барысында ересектер балалардың жұмысына араласпайды, көмектеспейді, ескертулер айтпайды, олардың әрекеттеріне түсініктеме бермейді, тіпті осындай жағдай болса да (серіктесін итерсе де, барлық фигураларды өзіне алып қойса да немесе керісінше, терезеге қарап,

Buketov university

тапсырмаға деген қызығушылығы болмаса да). Ересектердің міндеті – балалардың мінез-құлқын бақылау, анықтау, бағалау.

Әдістеме деңгейлері төмендегідей үш деңгей негізінде бақыланып, анықталып, бағаланды:

Төменгі деңгей – Тұлғаның жағымсыз адамгершілік бағыты: серіктесінен фигураны тартып алады, ал фигураны өзінен алған жағдайда, теріс қылық танытады, мысалы, қолын итереді, фигураны бермейді немесе оны жауып тұрады, «Бермеймін!», «Менікі!» деп жекиді, серіктесінің мінез-құлқын түзетуге тырысады, оның әрекетін бағалайды, (мысалы: «Жаса кәне!», «Дұрыс емес?»), бала «бірге» деген сөзді түсінбейді, тапсырманы орындауға тырысады, тек өзінің фигураларын қолданады, өзі ғана тапсырманы орындайды. Баланың тіл табысқыштығы, қарым-қатынасы: серіктесімен сөйлеспейді, серіктесінің кеңесін тыңдамайды, ұсынылған әрекетке қызығушылығы: ол өзі немесе серіктесімен бірге жасамайды, яғни тапсырманы белсенді орындамайды, серіктесінің жұмысын бақыламайды, жұмыс бойынша кеңес бермейді

Орташа деңгей - Тұлғаның жағымды адамгершілік бағыты: серіктесіне көмектеседі, мысалы, оның фигураларын жөндейді, бірақ кеңес бермейді, «Қазір мен саған көмектесемін», «Өзім ғана жасаймын» деген сөздерді қолданады, өзінің фигураларын береді, фигураларды серіктесіне бермейді, серіктесінің үстелінде жұмыс істейді, бірақ сөзінде «менікі», «мен» сияқты жекеше түрдің есімдіктерін қолданады, «бірге» деген сөзді тез түсінеді бірақ ынтымақтастық орнатуға тырыспайды, серіктесімен бірігіп жұмыс жасайды, арасында көңілі бөлініп өзі жасайды. Баланың тіл табысқыштығы, қарым-қатынасы: серіктесімен үнемі сөйлеседі, бірақ серіктесінің кеңесін тыңдамайды, ұсынылған әрекетке қызығушылығы: ол өзі немесе серіктесімен бірге жартылай жасайды, тапсырманы белсенді орындайды, серіктесінің жұмысынан гөрі өз жұмысын бақылайды, жұмыс бойынша кеңесті өзі ғана бергінде қалайды.

Жоғары деңгей – Тұлғаның жағымды адамгершілік бағыты: серіктесіне көмектеседі, мысалы, оның фигураларын жөндейді, кеңес береді, «Қазір мен саған көмектесемін», «Кел көмектесемін» деген сөздерді қолданады, өзінің фигураларын береді, фигураларды үстелдің орталық бөлігіне немесе серіктесіне жақындатады, серіктесінің үстелінде жұмыс істейді, сөзінде «біздікі», «біз» сияқты көпше түрдің есімдіктерін қолданады, «бірге» деген сөзді тез түсінеді және ынтымақтастық орнатуыға тырысады, серіктесімен бірігіп жұмыс жасайды, Баланың тіл табысқыштығы, қарым-қатынасы: серіктесімен үнемі сөйлеседі, серіктесінің кеңесін тыңдайды, ұсынылған әрекетке қызығушылығы: ол өзі немесе серіктесімен бірге жасайды, яғни тапсырманы белсенді орындайды, серіктесінің жұмысын бақылайды, жұмыс бойынша кеңес береді.

Осылайша, бақылау әдісінің және аталмыш әдістеменің нәтижесі бізге зерттелетін мәдениет түрінің жағымды және жағымсыз бағыттары, баланың тіл табысқыштығы, қарым-қатынасы, ұсынылған әрекетке қызығушылығы жайында жан-жақты ақпараттар алуға септігін тигізді.

Buketov university

*4. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерінің рефлексивті компонентінде қалыптасу деңгейін анықтауға арналған диагностикалық құралдар.*

*«Бала айналасындағы адамдармен қарым-қатынаста қандай?»* әдістемесі арқылы жүзеге асты [238].

Бұл әдістеме мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қарым-қатынас қасиеттерін эксперттік бағалауға арналған сауалнамадан тұрады. Баланың жеке тұлғааралық қарым-қатынас қасиеттері баланы жақсы білетін тәуелсіз ересектердің шағын тобымен анықталады. Олар баланың ата-аналары, туыстары, тәрбиешілері және мектепке дейінгі ұйымның басқа да педагогикалық қызметкерлері болуы мүмкін. Бастысы, бағаны бір уақытта үш адам бергені дұрыс, олардың біреуі баланың туысы болып табылмайтын және оған бейтарап қарайтын адам болу керек.

Төменде берілген сауалнама көмегімен баланың өзіне және басқа адамдарға деген қарым-қатынасының түрлері бағаланады:

1. Мейірімді.
2. Басқа адамдарға деген мұқиятты.
3. Адал.
4. Сыпайы.
5. Қарапайым.
6. Жомарт.
7. Басқаларға көмекке келуге дайын болу.
8. Әділ.
9. Көңілді.
10. Қанағатшыл.

Ата-аналарға, тәрбиешілерге және баланың туыстарына арналған сауалнама:

1. Сіздің балаңыз мейірімді ма?

а) иә, ә) жоқ, б) әр кезде әрқалай, в) білмеймін.

2. Сіздің балаңыз басқа адамдарға мұқият қарай ма?

а) иә, ә) жоқ, б) әр кезде әрқалай, в) білмеймін.

3. Сіздің балаңыз адал ма?

а) иә, ә) жоқ, б) әр кезде әрқалай, в) білмеймін.

4. Сіздің балаңыз сыпайы ма?

а) иә, ә) жоқ, б) әр кезде әрқалай, в) білмеймін.

5. Сіздің балаңыздың бойынан қарапайымдылықты байқауға бола ма?

а) иә, ә) жоқ, б) әр кезде әрқалай, в) білмеймін.

6. Сіздің балаңыз жомарт па?

а) иә, ә) жоқ, б) әр кезде әрқалай, в) білмеймін.

7. Басқаларға көмекке келуге дайын ба?

а) иә, ә) жоқ, б) әр кезде әрқалай, в) білмеймін.

8. Сіздің балаңыз әділ ма?

а) иә, ә) жоқ, б) әр кезде әрқалай, в) білмеймін.

9. Сіздің балаңыз көңілді ма?

а) иә, ә) жоқ, б) әр кезде әрқалай, в) білмеймін.

Buketov university

10. Сіздің balаңыз барға қанағат тұта ма?
а) иә, ә) жоқ, б) әр кезде әрқалай, в) білмеймін.

Берілген сауалнамаға ата-аналары мен туыстары жауап бермеген жағдайда, тәрбиешілері мен мектепке дейінгі ұйым педагогтары жауап берсе сұрақтағы «Сіздің» деген сөздің орнына, баланың есімін жазу керек, мысалы «Аян мейірімді бала ма?». Сауалнамады сұрақтарға жауап бере отырып, жауап беруші сауалнамадағы жауаптың ең дұрысын таңдап, белгілейді.

Нәтижелерді бағалау:

Әрбір «Иә» деген жауапқа бала 1 ұпай алды. Әрбір «Жоқ» деген жауапқа 0 ұпай берілді. Ал, «Әр кезде әрқалай» немесе «Білмеймін» деген жауаптар 0,5 ұпайымен бағаланды. Нәтижесінде баланың барлық жағымды қарым-қатынас қасиеттері бойынша жинаған ұпайларының жалпы сомасы есептелді. Баланы осы сауалнама арқылы бірнеше адам бағалаған жағдайда, олардың орташа бағасы алынды. Мысалы, егер бала екі педагогтен мынадай баға алса: 0,5 және 0,5, ал оның бағалауына қатысқан ата-анасы тарапынан – 1,0 ұпай, онда оның орташа көрсеткіші шамамен 0,7 ұпайға тең болады.

Ескерту: психологиялық дамудың жеке картасының жеке бағандарында тұлғааралық қарым-қатынас саласында көрінетін әрбір тұлғалық қасиет үшін баланың алған орташа бағалары қойылады және баланың қарым-қатынасының даму деңгейі және оның коммуникативтілігі туралы тұлғалық қасиеттер баланың жинаған ұпайларының қосындысы бойынша бағаланады.

Даму деңгейінің қорытындылары:

– 8-10 ұпайлар – жоғары;

– 4-7 ұпайлар – орташа;

– 0-3 ұпайлар – төмен.

Р.С.Немов «Мен қандаймын» әдістемесі [238, 143б.] қолданылып, баланың өзін-өзі бағалауы қандай екенін анықтауға көмектесті. Балаға төменде берілген А бағанындағы 10 жағымды және Б бағанындағы 10 жағымсыз адамгершілік мәдениет белгілердің қайсысы өз бойынан табылатынын таңдау ұсынылды. Баланың берген «иә» типіндегі жауабы - 1 ұпаймен бағаланып, жоғары деңгейді көрсетті, «кейде және білмеймін» типіндегі жауаптар – 0,5 ұпаймен бағаланып, орташа деңгейді көрсетсе, «жоқ» типіндегі жауап – 0 ұпаймен бағаланып төменгі деңгейді көрсетеді.

| А | Б |
|---|---|
| 1. Жақсы | 1. Жаман |
| 2. Ақылды | 2. Ақымақ |
| 3. Білімді | 3. Білімсіз |
| 4. Ұқыпты | 4. Ұқыпсыз |
| 5. Тілалғыш | 5. Тілазар |
| 6. Қанағатшыл | 6. Менмен |
| 7. Сыпайы | 7. Дөрекі |
| 8. Үнемшіл | 8. Ысырап |
| 9. Шыншыл | 9. Өтірікші |
| 10. Қарапайым | 10. Даңғой |

«Мен қандаймын» әдістемесі арқылы балалардың өзін-өзі бағалауы жоғары, адекватты (орташа), төмен деңгейлермен сипатталды және төмендегі (1), (2) формулаға сәйкес анықталды:

$$К_1 = \frac{К_А}{10} \tag{1}$$

мұнда $К_А$ – баланың А бағанындағы таңдаған жағымды адамгершілік мәдениет белгілерінің саны.

$$К_2 = \frac{К_Б}{10} \tag{2}$$

мұнда $К_Б$ – баланың Б бағанындағы таңдаған жағымсыз адамгершілік мәдениет белгілерінің саны.

Балалардың кейбір сұрақтарға жауаптарынан (мысалы: тілалғыш) өзін-өзі бағалауының адекватты екенін сипаттайды. Егер, мысалы барлық сұрақтарға «иә» жауаптарымен қатар, бала өзін «әрдайым тілалғыш», «әрқашан ұқыпты» деп мәлімдесе, онда ол әрқашан өзіне-өзі сын көзбен қарайды деп болжауға болады. Өзін-өзі бағалауға деген адекватты көзқарасын баланың жауабын ата-аналардың балаларының жеке қасиеттерін бағалауларымен де салыстыра отырып, нәтиже шығаруға болады, ол төмендегі ұпайлар арқылы есептеліп, деңгейлері анықталды:

– 8-10 ұпайлар – жоғары;

– 4-7 ұпайлар– орташа;

– 0-3 ұпайлар – төмен.

Бақылау кезеңінде біз бастапқы кезде немесе анықтау кезеңінде қолданылған диагностикалық материалдарды қолдандық. Диагностикалық процедуралар аяқталған соң нәтижелер компоненттер бойынша нақтыланып, бұдан соң жинақталып талданды. Нәтижесі мектеп жасына дейінгі балада адамгершілік мәдениеттің қалыптасу деңгейін көрсетті.

Зерттеуден алынған сандық нәтижелер мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін дәлелдейтін бақылау және эксперименталды топтарында адамгершілік мәдениет компоненттерінің қалыптасу деңгейін сипаттау және салыстыру үшін қолданылды.

Сонымен, Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тексеруге арналған зерттеулерді ұйымдастыру төмендегілерге негізделді:

1. Зерттеу объектілерін бақылау және эксперименталды топтарына бөлу, эксперименталды тобында адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясын жүзеге асыру және тексеру.

2. Зерттелетін мәдениет түрінің қалыптасуының өлшемдік жүйесін әзірлеу.

Buketov university

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің қалыптасу деңгейлерін анықтау: жоғары, орташа, төмен.

4. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруды жүзеге асыру эксперименттері: анықтау экспериментінде – екі топта да зерттелетін мәдениетін түрін қалыптастырудың бастапқы деңгейі анықталды, қалыптастырушы экспериментінде – эксперименталды тобында педагогикалық жүйе мен технология жүзеге асырылды, бақылау экспериментінде – педагогикалық жүйенің және технологияның тиімділігін анықтау үшін екі топта да адамгершілік мәдениет негіздерінің қалыптасқандығының диагностикасы жүзеге асырылды.

5. Педагогикалық жүйеге сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік мәдениет негіздерінің қалыптасуына бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізу.

## 2.2 Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру бойынша зерттеу нәтижелерін талдау

Зерттеуіміздің болжамын тексеру мақсатында: егер Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясы өңделіп, жүзеге асырылса және теориялық негізделсе онда олардың прагматикалық дамуына тиімді әсер етеді, себебі білім беру үдерісінің субъектілері Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында оларды қолдану мақсатында қажетті іскерліктер мен білімге, құндылықтарға ие болады; біз үш кезеңнен тұратын: анықтау, қалыптастыру және бақылау эксперименттерін жүргіздік.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасуының бастапқы деңгейі мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті компоненттердің нәтижелерін қорытындылаудан тұрды.

Мотивациялық-тұлғалық компонент диагностикаларының нәтижелері бойынша келесі нәтижелер алынды:

*№1 әдістеме. Л.Ф.Ануфриеваның «Әңгімелесу» әдістемесі бойынша:* сенің ойыңша жаңа заттар мен жақсы сақталған ескі заттардың айырмашылығы неде?, қарапайымдылық дегеніміз қандай қасиет?, қарапайым адам өзін поезда, қонақта, дүкенде, театрда қалай ұстауы керек?, үнемдеу және ысырап жасау?, сенің отбасыңда ұқыпты адам кім және неге оны ұқыпты деп атаймыз?, жарықты сөндір, суды тоқтат, бөлмеңді жина деген сөздерді қалай түсінесің?, қанағатшыл адам – қандай адам?, өзіңді ұқыптымын деп санайсың ба?, сүйікті ойыншығыңды досыңмен бірігіп ойнайсың ба?, қарапайымдылық,

Buketov university

қанағатшылдық жайында ертегілер білесің ба?, тойымсыз адам кім?, бұл қандай қасиет? және т.б.

Сонымен, біз адамгершілік мәдениеттің қалыптасуының төмен деңгейі деп анықтаған балалар ұсынылған сұрақтарға біртұтас жауаптармен шектелді, мысалы: «қарапайымдылық - бұл жанжал, қайшылық»; «үнемдеу және ысырап жасау – бұл жаман балалар жасайтын іс-әрекет». Көптеген сұрақтар жауапсыз қалды, мысалы: «жарықты сөндір, суды тоқтат, бөлменді жина деген сөздерді қалай түсінесің», «қарапайымдылық, қанағатшылдық жайында ертегілер білесің ба». «өзіңді ұқыптымын деп санайсың ба» деген сұраққа балалардың «аулақ боламын» деп жауап берді. «Қарапайым адам өзін поезда, қонақта, дүкенде, театрда қалай ұстауы керек» деген сұрақ балаларда қиындық тудырды, себебі балаларда бұл туралы білімнің болмауы. Балалар тіпті осы қасиеттерді өзінің күнделікті іс-әрекетімен байланыстыра алмады.

Әдістеме нәтижелерін талдай келе, мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік мәдениет белгілері туралы білімнің жоқтығына немесе аз мөлшерде иеленгеніне көз жеткіздік, бірақ сонымен бірге олар мұндай білімнің болашақта тәрбиешілермен, құрдастарымен, жолдастырмен қарым-қатынаста қажет емес екеніне сенімді болды. Әдістеме сұрақтары балалардың Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет жайында мотивациялық-тұлғалық компонентте көзқарастарының, қызығушылықтарының болмауы туралы белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

*№2 Әдістеме. Г.А. Урунтаева мен Ю.А. Афонькинаның «Сөйлемді аяқта» әдістемесі.* Әдістеме барысында балаларға әр түрлі мәтінде адамгершілік мәдениеттің мынадай қасиеттерін ұқыпты - ұқыпсыз, үнемдеу - ысырап, қарапайым - даңғой, шыншыл – өтірікші, қанағат – тойымсыз түсініп және бағалай отырып, мәтінді аяқтау балаларға ұсынылды. Нәтижесінде балалар мәтіндегі балалардың мінез-құлқын бағалай алмады жағымды немесе жағымсыз (дұрыс немесе бұрыс, жақсы немесе жаман), яғни балалар адамгершілік мәдениет белгілерімен таныс емес болып, мәтінді нақты ойларымен аяқтай алмады.

*№3 Әдістеме. Іс-әрекет өнімдерін зерттеу нәтижесі бойынша.*

1. «Қарапайым адам» тақырыбында сурет салу.
2. ҮІӘ «Бір уыс мақта» атты ертегісіндегі кішкентай қыз баланың әрекетін сипаттау.
3. «Ұқыпты бала – әдепті бала» ҮІӘ барысында топпен жұмысты орындау.
4. ҮІӘ барысында «Құмырсқаның қанағаты» ертегісіндегі құмырсқаның әрекетін бағалау тапсырмалары болды.

Балаларға берілген тапсырмалар әңгімелесу және бақылау әдістері арқылы жүзеге асты. Балалардың жауаптарына тоқталсақ: «Қарапайым адам» тақырыбында сурет салғанда, жан-жағы қымбат бағалы ойыншықтарға толы, бірақ «маған бұл ойыншықтар аз, тағы да керек» дегендей жүзі ашуланып, айналасына көзінің астымен қарап тұрған баланың суретін салса, «Бір уыс мақта» атты ертегісіндегі кішкентай қыз баланың әрекетін сипаттауда баланың

Buketov university

жауабы: қыз баланың да оның анасының да жасаған әркеттерін түсінбедім, мен болсам ол мақтаны суға ағызып жіберуші едім немесе қоқыс жәшігіне тастай салушы едім. Бір уыс мақтаны үнемдеу маған ештене бермейді деген қатаң жауап берді.

«Ұқыпты бала – әдепті бала» тақырыбы бойынша балаларға топтық жұмыс берілді:

I топқа: берілген жағымды және жағымсыз қасиеттерден ұқыпты балаға тән қасиеттерді табу: таза, білімді, сыпайы, ұқыпсыз, еңбекқор, жинақы, әдепті, сабырлы, табанды, қабілетті, өнерлі, іздегіш, салақ.

II топқа ұқыпсыздықтан арылу ережесін құру: жалқаулыққа бой алдырмау, ерте тұруға бейімделу, дөрекілік танытпау, тазалықты сақтауға әдеттену, білімді өнерді игеруге ұмтылу, бастаған ісін соңына дейін жеткізу, әр заттың өз орны бар.

Берілген тапсырманы орындауда топтар ұқыпты балаға тән қасиеттерді дұрыс таппай, ұқыпсыздықтан арылу ережелерін шатастырып, тапсырманы мүлдем орындамады. ҮІӨ «Құмырсқаның қанағаты» ертегісіндегі құмырсқаның және данышпанның әрекетін бағалау тапсырмасында: құмырсқа ертеңгі күнін ойлады бірақ ол мақсатты түрде емес, аш қалып қоймас үшін жасады. Данышпан ата босатты, мен болсам оны босатпас едім деген пікірлер білдірді.

Мазмұндық компонент диагностикаларының нәтижелері бойынша келесі нәтижелер алынды:

*№1 Әдістеме. И.Б. Дерманованың «Әңгімелесу» әдістемесі.* Балалардың адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін және пайда болуын және белгілердің балалар бойында қалыптасу деңгейін диагностикалауға бағытталды. Балалар «адамгершілік», «ұқыпты», «қарапайым», «қанағатшылдық», «менмендік», «даңғойлық», «зұлым», «өтірікші» сияқты адамгершілік қасиеттердің мәнін түсінбей, жауап бере алмады. Бірақ «шыншыл», «жақсы», «жаман», «әділетті», «үнемшіл», «ысырапшыл» деген сөздерің мағынасын білді, бірақ ойлары шашыраңқы болды. «Қандай қасиет жақсы немесе қандай қасиет жаман» деген қарапайым сұрақтарға балалардың жауаптары, төменгі деңгейді көрсетті. Дөрекілік, ашкөздік, ұқыпсыз, ысырап, әділетсіз, өтірікші деген қасиеттерге теріс көзқарас байқалмады, балалар шатастырды. Баланың тәжірибесінен, оның нақты әрекеттерінен алынған мысалдар негізінде мейірімділік, өзара көмек, достық, ұқыптылық, қарапайымдылық, шыншылдық туралы идеялары дұрыс дамымаған.

*№2 Әдістеме. Л.Г. Матвеева және И.В. Выбойщиктің «Сюжетті суреттер» әдістемесі* балалардың (қанағат - тойымсыз, қарапайым - даңғой, еңбекқор - жалқау, үнемдеу - ысырап, шыншыл - өтірікші, ұқыпты - ұқыпсыз) адамгершілік құндылықтармен қаншалықты таныс екенін анықтау үшін өткізілді және балалардың эмоционалдық көңіл-күйлерін қалыптастыруға арналған. Әдістеменің нәтижесі бойынша балалар суреттерді дұрыс орналастырмады (бір жолда жағымды және жағымсыз қылықтар бейнеленген суреттерді қою көзделген болған), бала неге дұрыс орналастырмағанын дәлелдей алмады, эмоциялық реакциялар жеткіліксіз, яғни бала күлу, жымию, ашулану, ренжу

Buketov university

сияқты эмоцияларды байқатпады, жағымды қылықтардан жағымсыз қылықтарды ажырата алмады.

Мінез-құлықтық компоненті диагностикаларының нәтижелері бойынша келесі нәтижелер алынды:

*№1 Әдістеме. И.Б. Дермалованың «Ойыншықтарды бөлісу» әдістемесі.* Әдістеменің мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың басқа балаларға деген қарым-қатынасын, адамгершілік таңдау жағдаятында баланың мінез-құлқын, неліктен басқа баламен ойыншықты бөліскенін немесе неліктен басқа баламен ойыншықты бөліспей, барлық ойыншықты өзіне қалдырғанын зерттеу болып табылды. Әдістеменің нәтижесінде балалар ойыншықтарды өз пайдасына бөліп, өзіне көбірек қалдырды, берілген бес ойыншықтың өзіне үшеуін қалдырып, қалғандарына бір-бірден үлестерді, бұл жерде ол адамгершілік таңдауды дұрыс жасамады - бұл қарым-қатынас дағдыларының төмен деңгейін, бар затқа қанағаттанбайтынын көрсетті.

*№2 Әдістеме. Г. Якобсон мен Г.И. Мореваның «Адамгершілік мінез-құлықты зерттеу» әдістеменің* мақсаты балалардың әрекеттерінде, мінез-құлықтарында, өз бойларында адамгершілік мәдениет белгілерінің байқалуын анықтау болғандықтан осы әдістеменің көмегі жақсы тиді. Әдістеме жағдаяттар көмегімен жүзеге асты. Нәтижесі мынадай болды, бұл ЗТ балаларының жауаптары төменгі деңгейді көрсетті: мінез-құлығының икемсіздігі, қарым-қатынас іскерлігінің болмауы, басқа балалардың көңіл-күйі болмаған жағдайда, одан сайын оның көңіл-күйін түсіру, шығармашылық тұрғыдан жағдаятты шеше алмауы, ойыншықтарды бөлуде әділетсіздігі, жағдаяттарды шешуде белсенді болмады, себебі оның мәнін мүлдем түсінбеді.

*№3 Әдістеме. И.Б. Дермалованың «Бірге жасаймыз» әдістемесі.* Аталмыш әдістеме барысында балаларды 3 бағыт бойынша бақыладық:

1. Тұлғаның жағымды және жағымсыз адамгершілік бағыттары.
2. Баланың тіл табысқыштығы, қарым-қатынасы.
3. Ұсынылған әрекетке қызығушылығы.

Бақылау барысында ЭТ балаларының әрекеттері төменгі деңгейді көрсетті. Тұлғаның жағымсыз адамгершілік бағыты: серіктесінен фигураны тартып алды, ал фигураны өзінен алған жағдайда, теріс қылық танытты, мысалы, қолын итерді, фигураны бермеді және оны жауып тұрды, «Бермеймін!», «Менікі!» деп жекіді, серіктесінің мінез-құлқын түзетуге тырысты, оның әрекетін бағалады, (мысалы: «Жаса кәне!», «Дұрыс емес?»), бала «бірге» деген сөзді түсінбеді, тапсырманы орындауға тырысты, тек өзінің фигураларын қолданды, өзі ғана тапсырманы орындады. Баланың тіл табысқыштығы, қарым-қатынасы: серіктесімен сөйлеспеді, серіктесінің кеңесін тыңдамады, ұсынылған әрекетке қызығушылығы: ол өзі және серіктесімен бірге жасамады, яғни тапсырманы белсенді орындамады, серіктесінің жұмысын бақыламады, жұмыс бойынша кеңес бермеді.

Рефлексивті компонент диагностикаларының нәтижелері бойынша келесі нәтижелер алынды:

Buketov university

*№1 Әдістеме. «Бала айналасындағы адамдармен қарым-қатынаста қандай?» әдістемесі.*

Бұл әдістеме мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қарым-қатынас қасиеттерін эксперттік бағалауға арналған сауалнамадан тұрды. Баланың жеке тұлғааралық қарым-қатынас қасиеттері баланы жақсы білетін тәуелсіз ересектердің шағын тобымен анықталды. Нәтижесінде: «Иә», «әр кезде әр қалай» деген жауапты ата-анасы мен туыстары тарапынан алғанымен, тәрбиешілер «Білмеймін» деген жауапты жеткілікті алды. Ал «жоқ» деген жауап көп қолданылмады. Жауаптарңа сүйене отырып, сыпайылық, қарапайымдылық, жомарттық, қанағат деген сияқты қасиеттердің балада болмағанына, болса да байқалмайтынына көз жеткіздік.

*№2 Әдістеме. Р.С.Немовтың «Мен қандаймын» әдістемесі. Берілген* берілген А бағанындағы 10 жағымды және Б бағанындағы 10 жағымсыз адамгершілік мәдениет белгілердің қайсысы өз бойынан табылатынын таңдай отырып, баланың өзін-өзі бағалауын анықтау ұсынылды.

Барлық сұрақтарға «иә» жауаптарымен қатар, бала өзін «әрдайым тілалғыш», «әрқашан ұқыпты» деп мәлімдеді, бұл оның әрқашан өзіне-өзі сын көзбен қарайтынын, өзін-өзі бағалауының адекватты емес деп қорытындыласақ та, баланың жауабын ата-аналардың балаларының жеке қасиеттерін бағалауларымен де салыстыра отырып, осы нәтижені шығардық.

Бастапқы диагностика кезіндегі мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейлерінің нәтижелері (анықтаушы эксперимент, қыркүйек 2018 ж.) төмендегі 6-кестеде және 13-суретте берілген.

Жоғарыда берілген 6-кестеде және 13-суреттегі мәліметтерді талдау барысында, эксперименталды топтағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компонеттерде қалыптасуын сипаттасақ: мотивациялық-тұлғалық компонентте адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылық мүлдем танытпаған, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілігі жоқ 61 бала төменгі деңгейді – 53,5% көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылығы тұрақты емес, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік 38 балада айқын көрінбей орташа деңгейді – 33,3%-ды құрады, адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылығы тұрақты, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттелігі айқын көрінген 15 бала жоғары деңгейді – 13,2% көрсетті.

Ал, мазмұндық компонентте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін, олардың пайда болуын түсінбейтін 56 бала төменгі деңгейді – 49,1%-ды көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті білетін, пайда болуын аздап түсінетін 39 бала орташа деңгейді – 34,2%,

Кесте 6 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейлері (анықтаушы эксперимент)

Buketov university

| Компоненттер | Төменгі деңгей | | Орташа деңгей | | Жоғары деңгей | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ |
| | саны/% | саны/% | саны/% | саны/% | саны/% | саны/% |
| Мотивациялық | 63/53,4 | 61/53,5 | 39/33,0 | 38/33,3 | 16/13,6 | 15/13,2 |
| Мазмұндық | 61/51,7 | 56/49,1 | 40/33,9 | 39/34,2 | 17/14,4 | 19/16,7 |
| Мінез-құлықтық | 64/54,2 | 60/52,6 | 38/32,2 | 36/31,6 | 16/13,6 | 18/15,8 |
| Рефлексивті | 65/55,1 | 63/55,3 | 35/29,7 | 34/29,8 | 18/15,2 | 17/14,9 |
| Ескертулер:<br>1. БТ – Бақылау тобы<br>2. ЭТ – Эксперименталды тобы | | | | | | |




Сурет 13 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейі қыркүйек айының басында (анықтаушы эксперимент)

адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін, пайда болуын жүйелі білетін 19 бала жоғары деңгейді – 16,7%-ды көрсетті.

Мінез-құлықтық компонетте адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері мүлдем байқалмайтын 60 бала төменгі деңгейді – 52,6%, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері толық байқалмайтын 36 бала орташа деңгейді – 31,6%, ал адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері үнемі байқалатын 18 бала жоғары деңгейді – 15,8%-ды құрады.

Рефлексивті компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырыспайтын 63 бала төменгі деңгейді – 55,3%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынған 34 бала орташа деңгейді – 29,8%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысатын 17 бала жоғары деңгейді – 14,9%-ды көрсетті. Ал бақылау тобындағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің

Buketov university

компонеттерде қалыптасуын сипаттасақ: мотивациялық-тұлғалық компонентте адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылық мүлдем танытпаған, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілігі жоқ 63 бала төменгі деңгейді – 53,4% көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылығы тұрақты емес, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік 39 балада айқын көрінбей орташа деңгейді – 33,0%-ды құрады, адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылығы тұрақты, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттелігі айқын көрінген 16 бала жоғары деңгейді – 13,6% көрсетті.

Ал, мазмұндық компонентте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін, олардың пайда болуын түсінбейтін 61 бала төменгі деңгейді – 51,7%-ды көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті білетін, пайда болуын аздап түсінетін 40 бала орташа деңгейді – 33,9%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін, пайда болуын жүйелі білетін 17 бала жоғары деңгейді – 14,4%-ды көрсетті. Мінез-құлықтық компонетте адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері мүлдем байқалмайтын 64 бала төменгі деңгейді – 54,2%, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері толық байқалмайтын 38 бала орташа деңгейді – 32,2%, ал адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері үнемі байқалатын 16 бала жоғары деңгейді – 13,6%-ды құрады.

Рефлексивті компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырыспайтын 65 бала төменгі деңгейді – 55,1%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынған 35 бала орташа деңгейді – 29,7%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысатын 18 бала жоғары деңгейді – 15,2%-ды көрсетті.

Кесте 7 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейлері бойынша нәтижелердің орташа көрсеткіштері (анықтаушы эксперимент)

| Топтар | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|
| | төменгі, % | орташа, % | жоғары, % |
| Бақылау | 53,6 | 32,2 | 14,2 |
| Эксперименталды | 52,6 | 32,2 | 15,2 |

7 - кестеде, осылайша, эксперименталды және бақылау топтарындағы балаларда адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу

Buketov university

деңгейлері бойынша анықтаушы эксперимент нәтижелерінің орташа көрсеткіші және 14-суретте көрсетілген.




Сурет 14 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейлері бойынша нәтижелердің орташа көрсеткіштері (анықтаушы экспермент)

Анықтаушы эксперименттің нәтижесі ЭТ және БТ балаларда адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейінің төмен екендігін көрсетті, балалардың болмашы бөлігінде ғана жоғары, орташа деңгейлер дәлелденді. Бұл өз кезегінде балаларда адамгершілік мәдениет негіздерінің мақсатқа сай қалыптаспағандығын куәлендіреді.

Зерттеудің келесі кезеңі қалыптастыру экспериментінде жүргізілді. Бұл кезең педагогикалық жүйе мен технологияны жүзеге асыру мақсатын көздеді және кейін мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің қалыптасуына алғашқы мониторинг жүргізіліп, тексерілді.

Төмендегі 8-кестеде және 15-суретте өткізілген №1 аралық кесіндінің нәтижелері (қараша, 2018 ж.) берілген.

8-кестеде және 15-суретте көрсетілген мәліметтерді талдау барысында, эксперименталды тобтағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компонеттерде қалыптасуын сипаттасақ: мотивациялық-тұлғалық компонентте адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылық мүлдем танытпаған 52 бала төменгі деңгейді - 45,6% көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік 42 балада айқын көрінбей орташа деңгейді - 36,8%-ды құрады, адамгершілік мәдениет белгілеріне деген қызығушылығы мен қанағаттанушылығы тұрақты 20 бала жоғары деңгейді - 17,6% көрсетті.

Ал, мазмұндық компонентте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін түсінбейтін 51 бала төменгі деңгейді - 44,7%-ды көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті білетін 42 бала орташа деңгейді - 36,8%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жүйелі білетін 21 бала жоғары деңгейді - 18,5%-ды көрсетті. Мінез-құлықтық компонетте адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайтын 54 бала төменгі деңгейді - 47,4%, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайтын 41 бала орташа

Buketov University

деңгейді – 36,0%, ал адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайтын 19 бала жоғары деңгейді - 16,6%-ды құрады.

Кесте 8 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейі (№1 аралық кесінді)

| Компоненттер | Төменгі деңгей | | Орташа деңгей | | Жоғары деңгей | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ |
| | саны/% | саны/% | саны/% | саны/% | саны/% | саны/% |
| Мотивациялық-тұлғалық | 58/49,2 | 52/45,6 | 41/34,7 | 42/36,8 | 19/16,1 | 20/17,6 |
| Мазмұндық | 57/48,3 | 51/44,7 | 43/36,4 | 42/36,8 | 18/15,3 | 21/18,5 |
| Мінез-құлықтық | 61/51,7 | 54/47,4 | 40/33,9 | 41/36,0 | 17/14,4 | 19/16,6 |
| Рефлексивті | 62/52,5 | 55/48,2 | 37/31,4 | 38/33,3 | 19/16,1 | 21/18,5 |




Сурет 15 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейі (№1 аралық кесінді)

Рефлексивті компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырыспайтын 55 бала төменгі деңгейді - 48,2%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынған 38 бала орташа деңгейді - 33,3%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысатын 21 бала жоғары деңгейді - 18,5%-ды көрсетті. Ал бақылау тобындағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің

компонеттерде қалыптасуын сипаттасақ: мотивациялық-тұлғалық компонентте адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылық мүлдем танытпаған 58 бала төменгі деңгейді - 49,2%, адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік айқын көрінбеген 41 бала орташа деңгейді - 34,7%, адамгершілік мәдениет белгілеріне деген қызығушылығы мен қанағаттанушылығы тұрақты 19 бала жоғары деңгейді - 16,1%-ды көрсетті. Мазмұндық компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін түсінбейтін 57 бала төменгі деңгейді - 48,3%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті білетін 43 бала орташа деңгейді - 36,4%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жүйелі білетін 18 бала жоғары деңгейді - 15,3%-ды көрсетті. Мінез-құлықтық компонентте адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайтын 61 бала төменгі деңгейді – 51,7%, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайтын 40 бала орташа деңгейді -33,9%, ал адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайтын 17 бала жоғары деңгейді – 14,4%-ды құрады. Рефлексивті компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырыспайтын 62 бала төменгі деңгейді – 52,5%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынған 37 бала орташа деңгейді – 31,4%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысатын 19 бала жоғары деңгейді – 16,1%-ды көрсетті.

Көріп тұрғанымыздай ЭТ және БТ балаларының көрсеткіштерін салыстырғанда ЭТ тобы балаларының адамгершілік мәдениет негіздері барлық компоненттерде нәтижелері оң үдеріске ие: 3,9%-ға төмендеді, орташа деңгейде 1,6%-ға көтерілді, жоғары деңгейде қалыптасуы 2,3%-ға жоғарылады. Оны төмендегі 9-кесте және 16-суреттен көруге болады.

Кесте 9 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейлерінің орташа көрсеткіші (№1 аралық кесінді)

| Топтар | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|
| | төменгі, % | орташа, % | жоғары, % |
| Бақылау | 50,4 | 34,1 | 15,5 |
| Эксперименталды | 46,5 | 35,7 | 17,8 |

Келесі мониторинг педагогикалық жүйе мен технологияға сәйкес 2019 жылдың қаңтар айында жүргізілді. Нәтижесі төмендегі 10-кесте және 17-сурет берілген.

Buketov university




Сурет 16 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейлерінің орташа көрсеткіші (№1 аралық кесінді)

Кесте 10 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейі (№2 аралық кесінді)

| Компоненттер | Төменгі деңгей | | Орташа деңгей | | Жоғары деңгей | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ |
| | саны/% | саны/% | саны/% | саны/% | саны /% | саны /% |
| Мотивациялық-тұлғалық | 55/46,6 | 41/36,0 | 43/36,4 | 49/43,0 | 20/17,0 | 24/21,0 |
| Мазмұндық | 54/45,8 | 36/31,6 | 45/38,1 | 51/44,7 | 19/16,1 | 27/23,7 |
| Мінез-құлықтық | 58/49,2 | 41/36,0 | 40/33,9 | 49/43,0 | 20/16,9 | 24/21,0 |
| Рефлексивті | 58/49,2 | 43/37,7 | 39/33,1 | 46/40,4 | 21/17,7 | 25/21,9 |




Сурет 17 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейі (№2 аралық кесінді)

Buketov university

Жоғарыда берілген 10-кесте және 17-суретте көрсетілген мәліметтерді талдау барысында, эксперименталды топтағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компонеттерде қалыптасуын сипаттасақ: мотивациялық-тұлғалық компонентте адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылық мүлдем танытпаған 41 бала төменгі деңгейді – 36,0% көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік 49 балада айқын көрінбей орташа деңгейді – 43,0%-ды құрады, адамгершілік мәдениет белгілеріне деген қызығушылығы мен қанағаттанушылығы тұрақты 24 бала жоғары деңгейді – 21,0% көрсетті.

Ал, мазмұндық компонентте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін түсінбейтін 36 бала төменгі деңгейді – 31,6%-ды көрсетті, орташа деңгейде адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті білетін 51 бала – 44,7%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жүйелі білетін 27 бала жоғары деңгейді – 23,7%-ды көрсетті. Мінез-құлықтық компонетте адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайтын 41 бала төменгі деңгейді – 36,0%, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайтын 49 бала орташа деңгейді - 43,0%, ал адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайтын 24 бала жоғары деңгейді – 21,0%-ды құрады.

Рефлексивті компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырыспайтын 43 бала төменгі деңгейді – 37,7%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынған 46 бала орташа деңгейді – 40,4%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысатын 25 бала жоғары деңгейді – 21,9%-ды көрсетті. Ал бақылау тобындағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компонеттерде қалыптасуын сипаттасақ: мотивациялық-тұлғалық компонентте адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылық мүлдем танытпаған 55 бала төменгі деңгейді – 46,6%, адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік айқын көрінбеген 43 бала орташа деңгейді – 36,4%, адамгершілік мәдениет белгілеріне деген қызығушылығы мен қанағаттанушылығы тұрақты 20 бала жоғары деңгейді – 17,0%-ды көрсетті. Мазмұндық компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін түсінбейтін 54 бала – 45,8%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті білетін 45 бала орташа деңгейді – 38,1%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жүйнлі білетін 19 бала жоғары деңгейді – 16,1%-ды көрсетті. Мінез-құлықтық компонентте адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайтын 58 бала төменгі деңгейді – 49,2%, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайтын 40 бала орташа деңгейді - 33,9%, ал адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайтын 20 бала жоғары деңгейді – 16,9%-ды құрады. Рефлексивті компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге

Buketov university

тырыспайтын 58 бала төменгі деңгейді – 49,2%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынған 39 бала орташа деңгейді – 33,1%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысатын 21 бала жоғары деңгейді – 17,7%-ды көрсетті.

Көріп тұрғанымыздай ЭТ және БТ балаларының көрсеткіштерін салыстырғанда ЭТ тобы балаларының адамгершілік мәдениет негіздері барлық компоненттерде нәтижелері оң үдеріске ие: 12,4%-ға төмендеді, орташа деңгейде 7,4%-ға көтерілді, жоғары деңгейде қалыптасуы 5%-ға жоғарылады. Оны төмендегі 11-кестеде және 18-суреттен көруге болады.

Бұдан соң, 2019 жылдың наурыз айында №3 аралық кесінді өткізілді. Оның нәтижелері төмендегі 12-кестеде және 19-суретте берілген.
Жоғарыда берілген 12-кесте пен 33-сурет көрсетілген мәліметтерді талдау барысында, эксперименталды топтағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің мотивациялық-тұлғалық компоненте қалыптасуы: адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылық мүлдем танытпаған 26 бала төменгі деңгейді - 22,8% көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік 58 балада айқын көрінбей орташа деңгейді – 50,9%-ды құрады, адамгершілік мәдениет белгілеріне деген қызығушылығы мен қанағаттанушылығы тұрақты 30 бала жоғары деңгейді – 26,3% көрсетті.

Ал, мазмұндық компоненте қалыптасуы: адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін түсінбейтін 21 бала төменгі деңгейді – 18,4%-ды көрсетті, орташа деңгейде адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті білетін 60 бала – 52,6%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жүйелі білетін 33 бала жоғары деңгейді – 29,0%-ды көрсетті.

Мінез-құлықтық компонетте: адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайтын 22 бала төменгі деңгейді – 19,3%, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайтын 61 бала орташа деңгейді – 53,5%, ал адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайтын 31 бала жоғары деңгейді – 27,2%-ды құрады.

Buketov university

Кесте 11 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін компоненттерде қалыптасу деңгейлері бойынша нәтижелердің орташа көрсеткіші (№2 аралық кесінді)

| Топтар | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|
| | төменгі, % | орташа, % | жоғары, % |
| Бақылау | 47,7 | 35,4 | 16,9 |
| Эксперименталды | 35,3 | 42,8 | 21,9 |




Сурет 18 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейлері бойынша нәтижелердің орташа көрсеткіші (№2 аралық кесінді)

Кесте 12 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейі (№3 аралық кесінді)

| Компоненттер | Төменгі деңгей | | Орташа деңгей | | Жоғары деңгей | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | БТ саны, % | ЭТ саны, % | БТ саны, % | ЭТ саны, % | БТ саны, % | ЭТ саны, % |
| Мотивациялық-тұлғалық | 49/41,5 | 26/22,8 | 47/39,8 | 58/50,9 | 22/18,7 | 30/26,3 |
| Мазмұндық | 51/43,2 | 21/18,4 | 47/39,8 | 60/52,6 | 20/17,0 | 33/29,0 |
| Мінез-құлықтық | 55/46,6 | 22/19,3 | 42/35,6 | 61/53,5 | 21/17,8 | 31/27,2 |
| Рефлексивті | 55/46,6 | 28/24,6 | 41/34,7 | 55/48,2 | 22/18,7 | 31/27,2 |

Buketov university




Сурет 19 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейі (№3 аралық кесінді)

Рефлексивті компонетте қалыптасуы: адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырыспайтын 28 бала төменгі деңгейді – 24,6%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынған 55 бала орташа деңгейді – 48,2%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысатын 31 бала жоғары деңгейді – 27,2%-ды көрсетті. Ал бақылау тобындағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компонеттерде қалыптасуын сипаттасақ: мотивациялық-тұлғалық компонентте адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылық мүлдем танытпаған 49 бала төменгі деңгейді – 41,5%, адамгершілік мәдениет белгілері арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік айқын көрінбеген 47 бала орташа деңгейді – 39,8%, адамгершілік мәдениет белгілеріне деген қызығушылығы мен қанағаттанушылығы тұрақты 22 бала жоғары деңгейді – 18,7%-ды көрсетті.

Мазмұндық компонетте қалыптасуының төменгі деңгейінде қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін түсінбейтін 51 бала – 43,2%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті білетін 47 бала орташа деңгейді – 39,8%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жүйелі білетін 20 бала жоғары деңгейді – 17,0%-ды көрсетті.

Мінез-құлықтық компонентте адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайтын 55 бала төменгі деңгейді – 46,6%, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайтын 42 бала орташа деңгейді – 35,6%, ал адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайтын 21 бала жоғары деңгейді – 17,8%-ды құрады.

Buketov university

Рефлексивті компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырыспайтын 55 бала төменгі деңгейді – 46,6%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынған 41 бала орташа деңгейді – 34,7%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысатын 22 бала жоғары деңгейді – 18,7%-ды көрсетті.

Көріп тұрғанымыздай ЭТ және БТ балаларының көрсеткіштерін салыстырғанда ЭТ тобы балаларының адамгершілік мәдениет негіздері барлық компоненттерде нәтижелері оң үдеріске ие: 23,2%-ға төмендеді, орташа деңгейде 13,8%-ға көтерілді, жоғары деңгейде қалыптасуы 9,4%-ға жоғарылады. Оны төмендегі 13-кесте және 20-суреттен көруге болады.

Кесте 13 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейлері бойынша нәтижелердің орташа көрсеткіштері (№3 аралық кесінді)

| Топтар | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|
| | төменгі, % | орташа, % | жоғары, % |
| Бақылау | 44,5 | 37,5 | 18,0 |
| Эксперименталды | 21,3 | 51,3 | 27,4 |




Сурет 20 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейлері бойынша нәтижелердің орташа көрсеткіштері (№3 аралық кесінді)

Педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін анықтау үшін ЭТ және БТ топтарында адамгершілік мәдениетін компоненттерде қалыптасу

Buketov university

деңгейлеріндегі өзгерістерді анықтау үшін бақылау эксперименті жүргізілді, (әдістемелер қайта жүргізілді), нәтижелері төмендегі 14-кестеде, 21-суретте берілген.

Кесте 14 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейі (бақылау эксперименті)

| Компоненттер | Төменгі деңгей | | Орташа деңгей | | Жоғары деңгей | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ |
| | саны/% | сан | саны | сан | саны | сан |
| Мотивациялық-тұлғалық | 46/38,9 | 11/9,6 | 49/41,5 | 66/57,9 | 23/19,6 | 37/32,5 |
| Мазмұндық | 44/37,3 | 12/10,5 | 50/42,4 | 65/57,0 | 24/20,3 | 37/32,5 |
| Мінез-құлықтық | 51/43,2 | 14/12,3 | 45/38,1 | 65/57,0 | 22/18,7 | 35/30,7 |
| Рефлексивті | 50/42,4 | 15/13,2 | 45/38,1 | 60/52,6 | 23/19,5 | 39/34,2 |

Жоғарыда берілген 14-кесте және 21-суреттегі мәліметтерді талдау барысында, эксперименталды топтағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компонеттерде қалыптасуын сипаттасақ: мотивациялық-тұлғалық компонентте адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылық мүлдем танытпаған, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілігі жоқ 11 бала төменгі деңгейді – 9,6% көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылығы тұрақты емес, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік 66 балада айқын көрінбей орташа деңгейді – 57,9%-ды құрады, адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылығы тұрақты, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттелігі айқын көрінген 37 бала жоғары деңгейді – 32,5% көрсетті.

Buketov University



Сурет 21 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейі (бақылау эксперименті)

Ал, мазмұндық компонентте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін, олардың пайда болуын түсінбейтін 12 бала төменгі деңгейді – 10,5%-ды көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті білетін, пайда болуын аздап түсінетін 65 бала орташа деңгейді – 57,0%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін, пайда болуын жүйелі білетін 37 бала жоғары деңгейді – 32,5%-ды көрсетті.

Мінез-құлықтық компонетте адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері мүлдем байқалмайтын 14 бала төменгі деңгейді – 12,3%, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері толық байқалмайтын 65 бала орташа деңгейді – 57,0%, ал адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері үнемі байқалатын 35 бала жоғары деңгейді – 30,7%-ды құрады.

Рефлексивті компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырыспайтын 15 бала төменгі деңгейді – 13,2%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынған 60 бала орташа деңгейді – 52,6%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысатын 39 бала жоғары деңгейді – 34,2%-ды көрсетті.

Ал бақылау тобындағы балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компонеттерде қалыптасуын сипаттасақ: мотивациялық-тұлғалық компонентте адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылық мүлдем танытпаған, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілігі жоқ 46 бала төменгі деңгейді – 38,9% көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылығы тұрақты емес, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттілік 49 балада айқын көрінбей орташа деңгейді – 41,5%-ды құрады, адамгершілік мәдениет белгілеріне қызығушылығы тұрақты, олар арқылы өзара әрекеттесуге қажеттелігі айқын көрінген 23 бала жоғары деңгейді – 19,6% көрсетті.

Мазмұндық компонентте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін, олардың пайда болуын түсінбейтін 44 бала төменгі деңгейді – 37,3%-ды көрсетті, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін жеткілікті білетін, пайда болуын аздап түсінетін 50 бала орташа деңгейді – 42,4%, адамгершілік мәдениет белгілерінің мәнін, пайда болуын жүйелі білетін 24 бала жоғары деңгейді – 20,3%-ды көрсетті.

Мінез-құлықтық компонетте адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мүлдем мойындамайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері мүлдем байқалмайтын 51 бала төменгі деңгейді

Buketov university

– 43,2%, адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын толық мойындамайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері толық байқалмайтын 45 бала орташа деңгейді – 38,1%, ал адамгершілік мәдениет белгілерінің өз бойында байқалуын мойындайтын, әрекеттері мен мінез-құлықтарында адамгершілік мәдениет белгілері үнемі байқалатын 22 бала жоғары деңгейді – 18,7%-ды құрады.

Рефлексивті компонетте қалыптасуы адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырыспайтын 50 бала төменгі деңгейді – 42,4%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана мойынсынған 45 бала

орташа деңгейді – 38,1%, адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысатын 23 бала жоғары деңгейді – 19,5%-ды көрсетті.

15-кестеде және 22-суретте, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компонеттерде қалыптасу деңгейлері бойынша бақылау экспериментінің сандық нәтижесінің орташа көрсеткіші берілген.

Кесте 15 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компонеттерде қалыптасу деңгейінің орташа көрсеткіштері (бақылау эксперименті)

| Топтар | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|
| | төменгі, % | орташа, % | жоғары, % |
| Бақылау | 40,5 | 40,0 | 19,5 |
| Эксперименталды | 11,4 | 56,1 | 32,5 |




Сурет 22 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейінің орташа көрсеткіштері (бақылау эксперименті)

Бұл эксперименталды тобындағы мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс үдерісінде қабылданған дәлелдемелермен, зерттелетін мәдениетін түрін

Buketov university

қалыптастыруда біз өңдеген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін сеніммен дәлелдейді.

Ендігі кезекте біз, эксперименталды және бақылау топтарының анықтау және бақылау эксперименттері барысында алынған нәтижелерін салыстырмалы түрде төмендегі 23, 24-суреттерде көрсеттік.

Салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша эксперименталды тобының балаларында адамгершілік мәдениет негіздерінің компоненттерде қалыптасу деңгейі оң динамиканы көрсетті.

Эксперимент нәтижелерінің дұрыстығын растауда, соңғы қорытындыларды тұжырымдауда біз құбылыстар арасында қандай да бір байланыс бар ма, жоқ па екенін анықтадық. Құбылыстар арасындағы байланыс функционалдық тәуелділік немесе корреляциялық қатынас болуы мүмкін. Ол үшін К.Пирсонның сызықтық корреляциясы қолданылды [239].

Сызықтық корреляцияны есептеу төмендегі (3) формула бойынша жүргізілді:

$$r_{xy} = \frac{\sum(x_i - M_x)(y_i - M_y)}{(n-1)\sigma_x \sigma_y} \qquad (3)$$

мұнда *x, y* – зерттелетін белгілердің мәні;




Сурет 23 – Компоненттер бойынша эксперименталды тобындағы анықтау және бақылау эксперименттерінің салыстырмалы нәтижелері

Buketov university




Сурет 24 – Компоненттер бойынша бақылау тобындағы анықтау және бақылау эксперименттерінің салыстырмалы нәтижелері

$M_x, M_y$ – зерттелетін белгілердің орташа мәні;

$\sigma_x, \sigma_y$ – қалыпты ауытқулар;

$n$ – бақылаулар саны;

Корреляция коэффициентін төмендегі (4) формула бойынша шығаруға болады:

$$r = \frac{\sum (x_i - \overline{x}) \cdot (y_i - \overline{y})}{\sqrt{\left[\sum (x_i - \overline{x})^2\right]\left[\sum (y_i - \overline{y})^2\right]}} \qquad (4)$$

Берілгендерді талдау, біздің жағдайда корреляция коэффициенті 0,85-тен 0,91-ге дейінгі аралықта жатыр.

Бұл адамгершілік мәдениет компоненттерінің қалыптасуы арасында өте сенімді байланыс бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді, ал біз өңдеген педагогикалық жүйе мен технология адамгершілік мәдениет белгілері жайында біліп қана қоймай, сонымен қатар олардың байқалу тәсілдерін, амалдарын меңгеруге, мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлық, рефлексивті компоненттерде олардың байқалуына саналы баға беруге мүмкіндік беретін бала тұлғасының белсенді позициясын қалыптастыруға көмектесті.

Төмендегі 16-кесте және 25-сурет мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін компонеттерде қалыптастыруда тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің жиынтық кестесі (пайыздық) берілген.

Кесте 16 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің жиынтық кестесі (пайыздық)

| Топтар | Төменгі | Орташа деңгей | Жоғары деңгей |
|---|---|---|---|

Buketov university

| | деңгей | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | АЭ | | БЭ | АЭ | | БЭ | | АЭ | | БЭ | |
| | саны /% | | саны /% | саны /% | | саны /% | | саны /% | | саны /% | |
| Бақылау | 63 | 53,4 | 48 | 40,7 | 38 | 32,2 | 47 | 39,8 | 17 | 14,4 | 23,5 |
| Эксперименталды | 60 | 52,6 | 13 | 11,4 | 37 | 32,4 | 64 | 56,1 | 17 | 14,9 | 32,5 |




Сурет 25 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің жиынтық диаграммасы (пайыздық)

*Бақылау:*
*23-17=6*
*47-38=9*
*63-48=15*
6+9+15=30
30:3=10

Жоғары, орташа, төмен=олар 3

*Эксперименталды:*
*37-17=20*
*64-37=27*
*60-13=47*
20+27+47=94
94:3=31,3

Жоғары, орташа, төмен=олар 3

31,3-10=21,3%

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік

Buketov university

мәдениет негіздерін қалыптастыру үшін әзірленген педагогикалық жүйе мен технологияның дұрыстығы мен келешегін растады, өйткені экспериментталды топта зерттелетін мәдениет түрінің қалыптасу деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда 21,3%-ға өсті, сонымен қатар болжамның дұрыстығы расталды.

Сонымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс аяқталғаннан кейін алынған нәтижелер біз өңдеген педагогикалық жүйе мен технология адамгершілік мәдениет белгілері жайында біліп қана қоймай, сонымен қатар олардың байқалу тәсілдерін, амалдарын игеруге, мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті компоненттерде олардың байқалуына саналы баға беруге мүмкіндік беретін бала тұлғасының белсенді позициясын қалыптастыруға көмектескенін және қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін сәтті қалыптастыруды қамтамасыз етеді деп айтуға негіз берді.

Жоғарыда айтылғандар келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

1. Эксперименталды тобының нәтижелері бақылау тобының нәтижелерімен салыстырғанда оң динамиканы көрсетті. Бұл Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін көрсетеді.

2. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері біз әзірлеген педагогикалық жүйе мен технологияның мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін сәтті қалыптастыруды қамтамасыз етеді, ол оның мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық және рефлексивті компоненттерінде көрінеді.

Buketov university

# ҚОРЫТЫНДЫ

Феномен ретінде адамгершілік мәдениеттің ұзақ тарихи тамыры бар. Ежелгі дәуірден бастап адамзат адамға берілген осы қасиетті түсінуге және оның рөлін, тұлғаның дамуы үшін маңыздылығын, бейбітшілік пен келісімді сақтау мақсатында тұлғааралық қарым-қатынасты дамытуды анықтауға тырысты.

Барлық ғылым салаларының ғалымдары адамгершілік мәдениетті зерттеуге жүгінеді себебі ол адамның жеке басының сапалық сипаттамалары ретінде сол өзектілікке байланысты анықталады, ал адам – зерттеу нысаны ретінде кез-келген ғылымның өзегі болып табылады және ол қоғамдағы қызметтің барлық салаларына қатысады.

Адамгершілік мәдениет феноменін зерттеудің маңыздылығы бүгінгі күні ерекше өзекті, осыған байланысты, қазіргі қоғам – бұл жаһандану қоғамы. Бұл жағдайда адамгершілік мәдениеттің рөлі - жалпыадамзаттық құндылықтар принциптері негізінде барлық адамдардың еркін дамуына ықпал ету.

Алайда, адамгершілік мәдениеттің даму теорияларының заманауи үдерістерін талдау, қазіргі әлемдік және нақты мемлекеттік әлеуметтік-мәдени жағдаяттар Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайының болашаққа байланысты орталықтың біріне айналатынын көрсетеді. Тұрақты болашақтың шарттарының бірі болашақ ұрпақтың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру болып табылады, және бұл істі шешуде білім берудің маңызы зор. Біздің еліміздің болашағы, өркениеттің болашағы білімге байланысты. Басты назар мектеп жасына дейінгі балаларға аударылады, себебі олардың психологиялық сипаттамалары мақсатқа бағытталған педагогикалық әсердің негізі ретінде Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруды көздейді.

Біздің зерттеуіміз ғылыми тұрғыдан Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың қажеттілігін негіздеп қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыру үшін ғылыми-теориялық өңдеулерді ұсынуға мүмкіндік берді. Алғаш рет өңделген Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясы, біздің көзқарасымызша, педагогтерге де, ата-аналар мен балаларға әсері жағынан құнды болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің барлық компоненттеріне қалыптастырушы әсер нәтижесінде біздің қойған мақсатымыз: Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында олардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру.

Қорытындылай келе, бар ғылыми тәжірибені теориялық талдау нәтижесі, өзіміздің теориялық ұстанымдарымыз бойынша, Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясын сынақтан өткізудің тәжірибелік-эксперименттік жұмысы төмендегідей *қорытынды* жасауға әкелді:

Buketov university

1. Қазіргі қазақстан қоғамы әлемдік интеграциялық үдерістерге ұмтылуымен сипатталады, соның салдарынан жаңғыру ел дамуының негізгі үдерістерінің біріне айналады. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениеттің маңызды белгілері ретінде: қарапайымдылық, өзінің және қоғам мүлкіне ұқыпты қарым-қатынасы, үнемшілдік, қанағатшылдық танытып, жеке қабілеттерін барынша пайдалану.

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісі мектеп жасына дейінгі сезімталдықпен бірге, атап айтқанда: дамудың әлеуметтік жағдаяты; әрекеттің жетекші түрі; заңды қатынастарды, бастапқы этикалық нормалардың пайда болуын, мотивтерге бағынуды, ерікті мінез-құлық пен жеке сананың дамуын көру қажеттілігі қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың қолайлы платформасы болып табылады.

2. «Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігіне берген анықтамамыз - бұл мәдениеттің осы түрінің белгілері жайында біліп қана қоймай, сонымен қатар олардың пайда болу әдістері мен тәсілдерін игеруге, мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті компоненттерде байқалуына, оларға саналы баға беруге мүмкіндік беретін бала тұлғасының белсенді позициясы. Балаларда адамгершілік мәдениетті қалыптастыру деп біз мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру үдерісінде мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті компоненттеріне педагогикалық әсері деп түсінеміз, нәтижесі ретінде қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында адамгершілік мәдениет негіздері қалыптасқан балалар тұлғасы болып табылады.

3. Қоғам қажеттіліктері және олардан туындайтын мақсаттар, яғни қоғамның алға қойған мақсаттары педагогикалық жүйенің мақсатына айналды. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда өңделген педагогикалық жүйенің құндылығы қоғамның да, білім берудің де сұраныстарын оңтайлы жүзеге асырумен байланысты. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың өңделген педагогикалық жүйесі теориялық негіздемеге ие, өйткені ол әдіснамалық тұғырлардан (жүйелілік, мәденилік, мәдени-тарихи, ақпараттық) және принциптерден (мәденилік, гуманизм, сана мен әрекет бірлігі, даму принципі) тұрады.

Теориялық талдау және практикалық тәжірибе бізге қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік берді:

– мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетке құндылықты-мағыналық қатынасы;

– тәрбиелеу-білім беру үдерісінің ақпараттық-технологиялық кешені;

Buketov university

– адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үдерісінде тәрбие мен оқытудың түрлі формалары мен әдістерін қолдана отырып тәрбиешінің, ата-ананың, балалардың біріккен іс-әрекетін ұйымдастыру.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі компоненттер жиынтығын: мақсаттық - педагогикалық жүйенің мақсаты; мазмұндық - мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың ынталандыру, қалыптастыру, түзету кезеңдері; процессуалдық - педагог пен балалар әрекеттерінің мазмұны, қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру технологиясын жүзеге асыру; тәрбиелеу-білім беру үдерісінің түрлі формаларында оқыту мен тәрбиенің әдістері мен құралдары; бақылау-бағалау - мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасу деңгейлерін мониторингілеу; нәтижелік - адамгершілік мәдениеттің және оның деңгейлерде қалыптасқандығы.

4. Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда технологияның мәні алдын-ала жоспарланған нәтижесі бар педагогтардың, ата-аналардың, балалардың іс-әрекеттерін бағдарлауда жүзеге асырылатын оқыту мен тәрбиелеудің формаларын, әдістерін, құралдарын ұйымдастыруда әрекеттердің жобаланған жүйесі. Адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясының негізгі түпкі ойы мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивті компоненттерде қалыптасуы, принциптерді, педагогикалық шарттарды, қызметтерді: конструктивті, ұйымдастырушылық, аналитикалық және түзету жүзеге асыруға негізделді.

